

Әбдісәттар ЖҮНІС

12016
3067к

ҰСТАЗ
ҮНІ

ӘБДИСАТТАР ЖҮНІС



ҰСТАЗ ҮНІ



ой-толғамдар


ХАНТӘҚІРІ
баспасы

Алматы
2016

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5 Қаз)-5
Ж 88

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Ж 88 ЖҮНІС ӘБДІСАТТАР.
ҰСТАЗ ҮНІ. Ой-толғамдар/Жүніс Әбдісаттар.
– Алматы. «Хантәңірі» баспасы, 2016. – 190 б.

ISBN 978-601-03-0397-3

Қаламгер Әбдісаттар Жүніс – өзінің саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнап келе жатқан ұстаз. Сонымен бірге автор қолына қалам ұстап салмақты да ойлы мақалалар, сырлы да нәзік лирикалық өлеңдер жазып келеді. Бұл кітапқа оның көп уақыттан бері тірнектеп жинаған ұлылардың ұлағатты ойлары, қанатты сөздері, төрттағандары, ыстық-суығы мол ұстаздық қызметтің қыр-сырлары жөніндегі толғаныстары еніп отыр.

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-03-0397-3

© Жүніс Ә., 2016
© “Хантәңірі” баспасы, 2016

I тарау

**АЯУЛЫ МЕКЕН –
АРЫСЫМ**

КӨҢІЛ ҚЫМБАТ

Күлімсіреп сілкін көңілім, жабықпай,
Шыда көніп ауырлыққа талықпай.

М.Дулатов

Өмір – өзен, өмір – аққан су, өмір – керуен. Сол пәни өткінші өмірдің қымбат екенін бәріміз білеміз. Әйтсе де бәрінен де адамдық көңілдің қымбат екенін тіршілікте біле бермейтініміз, білсек те жете мән бере бермейтініміз анық. Өмір бар жерде көңіл бірде тасиды, бірде жасиды, ол да өмірдің заңдылығы. Адам өмірі бірде қуаныштан, бірде реніш, бірде шат, бірде мұңлы күндерімен алмасып отырады. Соның барлығы да бір – ақ нәрседен басталады – ол, адами көңіл. «Адамның көңілі бір атым насыбайдан» – деп атам қазақ дәл тауып айтқан ғой. Ендеше сол ақ көңілдерге кірбің түспегеніне не жетсін.

Күнделікті күйбең тірлікте тіршіліктің қамымен жүрген жандардың көңілдері қатулыдай, мына сапырылысқан дөңгелек дүниенің тұңғиық ой тереңінен шыға алмаған мұңлы көңілдер – жадыраңқы жаздай көңіл-күйлерге қарағанда басымдау болып бара жатқандай. Ағын судай өтіп жатқан өмір көші де алды-артынды зерделеуге мүмкіндік берер емес.

Рас өмір қатал, оның біртұтас түзу даңғыл жолдан

тұрмайтыны бәсенеден белгілі. Дегенмен, басқа тіршілік иелерінен тек қана санасының артықшылығымен ғана адам-тұлға ғой. Олай болса адамшылықтың, адамгершіліктің қайнар бұлағы да, өмір сүріп отырған қоғамымыздың беріктігі де, адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласы мен бауырластығы да, бір-ақ нәрсеге байланысты екенін мойындауымыз керек. Ол – адамдық көңіл.

Ежелден бауырмал, көңілі ақ, қонағына қорасындағы жалғыз қарасын сойып беретін, дастарханы аққа мол, досқа адал, жері қандай кең болса, пейілі де сондай кең, еңбекқор да төзімді «қазақ» – деген халықтың ұрпағы, жалғасы, болашағы екендігімізді мақтан тұтамыз. Алдына келгеннің көңілін жықпауға, шат көңіліне ортақтасуға, жабырқау көңілді көтеруге, жылағанды жұбатуға тәрбиелік мән берген ел екендігімізді ешқашан ұмытпауымыз керек. Қаралы үйге көңіл айтудың өзін астарлап, жетеге жеткізіп жүрекке дөп тигізіп жеткізуде басқа халықтардан ерекшеленетініміз тағы бар. Сондай жақсы да өнегелі қасиеттер бірте-бірте қалып бара жатқандай ма, қалай өзі? Мақұл, қоғам, өркениетке қарай бет бұруда, заманына қарай адам да өзгеріп жатыр делік. Ал атадан-балаға жалғасып келе жатқан ғажап дәстүрлеріміз, мінез-құлқымыз, қазақи болмысымыз неге өзгеруі тиіс.

Адам баласы тіршілігінде кіммен араласпайды, кіммен жақын сырласпайды. Солардың ішінде өзімен бірге туған бауырымен, егіздің сынарындай болып жүрген кешегі достар, болмашы пендешілік көңіл күйкісімен бірімен-бірі араласпай жат болып жатқандары үшін кімді кінәлайды? Жаратқанның өлшеп берген қысқа ғана ғұмырында бір-бірін ренжітіп, көрместей болатындай не көрінді. өмір бойғы бір-біріне жасаған сансыз игілікті жақсылықтарын ұмытып, кездескен бір-ақ білместік әрекеттері үшін өткенінің

барлығын тәрк ету неге керек екен. Кішісі үлкен деп, үлкені жасы кіші деп сабырлыққа келу, бірінші болып кешірім үшін қол созуға арланатын тәкәппарлыққа, сәлемдескенде қолының ұшын беретіндерге не дейміз.

Бүгінде бір-бірін танымайтын көршілер, қоңсылар пайда болғаны қашшан. Шақырмаса есігін ашпайтындай дәрежеге жеткендей болып қалғанымыз да рас.

Ауылы аралас, қойы қоралас қарға тамырлы қазақ емес пе едік. Осының бәрі де қазақи көңілге кірбін түсіретіні шындық.

Қайран Абай жасы 40-тан асқан шағында жазған «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» - өлеңінде (1886ж. жазған) нені меңзеді екен. Бір анығы ел ішіндегі жоғарыдағыдай сорақы сұмдықтарға ем іздегені ақиқат.

Абай – бұл жалғанда жалғыз ғана молшылық бар екенін, ол молшылық дегеніміз ақыл мен парасатты сана екенін айту арқылы пенденің адасқан тұсын көрсетіп, оң жолға түсуге жол ашып беріп отыр. Ол бүгінгі күнге дейін мәнін жоймай келеді, алдағы ұрпақтарға да керек дүние, ақыл-кеңес.

Тағы да Абайға жүгінсек:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.

Күншілдіксіз тату бол шын көңілден,

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Неткен көрегендік, ұлы ақынның ғибратты осы сөздері бүгінде, ертең де жадымызда болса ғой, шіркін! Адам баласы тәңіріміздің жаратылысында берген мына қас-қағымдық сәттік өмірде патша көңілді, таза көңілді былғамаса, жараламаса екен.

Көңілімізді көтеріп жүрейік, бір-бірімізге ыстық алақанымызды созайық, күншіл емес, көпшіл болайық, араз емес тату болайық, қиянатшыл емес рахымшыл болайық, қам көңіл емес, шат та ақ көңілді болайық. Біздің берекеміз де, ынтымағымыз да, саулығымыз да,

өміріміз де, айналып келгенде «көңіл» – деген бір-ақ сөздің қайнарынан басталатынын ұмытпайық.

Пайғамбарымыздың ходисінде «бір өзіңнен тура жол, шынайылық, арлы да ынсапты болуды және көңіл байлығын сұраймын», «нағыз байлық дүниенің ағыл-тегілі емес, нағыз байлық жан сарайының байлығы» - дейді

Отбасы мен туған-туыстар арасындағы, адамдар арасындағы қарым-қатынастың бауырмалдыққа, ынтымаққа, бірлікке, ақыр соңы елдікке жеткізетіні белгілі. Берекесі мен құты бар елдің іргесі де бекем болатыны баршамызға аян. Сөзімді өзімнің төмендегі шумағыммен аяқтайын:

Ол рас: өмір қымбат, күлкі қымбат
Өмірдің мәні қымбат, сәні қымбат
Бәрі де, бәрі өткінші болғаныменен
Адамға бәрінен де көңіл қымбат.

Шынында да көңілден қымбат не бар ағайын. Көңілдегі ауыр жүктерден арылып, ізгі қадамдарға, асыл армандарға қарай адымдайық.

Сіздер не дейсіздер көпшілік қауым!

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ БАСТАУЫ

Бүгінгідей алмағайып заманда әлемдегі державалардың арасындағы текетірестің шарықтау шегіне жетуі, әлемдегі экономикалық дағдарыстың барынша етек алуы, діни экстремистік топтардың лаңкестік әрекеттерінің өршуі ғаламдық дамуға әсер етпей қоймайды. Осындай дүниежүзілік геосаяси оқиғалардың бұрын-соңды болмаған бет алысына орай Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған әрбір Жолдауы мемлекеттігіміздің бұрынғыдан да бекем болуына, халқымыздың мызғымас ынтымақтастығына және әрбір Қазақстандықтың патриоттығына сенім ұялатып келеді.

Сондай-ақ Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекетті одан әрі дамытып, әлемнің көшбасшы елдерімен тең дәрежеде өмір сүретін болашақ ұрпаққа арналған бағдарлама болып табылады. Тәуелсіздігіміздің 25 жылындағы әрбір Жолдау келешегіміздің кемел жоспары болып келеді.

Елбасымыз өзінің кезекті бір Жолдауында; «Шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше біріктіретін ұғым» - деп айтқаны исі қазаққа қуанышпен қатар зор жауапкершілікті жүктеп отыр. Сондай – ақ онда; біз кімбіз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді» деген сауалдарға нақты жауап берілген.

Жастар арасында Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мемлекеттік идеологияның басты қағидасының бірі.

Патриотизмнің қайнар көзі – Отан. Ол біздің Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан, Қазақ елі, Ұлы дала елі. Қазақстандық патриотизм ұлттық мазмұн мен ұлттық бояудың болуымен ерекшеленеді.

Біздің ата – бабаларымызда патриоттық рух бұрыннан да болған. Осыншама ұланғайыр жерімізді бабаларымыз туған жерге деген биік рухының арқасында қорғап, бүгінгі ұрпаққа аманат етіп отыр. Ендігі кезекте, сол патриоттық рухты оята түсіп, асқақтата білу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Елбасымыздың өзі: «Ұрпақтар арасындағы сабақтастық болса ғана біз мәңгілік ел боламыз» - деген болатын.

Патриотизмнің бастау ұясы: еңбірінші, отбасынан, өз үйіңнен, өзің тұрып жатқан туған жеріңнен, оған деген шексіз сүйіспеншіліктен басталады. Олай болса, біз Арыстықтармыз. Біздің кіші Отанымыз – биыл қала болғанына 60 жыл толып отырған Арыс қаласы. Туып өскен қаламыз Арысқа деген сүйіспеншілік күнделікті тыныс-тіршілігімізден, қарапайым өмірімізден, күн сайынғы іс-әрекетімізден, әсіресе әрбір отбасының бала тәрбиесінен көрініс табуы тиіс. Өйткені біздің әрбіріміздің отбасымыз, шаңырағымыз кең байтақ Отанымыздың түп қазығы екенін естен шығармайық. Елдің ынтымағы да, берекесі де, балаларымыздың патриот азамат болып өсуі де, дәл осы отбасының беріктігінен басталатыны баршамызға аян.

Кезінде қазыналы қарияларымыз көкірек көзімен сонау ұзақтағыны шолып, өзінің айналасындағы бір қауым елді түгелдеп отырмайтын ба еді. Олар елдің, жердің өткен – кеткен тарихын қозғап, жастарға пәлсапалық әңгіме айтатын, адаматадан бастап шежірені тарқататын. Оған бүгінгі аға ұрпақ куә.

Осындайда өзім көзін көрген, сөзін естіген туған қаламыз Арыстың қазыналы қариялары, көзден кетседе көңілден кетпеген Пернебек Үсенбаев, Зәкір Рахымбаев, Бекайдар Мадалиев, Мұса Битөреев, Бекзат Қуатбеков, Байсейіт Танкеев, Әбдіуәлі Балғынбаев және өзімнің әкем Сағат Жүнісовтің елдің жайы, көптің қамы туралы айтқан пәтуәлі сөздері есіме түседі. Қазіргі арамызда жүрген Әуесхан Салықбаев, Боранбек Шүкірбеков, Артур Кудрин, Төлебай Ысқабаев, Байсейіт Дүйсебаев, Жұлдызхан Маханбетов, Оразхан Арыстанбаев т.б ақсақалдарымыз қаламыздың тірі тарихтары, мақтанышы, арқа сүйері, ақылшысы. Бұл кісілер кезінде қаланың өсіп – өркендеуіне қажырлы еңбегі сіңген, өзіндік ізі бар азаматтар.

Қаламыздың бүгінгі таңдағы әкімі Сейіт Мырзақұлұлы Ертайдың әкім болып келген сәтте айтқан сөзі: «Арыстың қала статусы бар, Арысты қазіргі заманның талабына сай қала кейпіне келтіру керек, өйткені қала деген аты бар» - деген еді. Сол сөзі арада 3 – 4 жылды салып іс–жүзіне асқаны арыстықтарға қуаныш сезімін ұялатады.

Бүгінде Арыс қаласы өзінің 60–жылдық мерекесін шын мәнінде қала мәртебесінде қарсы алуға дайын. Қала күннен күнге абаттанып, сәулеттеніп келеді, жасыл желекке орануда. Қаланың түнгі көрінісінің өзі көз тартуда. Әрине, оның барлығы да қыруар еңбектің арқасы. Қала әкімі С.Ертайдың бастамасымен Арыстықтардың патриоттық еңбегінің нәтижесі екені белгілі.

Иә, ғасырымыз ауысты, заманымыз да, қаламыз да өзгеруде. Адам да өзгереді. Ұлттығымызды ұлықтау, салт-дәстүрімізді дәріптеу, қаламыздағы әрбір істің қадірін білу, ата–ананы ардақтау, үлкенді үлкен деп силау, кішіні кіші деп құрметтеу әрбіріміз үшін қасиетті парызымыз. Бәрі де өтеді, бәрі де қалады. Менікі,

артында жақсы іс қалса, ол ұрпақтан ұрпаққа өнеге болып, ұрпақтар сабақтастығы үзілмей бір–біріне беріліп отырса деген тілек. Елді сақтайтын- қасиетті құндылықтарымыз бен ұлттық рухымыз. Өйткені бізді алға жетелейтін ұлттық сезім, ұлттық намыс.

«Бабадан өткен дәулет, баладан да өтеді, бабалар өсиеті жарық күндей маздап мәңгілікке жетеді» - деген. Жастарға, келешек ізімізді басатын ұрпаққа жақсы сөзімізді айтайық, бабалардан келе жатқан өнегемізді көрсетейік ағайын.

Жақында қала әкімі С.Ертайдың бастамасымен «Фолиант» баспасынан «Арыс» кітабы жарыққа шықты. Кітап ауқымды ғылыми негізде бүкіл Арыс өңірінің сонау тас дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы өсіп–өркендеу кезеңдерін қамтыған көлемді тарихи танымдық рухани дүние болып шыққан. Кітаптың тұсау кесерінде сөйлеген азаматтар «Бұл кітап әрбір Арыстың отбасының төрінде тұруға тиіс» - деген бағасын берді.

Енді «Арыс» тарихи–географиялық танымдық энциклопедиясын әзірлеу жұмыстарымен шығармашылық топ айналысуда, зерттеу жұмыстары жүргізуде. Ол алдағы уақытта қаламыздың 60–жылдық мерекесі қарсаңында дайын болады – деп жоспарлануда.

Мен Арыстың бір азаматы ретінде қала әкімінің күнделікті шаруашылық жұмыстарымен бірге рухани құндылықтарға мән беріп, болашақ ұрпақ қамын ойлағандығын көрегенділікке балаймын.

Біздің қазақта тектілік деген қасиетті сөз бар. Тектінің ісін істеу, тексіздік әрекетке бармау, оған жол бермеу үлкен зиялылықтың, парасаттылықтың белгісі. Олай болса, текті елдің жастарын тектілікке тәрбиелеуге өзіміз де жоғарғыдағы айтқандай істермен тектілік танытайық ағайын.

Қазақта «шүкіршілік» деген тағы да бір жақсы сөз бар. Құдайға шүкір дейік, еліміз тыныш, ынтымақ пен

бірлігіміз бар, елімізді әлем таниды. Еліміз қазіргідей қиын дағдарысты кезеңдерге қарамастан 30 дамыған мемлекеттің қатарына қосылу үшін жан- жақты дамып келеді. Жеткен жерімізге, көтерілген биігімізге шүкіршілік етейік. Алдағы болашақтан күтеріміз, үмітіміз мол. Сондықтан да, қазіргідей дағдарыс та өтеді де, кетеді бәріне қанағат етіп сабырлықпен, байсалдылықпен алдағы күндерге деген ниетіміз, үмітіміз, сеніміміз тура болсын.

Міне, еліміз тәуелсіздік алғанына да 25-ші жылға қадам басты. Тәуелсіздігімізді нығайту үшін әрбіріміз ел алдындағы жауапкершілігімізді жан-тәнімізбен сезінетін Отаншыл, ұлтшыл ұрпақты тәрбиелеуді ең өзекті іс деп қарауымыз керек.

БІЗДІҢ ӨЛКЕНІҢ ӨТКЕНІ

Арысым, ата қоныс жерің қымбат,
Сенде бар мақтанарлық сыр мен сымбат.
Көз салсам сағым тартқан тарихыңа,
Ержүрек өсіп -өнген талай ұрпақ.

– деп, кезінде ұлағатты ұстаз, Арыс қаласының құрметті азаматы, абыз ұстазымыз Пернебек Үсенбаев жырлағандай, әрбір адам баласына өзінің кіндік қаны тамған туып өскен жері – жер жаннаты. Мен тарихшы ретінде қаламыздың 60 жылдығына орай біздің өлкенің өткеніне қысқаша шолу жасауды жөн көрдім. Өйткені тарих үнемі зерттеуді, ізденуді қажет ететін шегі жоқ таусылмайтын дүние. Иә, біздің өлкенің тарихы бүкіл қазақ тарихының бір бұтағы ғана. Арыстықтардың көпшілігіне ұстаз болған, Пернебек ағайымыз айтқандай, сағым тартқан тарихына тағы бір сәт үңілейікші.

VII ғасырдан бастап мәдениетіміздің көзіндей болған Сығанақ, Сауран, Шауғар, Отырар және Тараз сынды ірі қалалардың Оңтүстікке шоғырлануының өзі халықтың мал шаруашылығымен бірге егіншіліктің де кеңінен пайдаланылғандығын байқатады. Сырдарияның сағасы Арыс өзенінің өн бойы жалпы шаруашылыққа қолайлы болып, халықтың тұрмыс тіршілігінің қайнар көзі болды. Арыс өзенін жағалай жатқан құмшауыт жазық даламыздың Отырар мен Шаш (қазіргі Ташкент) қаласының аралығында тіршілік еткен бабаларымыздың мекені осы Қабуыл жері. Біздің ата-бабаларымыз, бұл жерлерді осылай «Қабуыл жері» деп атаған.

XI ғасырда Испиджаб (Сайрам) және Тараздағы күміс теңгелердің шығарылуы – бүкіл Оңтүстік аймақтағы сауданың дамуының айғағы болса, ислам дінінің де біздің өлкеге дендеп ене бастауы осы кезең. Демек, біздің туған жеріміздің ата тарихы, ата-бабаларымыздың тыныс тіршілігі тікелей Арыс өзені мен Ортағасырлық қалалардың өніп-өркендеуіне байланысты болғандығын байқауға болады. Ал енді, одан беріде қазақ хандығының қалыптасып, оның күшеюіне орай Оңтүстік өңірдегі Мұхаммед Шайбани хан мен Қасым ханның арасындағы ұзақ тартыстың нәтижесінде Арыс жағалаулары да түгелімен Қасым ханның иелігіне өтіп, одан әрі оның үрім-бұтақтарының билігінде болды. Билік үшін тақ таластарымен ел іші мен хан билігі әлсіреп, тек қана Тәуке хан (1680 – 1718ж) тұсында ғана билік нығайып, ел де еңсесін көтерген тұс болды. Көп ұзамай Жоңғар шапқыншылығының тепкісінен кейін бүкіл қазақ жерімен бірге Кіші жүздің соның ала, Орта жүздің құрамында біздің алқап та патшалы Ресейдің құрамына өтуге мәжбүр болғанын зерттеуші ғалым тарихшыларымыз дәлелдей түседі. Біздің Арыс өңірінің өткені, қазақ тарихының ірілі – ұсақты оқиғаларымен сабақтастықта өрбіп отырғанын аңғаруға болады. Өйткені, Оңтүстік бүкіл ел тарихының бетбұрысты оқиғаларымен сипатталады. Бертін келе Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің бүкіл қазақ жерін қамтығаны тарихтан белгілі. Көтерілістің басты мақсаты қазақ жерлерін Ресей бодандығынан азат ету болса, ал Ресейге әлі де мойын бұра қоймаған Оңтүстік өлкелер Қоқан билігінің өктемдігінде болды. Сол кезеңде, әсіресе алым-салық пен зорлық-зомбылық Оңтүстіктегі қазақ шаруаларының қатты қарсылығын тудырды. Біздің Арыс өңірінде Қоқан-Хиуа хандарының езгісіне қарсы бас көтерген ағайынды Мұсабек пен Сапақ датқалар,

Жаманқара, Лепес және Мәдәлі батырлардың Қараспан төбе маңындағы 1858 жылы бас қосқан, олар басқарған ұлт азаттық күрестері жергілікті халықтың арасында аңызға айналды. Бұл қазақ тарихындағы 300 -ге тарта ұлт-азаттық күрестердің ішіндегі біздің Арыс өңіріндегі тарихи оқиғалардың бірегейі.

Патшалық Ресейдің өктемдік ықпалы күшейіп, 1868 жылы орыс әскерін басқарған полковник М.Черняев Қоқан ханы билеген біздің Оңтүстікті алып Түркістан генерал-губернаторлығына бағындырылды. Соның нәтижесінде бүкіл қазақ жері Ресейдің қол астында қалды. Ал Арыс өңірі болса Түркістан генерал – губернаторлығына қарасты Сырдария облысының Шымкент уезінің құрамында болды.

1900 – 1904 жылдардан бастап Орынбор – Ташкент шойын жолының біздің өңір арқылы өтуі алдымен Арыс өңірінің, одан кейін Арыс қаласының соңғы 100 жылдан астам уақыттағы өсу-өркендеуімен тікелей өрбіп отырады. Қиыр Шығыс пен алдыңғы Азияны жалғастырған б.ғ.д. III – ғасырдан XVI – ғасырға дейін Ұлы Жібек жолының орта тұсы осы біздің Оңтүстігіміз. Арыс өңірінің ұзына бойғы жағалауының шығысы мен батыс бөлігі сауда жолдарымен ерекшеленеді. Қазіргі біздің заманымыздағы күре жолдардың салалары Ұлы Жібек жолы өткен дала жолдарының негізінен бастау алады. Патша өкіметінің Қазақстанға темір жол салу туралы жобалары XIX ғасырдың 60 – 70 жылдары қолға алына бастады. Жол салу туралы Ресейлік ірі монополист кәсіпкерлердің ұсыныстары бойынша 1874 жылы Ресей жағрафиялық қоғамының Орынбордағы бөлімі комиссия құрды. Бірақ аталмыш комиссияның жұмысы аяқсыз қалды. Дегенмен, Ресейдің Орта Азиямен сауда-саттық қатынасының жылдар өткен сайын ұлғая түсуі патша өкіметін жол салу мәселесіне қайта оралуға мәжбүр етті. Әрине, бұл жол Ресей

монопалистерінің мүддесі үшін жасалып жатқан қадам екендігі сөзсіз.

Патша өкіметінің орыс шаруаларын жаппай қазақ жерлеріне көшіру саясаты барынша іске асырылып жатқан тұс, осы XX ғасырдың басында күшейе түсті. Нақ осы саясаттың кешегі Кеңестік кезеңде де жалғасқанын өткен тарихтан білеміз. Біздің Оңтүстік Қазақстанды кесіп өткен Орынбор - Ташкент теміржолының бойында 1900 жылы Арыс бекетінің іргесі қалануы бір жағынан жергілікті халық үшін де тиімді, пайдалы жағы болғанын атап өту ләзім. Осы жылдары, яғни 1905 – 1906 жылдары Арыста жергілікті әкімшілік орталығы құрылды. Ал транссібір теміржолының салынуы арқылы Арыс бекеті алдымен 1914 жылы Шымкентпен, одан әрі Жетісуға қарай жалғасын тапты. 1914 жылы Арыс – 2 вокзалының құрылыс кешендері толығымен аяқталды. Сонымен Арыс Орта Азия мен Ресейді жалғайтын, Батыс пен Шығысты жалғастыратын үш бағытқа тарайтын ірі жол торабына айналды. Арыстың тоғыз жолдың торабына айналғаны кешегі Кеңестік кезеңде біздің қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсері болғаны белгілі. Қазіргі кезеңде де «Теміржолшылар қаласы» мәртебесін сақтап келеді. Қаншама жергілікті азаматтар осы теміржолда еңбек етіп елге танылды. Атадан балаға жалғасқан теміржолшылар династиялары қалыптасты.

«Бүгін – өткеннің нәтижесі әрі болашақтың бастамасы» - деген екен Виссарион Белинский. Шындығында да біздің туған өңіріміздегі тарихи оқиғалардың қилықилы өткелі бүгінгі күнімізге жетудің баспалдағы болды. Бүгінгі Арыс қаласы теміржолымен бірге өндірісі, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлігі дамыған аймаққа айналған шаһар дәрежесіне жетіп отыр. Бұл, ең алдымен тәуелсіздігіміздің жемісі, Арыс халқының өзінің құтты мекеніне деген құрметінің жемісі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Әрбір адамның өміріндегі ең қымбатты – елі, жері, Отаны. Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік» - деген сөзі туған жерін сүйген адамның, перзенттің есінде сақталып тұру парызы. Міне, тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен қаламыздың 60 жылдық мерекесі қарсаңында ел тарихына, Арыс өңірінің өткеніне бір шолу жасап, артымызға, өткен жолымызға бір қарап алып, алға қарай сенімді қадам басу – әрбіріміздің қасиетті борышымыз екенін естен шығармайық.

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДАҒЫ МЕНЕДЖЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ РӨЛІ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 10 шілде (2012ж) Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам «білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды» дейді. Олар:

- білім беру мекемелерін оңтайландыру;
- оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту;
- білім беру қызметкерлерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру.

Білім беру жүйесіне Қазақстан тұрғындарының үштен бір бөлігіндейі тартылып отырғанына қарай, біздің саламыздың аса маңыздылығын байқаймыз. Осы ауқымды іс-шараны тікелей атқарып, өмірге еңгізетін тұлғалар ол – мектеп директоры, мектептің Бас менеджерінің жұмысты оңтайлы, терең зерделенген жоспарына, шеберлігіне байланысты екені белгілі.

Мектептегі оқу мен тәрбие бір – бірінен ажырағысыз егіз ұғым. Оқу мен тәрбиені тиімді жоспарлай білу, оны іс жүзінде іске асырып басқару – мектеп басшылығынан біліктілікпен бірге заманауи басқарудың әдісін талап етеді. Сондықтанда мен қазіргі кездегі мектеп басқарудың жаңа әдісі – мектептегі педагогикалық менеджментті қалыптастыру туралы негізгі мәселелерге тоқталып отырмын.

Мектептің үш тағаны:

- білімді, білікті мұғалім;
- көрнекілік, материалдық база;
- оқытудың әдіс-тәсілдері (технология).

Осы үш тағанды бір-бірінен ажыратпай, бір-бірімен үйлесетіндей жүйелі етіп жүргізу менеджерлік қызметтің көрсеткіші, нәтижесі бола алады. Олай болса менеджмент деген не? Оған қандай анықтама беруге болады? Ол біздің елімізге қайдан келді? Жауап іздеп көрелік:

Менеджмент – басқару, ұйымдастыру, жүргізу – деген мағынаны береді.

Менедж – (ағылшынша), ал латын тілінде – қол деген сөз. (қолмен игеру, қолмен басқару т.б.) Жалпы айтқанда адам ресурстарын басқару деген ұғымды білдіреді.

Менеджмент ұғымы – ұжымды басқарудың теориясы. Бұл ұғым өткен ғасырдың 50–70 жылдары өмірге келген. Авторы америкалық инженер Ф.Тейлор. Менеджменттік қызметтің Қазақстанда жаппай ене бастауы 2005–2006 басталды. Менеджмент бүгінде еліміздің барлық еңбек ұжымдарына, оқу орындары мен мектептерге де жетіп отыр.

Қазіргі кезде педагогикалық менеджментте 4-түрлі ұғым беріліп отыр. Олар:

- жұмыс сапасын арттыруға арналған комплекс. (принциптері, әдістері, ұйымдастыру формалары)

- білім беру үдерісін тиімді басқарудың теориясы, әдістері мен технологиясы.

- ұжымның тиімді нәтижеге қолжеткізу мақсатындағы бір бағыттағы әлеуметтік өзара әрекеттестігі.

- тұтас алғанда қазіргі экономикалық жағдайда ұжымға минималды шығынмен жоғары пайда келтіретін адам ресурстарын басқарудың ғылыми негіздері.

Жоғарыда аталған 4 түрлі ұғым мектеп директорынан жан-жақты кәсібилікті талап етіп отыр. Директор – ол ұжымның рухани басшысы, ол мұғалім, ол қаржыгер, экономист, заңгер т.б. Олай болса қазіргі және болашақтағы мектеп директоры екі қызметті атқаруы тиіс. Олар:

- менеджерлік
- мұғалімдік (ұстаздық).

Көріп отырғанымыздай қазірде, алдағы кезеңдерде де басқарушылық мамандық, басқарушылық білім қажеттілікке айнала бастайды. Бүгінгі таңда мектеп директорларында менеджерлік басқару аса қажеттілік, ол мектеп басшысының функционалдық міндеттерінің бастысы болмақ.

Барлығымыз да жоғары білімді мұғалімбіз, мамандығымыз мұғалім, ал директор – деген мамандық жоқ. Қазірше директорлық квалификациямен жұмыс істеу болашақтың еншісінде қалуда.

Сонымен: Мектеп директоры – мектеп менеджері.

Оқу ісі орынбасары – оқу менеджері.

Тәрбие ісі орынбасары – тәрбие ісі менеджері т.б.

Сондай-ақ әрбір салалық жетекшіні өз саласының менеджері дейміз. Қорыта айтқанда білім менеджері – бұл білім беру саласында арнайы дайындықтан өткен және ғылыми - теориялық негізде басқару іс-әрекеттерін орындайтын жоғары кәсіби маман.

Мектептің даму жоспарын жасау, зерделеу, өндірістік және ағымдағы жоспарларды оңтайлы жасау, мектептегі көптеген іс-шараларды маңыздылығына қарай іріктей білу мектеп менеджерінің тәжірибесі мен шеберлігіне байланысты. Жалпы білім менеджерінің портретін төмендегідей қарауға болады:

– Жоспарлау және шешім қабылдауға қабілеттілік;

– адам ресурстарымен жұмыс. (кадр таңдау, оқушы, ата-ана);

– ұйымдастырушылық және уақытты дұрыс пайдалану қабілеттілігі;

– коммуникативтілігі – (тыңдау, есту, тіл табысу, сөйлеу, сендіру қабілеті т.б.);

– адамдармен қарым-қатынаста болу шеберлігі. (басшылармен, әріптестермен, ортамен);

– ұжым мүшелерінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету.(курсқа жіберу, озық тәжірибе алмасуға жағдай жасау, мадақтау, демалысын ұйымдастыру);

– көшбасшылық – лидерлік (мадақтау, кемшілікке сын көзбен қарау, имидж қалыптастыру т.б.);

– түрлі өзгерістерді басқару.(түрлі жағдайға бейімделу қабілеті, дәлелді тәуекелге бара білу, дау-жанжалды шеше білу т.б.).

Осы жоғарыдағы талаптар мектеп әкімшілігіндегі менеджерлердің барлығына қойылатын міндет болып табылады. Бас менеджменттің түпкі мақсаты – әрбір қызметкерді өз орнына қойып, барлығын бір мақсатқа жұмылдыру.

Әрбір жаңа оқу жылында мектеп басшылары, яғни менеджерлері – басқарудың жетекші принциптері болып табылатын мына мәселелерді ең бірінші ескеруі керек. Олар мектеп жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруда міндетті түрде басшылыққа алынуы тиіс:

– жүйелілік;

– бағдарламалық;

– адамгершілік;

– жаңашылдық;

– дамушылық.

Ал жоспарлауда:

– 3–5 жылға арналған мектептің даму бағдарламасы;
– 1–3 жылға арналған тактикалық жоспар.(өндірістік жоспар);

– 1 жылға дейінгі ағымдағы жоспар.

Сонымен бірге, мектеп менеджері жоспар құруда мына ережелерді басшылыққа алуы тиіс:

– ғылымилығы;

– үйлесімділігі;

– кешенді тәсіл;

– дамушылығы (перспективтілігі).

Орыстың ұлы педагогы В.С.Сухомлинский: - «Егер Сіз жақсы директор болғыңыз келсе, ең алдымен жақсы педагог болуға, жақсы мұғалім – дидакт және өзіңіздің сабағыңызда оқытатын балалардың ғана емес, мектептің, қоғамның, халықтың, ата – аналар Сізге сеніп тапсырған барлық оқушылардың жақсы ұстазы болуға ұмтылыңыз.

Ал егер Сіз директорлық орынға отырғаннан кейін табысқа жету қайсыбір айрықша әкімшілдік - әміршілдік ете білу талаптарына байланысты деп есептесеңіз жақсы директор болам деген оймен қоштасыңыз» - дейді. Осы сөз қазір де мәнін жойған жоқ. Олай болса мектептің менеджер басшысына ең қажеттісі адамның жан-дүниесіне ықпал ету өнері екен.

Жақсы менеджерлік жұмыс бар жерде мұғалім мектепке жақсы оймен келеді. Ол мектептегі мұғалімдер кәсіби шыңға шыға алады. Мектепке қуанып барып, үйге қуана кірген мұғалім нағыз бақытты адам. Әрине, түпкі нәтижеге қол жеткізетін ең бірінші негіз мұғалімнің біліктілігі, мектеп басшыларының менеджерлік жұмысының жүйелілігі, бірізділігі.

Б. Момышұлының сөзі бар: «Ең қиын өнер – адамдармен жұмыс істеу» - деген. Мектептегі білімнің

сапасы да, тәрбие жұмысының жақсы жолға қойылуы да, ұжымның жалпы ауаны да мектеп менеджерінің жоғары кәсібилігі мен адами басқаруында екен. Ең соңғы нәтиже білім сапасы да соларға байланысты болмақ.

БІЛІКТІ ҰСТАЗ – БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты үстіміздегі жылғы кезекті Жолдауында білім беруді дамытуға айрықша мән бергені баршамызға белгілі. Аталмыш Жолдауда «Қазақстан–2030» стратегиялық даму бағдарламасының аясындағы ауқымды шаралардың бастысы болып отырған Республика Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (жоба) басым бағып берілді. Қазір ол ел халқының назарында талқылану үстінде.

Ұстаз ретінде мемлекеттік бағдарламаның жобасымен жан-жақты танысып, ондағы педагог мәртебесі мен оның кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптарды арттыру, сонымен бірге мұғалім біліктілігін жетілдіру сапасын камтамасыз ету туралы ой бөліскенді жөн көрдім.

Кешегі Кеңестік дәуірде де, егемендігімізді алғалы да білім саласында түрлі реформалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бірқатар игі істер атқарылды. Алайда солардың біразының түпкі нәтижеге толық жете алмағаны көзіқарақты ұстаздарға аян.

Дегенмен, біз сол бұрынғы бағдарламаларымыздың оңды істерінен тағылым алып, қоғамның жаңа талаптарымен ұштастыру жағына да көңіл бөлгеніміз дұрыс деп есептеймін. Мәселен, Кеңестік кезеңдегі педагог кадрларды даярлаудың сапалық деңгейін жақсы деп айтуға толық негіз бар. Сонымен бірге, сол жылдардағы мектептердегі ата-аналар университетінің жұмысын нашар болды деп айта алмаймын.

Ата-аналарға педагогикалық білім-кеңес беру қазір де аса қажеттілікке айналып отыр. Мектептерге полиция инспекторынан гөрі ана-аналар комитеті төрағасының штаты енгізілгенін маңыздырақ деп есептеймін.

Оның құрамына ардагерлерден, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен мүшелер тартылғаны дұрыс. Олар «мұғалім-ата-ана-бала» немесе «мектеп-ата-ана-қоғам» арасындағы жұмыстарды үйлестіруші болар еді.

Келесі мәселе, 2010–2020 жылдарға арналған бағдарламада алдағы кезеңдерде ұлттық мектептер жүйесін кеңейту мен оның сапалық деңгейін көтеруге аса мән берілген. Сондай-ақ 2020 жылға дейін кезең-кезеңмен 12 жылдық білім алуға көшуде мектептегі басты тұлға-мұғалімнің сапалық деңгейі мен біліктілігіне деген талаптар артып отыр. Сондықтан да жаңа буын мұғалімдерін даярлау мемлекеттік тұрғыдан ескерілгені жөн деп ойлаймын. Ол үшін мына мәселелер ескерілсе.

– педагогикалық маман дайындайтын оқу орындарының жүйесін реттеу;

– мұғалімнің әлеуметтік-экономикалық жағын ескеру;

- мектеп пен мұғалім құқығын реттеу.

Ұстаздық – күнкөрістің қамы емес екенін әрбір болашақ жас сол мамандықты таңдау кезінде міндетті түрде ескеруі қажет. Педагогикалық оқу орындарына іріктелген, мамандыққа бейімі бар білімді

жастар қабылдануы керек деп ойлаймын. Өйткені, ол келешектегі барлық мамандықтардың атасы-ұстаздықты қалап отырғанын білуі тиіс.

Ащы да шындық, педагогикалық жоғары оқу орнын бітіріп келген мамандардың теориялық білімдері олқы соғып тұратындары кездеседі. Бүгінгі таңда мемлекеттік бағдарламадағы педагог біліктілігін арттыру сапасын қамтамасыз ету мақсатында құрылғалы отырған тәуелсіз аттестациялық агенттіктер қажеттілікке айналып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігі негізгі міндет ретінде бәсекеге төтеп бере алатын жоғары білікті кадрларды даярлауды алға тартып отыр. Еліміздің экономикалық қуаты қарқынды дамып, қоғам өркениеттілікке қарай бет бұруда, білім саласында да жаңа технологиялар күн санап енгізілуде.

Қазіргі қоғамның көшіне ілесу үшін ұстаздардың биік тұғырлардан көрініп, саннан сапаға, орындаушылықтан шығармашылыққа, қағазбастылықтан нақты іске көшетін кезі келді. Мұғалім өз пәнімен шектеліп қалмай, оған қоса қоғамның барлық саласынан жанжақты хабардар болғаны ләзім. Мұғалімге таза өз ісімен, шығармашылығымен айналысуға мүмкіндік беретін кез келді. Мүмкіндік пен еркін шығармашылық бар жерде білім сапасының артары сөзсіз.

Бағдарламада педагог мәртебесін көтеру мақсатында ұстаз еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыруға аса назар аударылып отыр. Сонымен бірге, мұғалімге кәсіби шеберлік деңгейі бойынша да қойылатын талаптар жоғарыламақ.

“Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” демекші, ұстаз біліктілігі қашан да білім сапасының кепілі болған, бола да береді.

Ендеше, білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасын болашақта алдымыздағы жарқын мақсат етіп, келешекұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие жолында тың істерге кірісейік.

Мемлекетіміздің одан әрі дамуына үлесімізді қоса берейік, әріптестер!

АСТАНА АБЫРОЙЫ – ЕЛ АБЫРОЙЫ

Астанасын мақтаныш тұтпайтын мемлекет болмас, сірә! «Біздерде мыналар бар, мыналар бар» деп кеуде қағар сәт түссе, мен алдымен Астанамды айтар едім, кеудемді кере мақтанар едім. Елордаға бұдан үш жыл бұрын барғанмын, биыл да сонда сапар шегудің сәті түсті.

Бірінші кезекте Елбасымыздың қатысуымен есігін айқара ашқан ерекше ғибадатхана. Елордамыздың Тәуелсіздік алаңының солтүстік жағында асқақтап тұрған мешіт жобасын Президент Н.Назарбаевтың өзі республикалық сәулет конкурсына ұсынған 26 жұмыстың ішінен таңдап алыпты. Мешітке қазақтың көпсалалы, бай ою-өрнектері барынша мол қолданылған. Олар ғимараттың ішкі көрінісіне қолданылған рельеф тәсіліне, алтынмен әшекейлеуге бағындыра отырып жүзеге асырылған. Ортасына есептегенде кең қашықтықта орналасқан төрт мұнараның биіктіктері 77 метрден.

Астана үш жыл бұрынғысынан әлдеқайда өзгерген, әдеміленген, көңілге әсер қалдырар әлеуметтік нысандар көбейе түскен. Сезіміме сезімді ерекше толқытқан Есіл жағалауы болды. Оқушы кезімізде Ленинградқа барып Нева жағалауында болушы едік. Есілді дәл соған

ұқсаттым. Нева бойында I Петрдың ескерткіші айрықша көз тартатын болса, Есілдің бойында Кенесарының ескерткіші асқақтай бой көтерген. Балаларға білім берумен тәрбие нәрін егумен айналысып жүргендіктен болар, Астанадағы «Оқушылар сарайы» кеудеме нұр сепкендей болды. Есілдің үстінен «Арыс» атты көрнекті көпір салыныпты. Қаламызбен аттас көпірге келетін даңғыл жолға оңтүстіктің еркесі, вальс королі – Шәмші Қалдаяқовтың есімі берілген. Біздің қаламызда да қолға алса нұр үстіне нұр болатындай іс – Астана көшелерінде, арнайы тақталарда қаланың құрметті азаматтарының, үздік ұстаздарын, өнер шыңына шыққандардың және басқа да өз кәсібі үздіктерінің аты-жөні безендіріліп, көрнекі жазылған. Иә, Астанада айта берсек, кісі қызығарлықтай игі іс баршылық. Жыл сайын жасай бергін, жайнай бергін, Астана!

ИМАНДЫЛЫҚ ҰЯСЫ

*Арыс қаласы Аймауытов көшесіндегі
Әбдіғаппар қожа жәми мешітінің
жаңа ғимараты 2013 жылдың маусым айының
30-шы жұлдызында ашылу рәсімінен.*

Бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим. Ассалаума-ғалайкүм, қадірлі мұсылман бауырлар, құрметті көпшілік қауым. Бүгін қасиетті Арыс жерінде тағы да бір айтулы күн болғалы тұр. Өйткені қаламызда имандылықтың ұясы болғалы тұрған «Құттыхана» барша мұсылмандарға өз есігін ашқалы тұр. Қазақта, өз шанырағын «құттыхана мешітім» - деп айтуы содан шыққан екен. «Мешіт» сөзі араб тілінің «бас ию», «құлшылық ету», - деген сөзінен туындап, бас иіп сәжде қылатын үй, құлшылық ететін орын деген мағынаны білдіреді. Олай болса, мешітке келген әрбір кісі Алла тағаланың құрметті қонағы болады.

Қадірлі әлеумет! Қазіргі ашылғалы отырған «Әбдіғаппар қожа жәми» мешітінің тарихымен Сіздерді таныстыра өткенді жөн көріп отырмын. Бұл мешіттің тарихы кешегі Кеңестік кезеңнен бастау алады. Сонау 1950 жылдары Әбдіғаппар атамыздың бастамасымен Мәскеудің рұқсатымен ашылған бұл мешіттің тарихына 60 жылдан асты. Кеңес өкіметінің қудалауымен бұл мешіт кезінде бірнеше жерге орын ауыстырды. 1977 жылдан бастап, соңғы орналасқан мекенжайы өздеріңіз куә болып отырған осы жер, яғни осы мешіт.

Бұл мешіт біздің қаламыздың тарихындағы тұнғыш мешіт болып табылады. Өткен ғасырда бұл мешіт-

ке тек қана Арыс қаласынан емес, Шәуілдірден, Шардарадан, Темірланнан, Қараспаннан, Дерменеден, Қожатоғайдан, Жетісай өңірінен т.б көптеген елді мекендерден мұсылмандар келіп, мінәжат еткен орын осы мешіт болатын. Мешіттің алғашқы имамы, өзі ашқан Әбдіғаппар қожа 1950–1983 жылдары имамдық етті. Ол араб, парсы, латын тілдерін жетік білетін қары болатын.

1983–1992 жылдарға дейін Әбдіғаппар қожаның өз шәкірті Құттықожа Уалиұлы имандық етті. 1994–2010 жылдарға дейін Әбдіғаппар қожаның інісі Әбдішахым Әбдісадықұлы имамдық етті. Бүгінгі таңда Құттықожа Уалиұлы имамдық етуде.

Құрметті қауым! Бүгінгі мешіттің атымен аталып отырған Әбдіғаппар қожа кім? Бұрынғылар біледі қазіргі ұрпаққа қысқаша таныстырып өтуді жөн көрдім. Арғы тегі пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с-нан тарайтын Мәдікожадан басталады. Өз заманында оның әулиелі кереметтеріне тәнті болған халық «Диуана қожа» - деп атапты. Мәдікожаның ұрпақтары Қожжан, Қылыш, Пірзада, Бақмұхаммед. Біздің әулет тікелей сол төрт ұрпақтың үлкені Қожжаннан тарайды.

Ұрпақтар сабақтастығы арқылы Жүніс Бабамыздан Әбдісадық, Әбдіғаппар, Әбдіәмит тарайды. Жүніс бабамыз 1910 жылы Меккеге жаяу барып келіп қажылық парызын өтеген екен. Өзі Көксарайда 1940 жылдарға дейін молда болған. Бүгінгі мешіттің аты аталып отырған Әбдіғаппар қожа сол текті әулеттің ұрпағынан болады. Әбдіғаппар атамыздың имамдық жолы кешегі Кеңестік дәуірдегі дінге қарсы тәрбиенің барынша күшейіп тұрған кезіне тұспа-тұс келді. Соған қарамастан мешіт жабылған жоқ.

Құрметті мұсылман қауым! Қоғам жаңарып, еліміз еркіндігін алып, Елбасымыздың қолдауымен имандылыққа қарай бетбұрыс жол ашылды. Бұрынғы

жабылған мешіттер қайтадан жаңғырып есігін ашуда. Міне, бүгін Алланың қалауымен, заманымыздың талабымен бұл мешіт мұсылман қауымға есігін қайта айқара ашты. Барлығымызға, барша жұртшылыққа құтты болсын. Келешекте бұл мешітте Алла тағаланың кәләмі Құран кәрімнен уағыз тыңдайық, Пайғамбарымыздың хадисінен өнеге тоқиық, санамызды сауықтырып, отбасымызға шаттық пен құт келтірейік. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ілім ізде» - деген. Балаларымызды иманды, қыздарымызды ибалы етіп тәрбиелеуге мешітке асығайық. Иманды халықтың түтіні түзу шығады, балалары тәрбиелі болады. Бұл мешіт сондай қасиеттерді тарататын ғибадатхана болсын.

Құрметті мұсылман қауым! Осы Әбдіғаппар қожа мешітінің қайта жаңғырып тұрғызылуына демеуші болған, қолдау көрсеткен азаматтарға Алланың нұры жаусын. Жүнісұлы Әбдіғаппар қожа әулетінің ұрпақтары атынан зор алғысымызды айтамыз. Мешіттің бас демеушілері Дінмұхаммед Аппазұлына, осы бастамаға қолдау көрсеткен аталарымыздың көзін көрген Анарапаға, мешіттің қайта түлеуіне түрткі болған Сағат Әбдісадықұлына, Әбдішахым Әбдісадықұлына, Жамалхан Әбдіғаппарұлына, Жұмаділлә Әбдіәмитұлына, мешіттің ашылуына басынан бастап қолдау көрсеткен Дүппә Мамырұлына, мешіттің құрылысына басшылық жасаған ұйымдастырушы әрі демеуші Асқар Сағатұлына, демеушілер Асқар Аппазұлына, Қанат Тұрсынханұлына, сонымен бірге мешіттің күнделікті ағымдағы жұмыстарының басында болған Әбдіразақ Әбдіғаппарұлына алғыс айтамыз, Алла оларды әрдайым қолдасын!

II тарау

**ҰЛЫЛАРДАН
ҰЛАҒАТ**

Бақыт дегеніміз – төзімділік.

Альбер Камю

Экономика және онымен байланыстының бәрі де мәдениетке бағынышты.

Абэ Кобо

Қасиет біткеннің ішіндегі ең қажеттісі өзіңді-өзің ұстай білу.

Мишель де Монтень

Жұртқа іскер адамнан гөрі ізетті адам көбірек ұнайды.

Джон Локк

Жақсылықтың жаны – адамды жақсы көру.

Люк де Вовенарг

Өзіне сенген адамның қолынан көп нәрсе келеді.

Александр Гумбольт

Әділдік – жақсылық біткеннің төресі.

Цицерон

Сенімі берік жандар секемшіл болмайды.

Фридрих Ницше

Мақтау қанағаттандырады, артық қолпаш қанатынды қайырады.

Вильгельм Швобель

Сөйлей білу – жақсы ғой, бірақ үндемеген – одан да жақсы.

Т.Карлейль

Адамдарды алдауға емес, үйретуге келген кісі олардың өз тілінде сөйлеуі керек.

Клод Адриан Гельвеций

Қатыгездік қашан да үрейленуден, әлсіздіктен және қорқақтықтан туады.

Клод Адриан Гельвеций

Түкке тұрмайтын бірдеңе жасағаннан гөрі ештеңе жасамаған артық.

Лев Николаевич Толстой

Ештеңенің қадірін білмейтін адам ғана өзін басқалардан жоғары қояды.

Арни Фредерик Алиэль

Ғылымды игерген, бірақ тәрбие көрмеген адам қоғамды қайғы-қасіретке жетелеуі мүмкін.

Әл-Фараби

Адал да әділетті өмір сүрген адамдардың нала болуы
карғыспен тең.

Халықтікі

Адам өзі жүріп келе жатқан жолын ұлы ете алады, ал
жол адамды ұлы ете алмайды.

Конфуций

Өз елін сүймеген, ешнәрсені де сүйе алмайды.

Дж Байрон

Өткенмен мақтаныш етіп, бүгінмен өмір сүруіміз
керек.

Овидий

Әрбір тарихи дәуірдің ұлылық жөнінде өз түсініктері
бар.

Мартин Хайдеггер

Кім елді жақсы басқара білсе, соның билігі ұзаққа
барады.

Рашид Әд-дин

Қай портқа бой алғанын білмейтін кеменің желі де
оңынан тұрмайды.

Сенека

Достықсыз адам арасындағы қатынас – құнсыз.

Сократ

Саясаткер кезекті келер сайлауын ойланса, ел азаматы келешек ұрпақтың болашағын ойлайды.

Джеймс Кларк

Ел мен үшін не істей алады деп сұрасаңыз, ел үшін өзім не істей аламын деп сұраңыз.

Джон Кеннеди

Қол қусырып қарап отырсаңыз, түзу жолдың үстінде де табан астында қаласыз.

Годфрей

Егер адам баласы жас кезінде білім мен ғылымды игермесе – ол кейінгі қалған ұзақ өмірінде де оларды игеруі екіталай.

Әбу Ләйс ас-Самарқанди

Өмір қысқа – адам өз өмірін балаларының арқасында ұзартады.

Анетоль Франс

Адам бұл өмірге қиялдың жетпеген жеріне жету үшін және жете алмайтын жеріне жету үшін келеді...

Робиндранат Тагор

Байлық емес, білімнің деңгейі емес, қалалардың саны емес, өнімнің молдығы емес – цивилизацияның (дәуірдің) нағыз көрсеткіші мемлекеттің өз азаматтарының адами келбетін қалай тәрбиеленуінде.

Рольф Уондо Эмерсон

Менің балаларыма қараңыздаршы, олардан менің күш пен нәрімді табасыздар. Олар менің кемелдегенімнің куәсі.

Уильям Шекспир

Салықтың таза жиналуы да оның мемлекет мүддесіне әділетті жаратуы да – елге сын.

Мухаммед Ибраһим

Перзентсіз адамзатты сүю мүмкін емес.

Ф.М.Достоевский

Отанды ұлылығы үшін сүймейді, ол сенікі болғандықтан сүйесің.

Сенека

Әділетті адамды туысыңнан да қатты қадірле.

Антисфен Афинадан

Біткен істің жемісі жақсы.

Гомер

Еңбексіз нәтиже болмайды.

Горацій

Үй ішіндегі жауыңнан сақтан, себебі арамның алауыздығы садағынан атылған жебелері айналасына тек қайғы мен қасірет әкеледі.

Әз-Захири ас-Самарқанди

Айналасымен қарым-қатынаста байлықты бірінші орынға қойған адамдардан әділдік, жақсылық пен адалдық күтпе.

Мұхаммед Ибраһим

Ақиқатты жақсы көр, Адасқанға жол көрсет.

Мұхаммед Ибраһим

Мемлекеттік мүдде үшін қажет болған күнде де арыңа қарсы шықпа.

Альберт Эйнштейн

Жүректегі жылулық шынайы болмаса, онда біздің ой-санамыз да жаман өмір сүреді.

Лукреций

Әрбір адамның тағдыры оның мінезіне байланысты.

Ф.Аттар

Кіршіксіз тазалыққа жету үшін оның ойында, сөзі мен ісінде әділдік болып, махаббат пен ғадауат, жақындық пен жаттық секілді кереғар құмарлықтардан жоғары тұруы керек.

Махатма Ганди

Пендешілік құлқынды жеңу, қалың қолмен дүниені жаулап алудан анағұрлым қиын іс болып көрінеді.

Махатма Ганди

Білген ердің сөзін тыңда ізгілік, қасиетін үйреніп ап көзге ілік.

Махмуд әл-Қашқари

Көп жасаған білмейді, көп оқыған біледі.

Мұхтар Әуезов

Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Абай Құнанбайұлы

Кітап – үйдің ашулы тұрған терезесі.

Расул Фамзатов

Адамдар оқудан қалғанда, ойланудан да қалады.

Дени Дидро

Жақсы кітаптар оқу – өткен замандардың ең жақсы адамдарымен әңгімелесу деген сөз, онда да әлгі адамдар бізге өзінің тек қана ең жақсы ойларын айтып беретін әңгімелесу.

Рене Декарт

Әсіресе қасыңда ер адам тұрғанда, әйел, әйтеуір, кандай да болса, бір рөлді ойнауға тырысады.

Мартен Дю Гар

Дүниеде көбірек тұрғың келсе өзінді – өзің бапта,
кеткің келсе былапытта.

Ғабиден Мұстафин

Аз дәлелден – көп мағына тәлім болады, уыс дәннен
– бидайдың қасиеті мәлім болады.

Сайф әс-Сарай

Әйелің серігім деуге жарамаса, тек қана балаларың
болғандықтан, сол байланысқа ілегіп, сонымен-ақ тең
жардың орнында болғысы келсе, бұдан артық қасірет
қайсы?

Ғабит Мүсірепов

Сұлулық, әдептілік, тағы басқалар жұртты сұлу
болуға, әдепті болуға шақыра алмаса, ол шын
мағынасындағы сұлулық та, әдептілік те бола алмайды.

Ғабит Мүсірепов

Біздің қазақ бауырларымыз аталы сөзге өте түсінетін,
өте зерек халық.

Сайфи Құдаш

Өз ісінің ақырын ойламаған патша – еліне сор.

Әлішер Науай

Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел
болғаның қайсы?

Мұхтар Әуезов

Ел боламыз десек, “Ұлт” деген сөз ұлықталмай,
тереземіз теңеспейді.

Рахманқұл Бердібай

Ақ сүтін беріп аялап өсірген ананы қалай сүйсең,
елінді де солай жақсы көру – қасиетті борышың.

М.А.Шолохов

Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады.

Расул Гамзатов

Кіріске қарай шығыс қыл:
Кейде шығын шығар болса бір іске,
Оның өзін шамалап ал кіріске.

Жүсіп әл-Баласағұни

Еңбекпен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады.

Ыбырай Алтынсарин

Еңбектің көзін тапқан
Байлықтың өзін табады.

Ыбырай Жақаев

Өз қателіктерің арқылы тәжірибе жинап,
Басқаның қателіктері арқылы карьера жасайсың.

А.Фюрстенберг

Адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған сайын,
соғұрлым өзгенің жақсылығын бағалағыш келеді.

Блез Паскаль

Есі бар адам өмірге икемделеді, ессіз адам өмірді
өзіне икемдегісі келеді.

Бернард Шоу

Дүниедегі ең оңай нәрсе кісіге ақыл айту, ең қиыны
– өзінді-өзің түсіну.

Әл-Фараби

Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы
жоқ.

Төле би

Айтатын ойың жоқ болса, үндемегенің жақсы.

Монтескье

Мінез-құлық – әркім өзінің кейпін көрсететін айна.

Гете

Жаманға ылғи жаман көзбен қарау дұрыс емес,
жақсылықты жаман көңілге де егуге болады.

Франсуа де Лорозфуко

Қызулықпен уәде берме. Мастықпен ашуланба,
Қуаныш үстінде жоспарлар жасама.
Шаршап отырғанда келешектегі істерің
туралы ойлама.

Хун цзы чен

Қиянаты бардың иманы жоқ.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Тым болмаса бір нағыз досы жоқ адам өмір сүрмей-ақ қойса болады.

Демокрит

Өз достарыңды бағалай біл, бірақ әкеңнің достарың құрметте.

Омар Хайям

Саған ұнамағаны үшін ақиқатты жоққа шығарма.

Чернышевский

Сөзбен айтып өлтіруге де болады, мылтықпен атып өлтіруге де болады.

Қазыбек би

Майдалардың арасында жүрсең ұсақтайсың, ірілердің арасында өзің де өсесің.

Гете

Мәселені дұрыс қоя білудің өзі оны жартылай шешу деген сөз.

Менделеев

Жұмысты істеуге ықыласты адам білетін адамнан артық істейді.

Г. Мурей

Адам өзі үшін істегенде ғана шын ықыласпен істейді.

Герцен

Адамдарды алдына қойған мақсатына қарай бағалау керек.

Н.Н.Миклухо-Маклай

Ұжым – күрделі оркестр, онда әркімнің өз аспабы болады, сол аспабымен ойнайды.

В.А.Сухомлинский

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Әл-Фараби

Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан.

Жүсіпбек Аймауытов

Ойың дұрыс болса, сөзің дұрыс, олай болса ісіңнің иесі дұрыс.

Д.И.Писарев

Ашуға берілу – басқаның кінәсі үшін өзінді-өзің жазалаумен бірдей.

Д.Свифт

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбайұлы

Имансыздың жүрегінде Отан сүйіспеншілігі
болмайды.

Мехмет Соймен

Өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз
бақытын құрбан қылады.

Мағжан Жұмабаев

Еңбек – байлықтың әкесі әрі қалтқысыз қағидасы
болса, жер – оның анасы.

Уильям Петти

Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.

Б.Момышұлы

Білім беріп, мінез бермеген ұстаздан без.

Махатта Ганди

Адамдармен араласудан асқан мектеп жоқ.

А. Лэнгле

Еркін адам дегеніміз – өтірік айтпауға мүмкіндігі
бар адам.

Альбер Камю

Адамдардың көбісі бақытты, бірақ бұл
жайлы көбінесе біле бермейді.

А.Лэнгле

Сөзіңнің өтімділігі байлықтан да қымбат.

Люк де Вовенарг

Кісілік жоқ жерде әділдік те болмайды.

Люк де Вовенарг

Жүйрікті ақылды басып озады.

Федр Феогнит

Ұмытпа! Сен өмірдің тұрғыны емес, жолаушысы ғанасың.

Лев Николаевич Толстой

Абырой – адамдықтың тағы.

/Бальтасар Грасиан

Ең басты міндет – өз қолыңмен бірдеңе жасап көру.

Освальд Шпенглер

Өзгелер өзіңе адал болсын десең, өзің де өзгелерге сенуің керек.

Рольф Эмерсон

Қанша көп болса да, ұсақ жетістіктер ірі жетістіктер кепілі бола алмайды.

Вильгельм Швобель

Күндіз жақсы іспен айналысқан адам ғана түнде жайлы ұйықтайды.

Генри Уодсуорт Лонгфелло

Оқу – адамды білімді болуға, әңгімелесу – тапқырлыққа, естігенді жазып отыру – дәлдікке тәрбиелейді.

Френсис Бэкон

Үйренгеніңнің бәрі ұмытылғанда жадында қалатын жалғыз байлық – білім.

Макс Фон Лауе

Тәжірибенің мақсаты – қанағаттану.

Жиль Делез

Шыдамды, сабырлы адам – бастаған ісінің жақсы нәтижесін көреді, білімге құштар адам – іздегенін табады.

В.Ян

Достықтың көбісі сұхбаттың жетімсіздігінен ыдырайды.

Аристотель

Білген адам – өкінбейді, мейірбан адам – мазасызданбайды, батыр адам – қорықпайды.

Конфуций

Ақылмен арыстан да ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың.

Махмут Қашқари

Ақиқатты тануға ақылы жетпегеннен адамшылық күтпе.

Лао Цзы

Үндемесем өзіме-өзім төремін, үндесем – сөзім өзіме төре.

Саади

Жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесе, уағыз айтумен жету қиын.

Сенека

Ақиқат жол-жөнекей жұлып ала салатын гүл емес, ол ұзақ жолдың түпкі мақсаты.

Гераклит/

Бақытта дос болмайды, Бақытты адам таудың ең басындағы адам. Жол тек төменге – бақытсыздыққа қарай.

Төле би

Саған қарсы келуге батылы жететін адамға ғана сенуге болады.

Екатерина – II

Халық жүрген жолмен жүр – адаспайсың.
Халықпен бірге бол – жалғыздық көрмейсің.

Бауыржан Момышұлы

Сабак беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер.

Жүсіпбек Аймауытов

Жүрек сенімге толы болса, әңгіме де әсерлі болады.

Люк де Вовенарг

Білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, күшті болу үшін бірлік керек.

Ахмет Байтұрсынов

Өз-өзіне сенімділік – ұлы істерді жарату үшін адамзатқа ең бірінші қажеттілік.

Сэмюель Джонсон

Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы.

Л.С.Выготский

Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік.

Н.Ә. Назарбаев

Қанағатшыл адам ғана қызық өмір сүреді.

Оноре де Бальзак

Ұл тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей, ұлтты тәрбиелейміз.

Платон

Тіршілікті тірілтіп тұрған мейірімділік.

Шерхан Мұртаза

Мемлекеттік азамат деп – билеуге де, бағынуға да қатысы бар адамды айтамыз.

Аристотель

Досына қарап сені танитын болғандықтан, оларды таңдауға абайла.

Архимед

Өнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі.

Мұхтар Әуезов

Әр істі өз мезгілінде істеу керек, мезгілімен істелмеген іс – құнсыз.

Бабыр

Ұятың жоқ болса, ақылыңның көптігінен не пайда?

М.Горький

Адамдар білмегендіктен емес, өзін білімдімін деп ойлағандықтан адасады.

Ж.Ж.Руссо

Адамдармен олардың ақыл-парасатына қарай сөйлес.

Сағди

Жақсы атың мәңгіге қалсын десең, сүрінгенді сүйеп қал.

С.Сароий

Нақұрысқа істеген жақсылығың – теңізге су құйғанмен бірдей.

М.Сервантес

Ата-ананы тәрбиелемей тұрып, баланы тәрбиелеу қиын.

П.П.Блонский

Қазіргінді қанағат тұт, одан жақсыға ұмтыл.

Исократ

Адам – көп қырлы, мың түрлі: бұл – оның ең үлкен бақыты.

Элиас Канетти

Бүгінгі заман, кешегі заманның баласы, болашақ заманның атасы.

Ахмет Байтұрсынов

Тұғырымыз тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық.

Н.Ә.Назарбаев

Қарапайымдылық – үнемшілдіктің нәтижесі.

Ле Корбюзье

Жақсы тәрбиеші ғана жақсы мұғалім бола алады.

В.А. Сухомлинский

Шын ықыласпен ата-анасының қас-қабағына қарап,тік тұрып елжіреумен берген батасын алып қалған бала екі дүниеде қор болмайды.

Мәшһүр Жүсіп

Ойыңдағы болмаса, орайы келетінді ғана ойла.

Соломон Габриол

Бақ деген – құс, ұшады да кетеді. Тақ деген – түс, кіреді де кетеді. Байлық деген – мұз, ериді де кетеді. Мәңгілік қалатын адал іс.

Әйтеке-би

Адалдық дегеніміз – жүректің тазалығы.

Франсуа де Ларошфуко

Өнер – өмірдің өзіндей мәңгілік.

Д.И.Шаятин

Жақсы адам ел басқарса, елін елден оздырады.
Жаман адам ел басқарса, елін тоздырады.

Ескелді би

Кімге қанша насихат айтсаң, оны әуелі өзің іске асыр.

Лұқпан Хакім

Адамзатқа қызмет етпеген ақыл қатерлі.

Софокл

Жастықтың көзімен қарағанда өмір деген шеті-шегі көрінбес болашақ.

А.Шопенгауэр

Білім күнделікті тәжірибенің ұсақ түйірлерінен құралады.

Д.И.Писарев

Сіз өз балаларыңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексеріңіз. Сіздің мінез-құлқыңыз нағыз шешуші нәрсе.

А.С. Макаренко

Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын.

Томас Джефферсон

Әрбір адам қандай да бір іс үшін туады. Жер басып жүрген әрбір адамның өмірде өз міндеттері бар.

Эрнест Хемингуэй

Бір аяқ сусын – екі кісінің құны; су табылмаса шөлдеген өледі, ұяттан – тауып бермеген өледі.

Сырым Датұлы

Ар-намыс, махаббат болмаған жерде адамшылық тұра ма? Бұл сипаттардың болуы үшін адам баласы азат, тәрбиелі болуға тиіс.

Міржақып Дулатов

Екі нәрсе адамды дана қылады; оқыған кітабы мен кездескен адамдары.

Чарльз Джон

Ар-ождан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіне, ізгі іс-әрекетіне байланысты.

Әл-Фараби

Әр заманның өзіне лайық сөзі бар.

Базар Оңдасұлы

Ақша қымбат, адамның өмірі одан да қымбат, ал, уақыт бәрінен де қымбат.

А.В.Суворов

Жақсы деген кісінің алды-арты нұр болар.

Бөлтірік Әлменұлы

Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы – әдеп пен сый.

Мұхтар Әуезов

Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз,
Даңқым шықсын десеңіз, көпшіліктің адамы болыңыз.

Әл-Фараби

Мен үш қасиетімді мақтан тұтам. Олар; жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым, хәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

Ақан сері

Адам бойында үш асыл бар: бірі – көз, бірі – тіл, бірі-көңіл.

Мәшһүр Жүсіп

Үлкен болып қалу үшін ғаламда,
Үлкен арман керек екен адамға.

Мұхтар Шаханов

Бүгін – өткеннің нәтижесі әрі болашақтың бастамасы.

Виссарион Белинский

Алты Алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі.

Мағжан Жұмабаев

Даңққа жеткізетін жол еңбекпен салынады.

Публилий Сир

Сөнген ойды жандандыруға жан беретін сөз керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Мектептің мақсаты – жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру.

М.Дулатов

Шәкірт болып көрмеген, ұстаз болып жарытпас.

Бозэий

Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін берілмейді, басқаның ойына қозғау салу үшін беріледі.

В.О.Ключевский

Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді.

А.Дистерверг

Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәнінде мұғалім болмақ.

Л.Н.Толстой

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

Т.Айбергенов

Әрбір адамның өміріндегі ең қымбатты – елі, жері, Отаны. Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Сондай елдің қасиетті белгілерін ерекше қадірлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын бойтұмардай қасиет тұтуы қажет.

Н.Ә.Назарбаев

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Ж.Аймауытов

Еңкүшті, еңақылды емес, болып жатқан өзгерістерден қалыс қалмайтындар ғана өміршен болады.

Чарльз Дарвин

Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді.

И.С.Кони

Үлкен тәкаппарлықтар деңгейі төмен адамдарда болады.

Волтэйр

Бір ойға жету үшін көп ойды қуалау қажет.

С. Лес

Атажұрттың түтіні де тәтті.

Гомер

III тарау

ДАНАЛЫҚ ӘЛІПШЕСІ

ҰЛЫЛЫҚТАН ҰЛАҒАТ

(Кәлилә мен Димнә)

Бүкіл жержүзіне кеңінен тараған үндінің атақты хикаяты «Кәлилә мен Димнә» белгілі араб ертегісі «Мың бір түннен» сегіз ғасыр бұрын жазылған екен.

Сонау көне ғасырлардан бері бүкіл әлем халықтарының рухани қазынасына айналып келе жатқан шығарма осы «Кәлилә мен Димнә» деуге болады.

Бастапқыда «Панчатантра» (бес бәйіт) болып шыққан алғашқы нұсқасы III ғасырда үнді тілінде жазылған. Жазған адамның аты-жөні белгісіз. Бұл шығарманы үнді тіліннен парсы тіліне VI ғасырда Барзуя деген дәрігер аударыпты. VIII ғасырда Әл-Мұқафұлы оны араб тіліне аударып, бұл шығарма, яғни «Кәлилә мен Димнә» (екі шиебөрі), болып жазылып, оның атағы дүниежүзіне әйгілі болған екен. Қазіргі таңда әлемнің дамыған елдерінің бәрінің тіліне аударылды.

Құрметті оқырман қауым! Өзім оқыған аталмыш шығармадан көпшілікке рухани азық болсын деп, тәрбиелік мәні бар пәлсапалық сөздерін іріктеп алып, көпшілікке ой салсын деген оймен үзінділерін ұсынуды дұрыс көрдім. Өйткені шығыс халықтарына тән ұшқыр да терең ой, тапқыр да жүйелі сөз, адамдық пен адамгершілік қасиеттерді, ақыл мен парасаттылықтың фибрат өнегесін алуға, оқу мен тоқуға болады деп ойлаймын.

Автор

1. Данышпандар өздерінің білімі арқасында патшаға мұқтаж емес, ол қаншама бай болғанымен, данышпандарды патшалар баса-көктеп өте алмайды.

2. Мен ақыл мен ұятты бір-бірінен ажырамас дос, деп білемін, егер біреуі жоғалса, екіншісі де табылмайды, бұлар адам арасындағы ұшырайтын қиыспас екі дос тәрізді.

3. Толып жатқан хайуандардан да және дүниеге сыйып жүрген басқа заттардың бәрінен де адамды айырып тұратын төрт қасиет бар;

Олар:

- даналық;
- ұстамдылық;
- ақыл;
- әділдік.

Даналық – ғалымдық, оқымыстылық, ойлап сөйлеушілік жатады.

Ұстамдылыққа – ұялшақтық, игі ниеттілік, өзін тежеп ұстау және өз басын қадір тұту жатады.

Ақылға – зерделілік, төзімділік, әдептілік және ізеттілік жатады.

Әділдікке – шыншылдық, міндетін орындай білу, жақсы істі істей білу және мейрімділік жатады.

4. Данышпандар айтқан екен: “Үн қатпауға тырыс, ол сенің қорғаушың, бос сөзге салынба, өйткені арты өкінумен тынады”.

5. Тәңірім берген сыйының ішіндегі ең құндысы асқаралы ақыл екен, өмірдегі барлық нәрсеге қолы жететін күш осы, ол болмаса ешкім де күнделікті өмірін тәптіштеп тәртіпке сала алмаса керек, пайдалы затты

өзіне икемдеп, бауырына басып, зияндыдан қашып құтыла алмас еді.

6. Парасатты ақыл мен оқымыстылықтан артық еш нәрсе жоқ. Кімде-кімге Тәңірім ақыл берсе және білімге ынталанып, өзі талаптанып соны күшейтуге тырысса, бар табыс соның басында болады.

7. Есіңде болсын, адамның ақылы мынадай сегіз түрлі қасиеттен әйгіленеді. Олар:

- өзі биязы, әрі әдепті болу;
- өз жүрегін жете танып, соны қадір тұту;
- патшаға бағына біліп, оның қабын табуға тырысу;
- өз сырын берік сақтап, оны шын досына ғана көзін тауып айта білу;

- патша сарайының алдында әрі әдепті, әрі байыпты болу, сыпайыгершілік сақтай сөйлеу;

- өз сырын да, өзгенің сырын да сақтай білу;

- аузына ие болу, саралап ой тезінен өткізбей сөйлемей;

- жиын топтың алдында өзінен арнап сұраса ғана жауап беру, өзінің анық білетін заты жайында ғана сөйлеу, өкінерлік әңгіме айтпау;

- осы қасиеттердің бәрі бір адамның басында болса, ол тілеген игілігіне жетеді де, үнемі рақатқа батады, пәле-жаладан, залал шегуден сақтанады, тілегенін беруге татырлық адам осы болады.

8. Дүниеге махаббаттан артық еш нәрсе жоқ. Кімде-кімнің жүрегінде махаббат болса, сырын білмей-ақ жақындасуға жарайтын жан сол!

9. Бұл дүниедегі адам үш нәрсенің қамын жеп, соған бар ниетімен тырысуы керек екен, олар:

- күнелтудің жағдайы;
- бөгде адамдар мен өзінің арасындағы қатынасты әдемілеп құра білу;
- өзі туралы кейінгі үрім-бұтаққа жақсы үлгі қалдыру.

10. Еңбегі еш болып, өмір бойы ісі оңға баспайтын қасиеттер де бар, олар:

- жігерсіз тоғышарлық;
- мешеулік;
- естігеннің бәріне бірдей сене берушілік.

11. Бұл дүниеде әр адам үш нәрсеге ынтық болады. Олар:

- емін-еркін өмір сүру;
- жұрттың құрметіне бөлену;
- келешекке пайдасы тиетін игі еңбек жемісін молықтыру.

Осы үш нәрсеге жету үшін қосымша төрт шартты орындау керек, олар:

- дүние-мүлікті адалдан жинау;
- қолда бар дәулетті ұқыптап ұстап, жақсы күту;
- жиған-тергенді күнделікті керекке, үй ішінің, туған-туысқанның қажетіне жарату, мұның пайдасы ақыретте тиеді;
- қолдан келгенше пәле-жаладан сақ болу.

12. Даналар айтқан екен: “Қажырлы, қайратты адамға екі-ақ жерде болу орынды; не патшаның мейір шапағатына қарқ болу немесе тақуалыққа салыну, басқа мекен оған лайық емес” – депті.

13. Есіңде болсын, әкімшілікті бүлдіретін алты нәрсе бар, олар:

– ажырасу–патша қажырлы, ақылды және сенімді көмекшілерінен, ақылгөйлерінен әкімдерінен ажырасады;

– бүлік–кездескен дау-шарға, ұрыс-керіске жұрттың басын шатыстыру;

– құмарлық-зинақорлық, әңгімешілдік, маскүнемдік – өрескелдік-орынсыз күйіп-пісу, балағаттауға асығу, керексіз жерде жұдырық жұмсауға ұмтылу;

– тағдыр – адамның басына түсетін ауыртпалық – оба, су тасқыны, бедеулік, т.б.;

– қызбалық – жуастықтың орнына қатал болу немесе қатал болудың орнына жуастық істеу.

14. Ақылға бай дұшпанның да кеңесін елеусіз тастамаған дұрыс, өйткені берген кеңесіңнің маңызын ол толық ұғынады, сондықтан оған пайдалы ма, зиянды ма – бәрібір ойға қонымдысын айтады.

15. Бұрынғылардан қалған сөз бар “Кімде-кім біл-ген ақылын – патшадан, ауруын – дәрігерден, жоқшылығын – бауырларынан жасырса, ол өзін-өзі алдайды”, - деген екен.

16. Бауырдан да, көмекшілерден де мына жүйелі кеңес беруші адам артық, ол істің ең игісі ақыры қайырлы болуында. Әйелдің ең жақсысы айтқанға жылдам көнеді, ол мақтаудың ең асылы – ардақты жанның аузынан шыққаны. Достың ең жақсысы егеспейді, байдың ең жақсысы дүниеқор болмайды.

17. Кімде-кім махаббатын орынсыз ысырап етсе немесе бар ынтасын ала бермейтін кісіге жаратса, бұлда сортаңға шыққан дән немесе өлген мәйітке ақыл айтқан адам сияқты болады.

18. Жалғыз ақылмен де бірталай істі тындыруға болады, бірақ ақылға сүйенбей жалғыз батырлықпен ештеңе ретіне келмейді.

19. Ақылды адамның қолы жетсе, мансаптың да, құрметтің де зияны жоқ; қаншалық қатты жел тұрғанымен тауға әсері тимейді ғой, ол аз ғана жел тұрса теңселіп кететін селеу тәрізді, пасық адам болмашы дәрежеге дандайсып сала береді.

20. Кімде-кім досы мен қасын ажыратқысы келсе, олар туралы естігенін ой талқысына салып, өз жүрегімен сырлассын. Өйткені өзің басқаға қандай болсаң, олар да саған сондай көзқараста болады. Адамның өзіне қарсы шығатын айғақтың ең күштісі өз жүрегі ғой.

21. Патшаларға жуық тұратындардың арасында, мансапқа таласу, қызмет дәрежелерін бір-бірінен қызғанып күндеушілік, көре алмаушылық көп болады, әсіресе араларындағы ең ақылдысын, адал ниеттісін күндейді.

22. Кім де болса жек көргендіктен бұрмалауға тырыспасын, орынсыз жазғыруға патшамызды арандатпасын. Өзіне қарсы істеген аз ғана жазығы үшін жауапқа тарту жазғырушыға мүлде лайық емес.

23. Кімде-кім менің ісім туралы еш нәрсе білмей тұрып, көмескі болжау айтса, сол орынсыз сөйлегеннің салдарынан, өзі білмейтінді білемін деген дәрігердің кейпін кимек.

24. Асыл жан асылды бір көргенде-ақ немесе сол танысқан күні-ақ таниды да, жанаса кетеді, ал арамза

адам қорықпаса немесе бір пайдасы тиер деп ұқпаса, ешкіммен жақындаса алмайды.

25. Бұл өмірдің адамдары өз ара достасқанда екі нәрсені дәнекер етеді, олар:

- жүрегіндегі барын ортаға салады;
- қолындағысын ұсынады;
- жүрегіндегі барын ортаға салу, қолындағысын айырбастаудан анағұрлым артық.

26. Өтірік сөйлеуден мылқау болу артық, зорлықтан алдау артық, ал төңірегіндегі елді жеп, төрт түлігі сай болып рақатқа батудан таза жоқшылық пен кедейлік артық.

27. Жұрттың қамын ойлайтын, екі талай кезеңде ел болып көмек тілейтін, халық паналайтын игі жандар болады, міне ең бақытты адамдар осылар, ешкімге шарапаты тимейтін байларды көпшілік байға есептемейді.

28. Кімде-кім өзін, не жауын тани алмаса, ол әлі жетпейтін дұшпанмен соғысады да мерт болады, өзін өзі орға итереді. Ақылды жан жауының күшін өзінен кем тұтып, қорлай алмайды. Мұны істеген адам алданады, ол алданған жан алдырады.

29. Тәкаппар адам ізгі атаққа сусамасын, алдамшы ояр өзіне дос көксемесін, тәрбиесіз жан бекзаттыққа ұмтылмасын, өзі сараң біреуден мейірбандық күтпесін, қомағай, ашқарақ жан күнәсінің кемуін тілемесін, уәзірлері ақылсыз, өзі аңқау, патша қулықты күйттеп мемлекетін нығайтуды арман етпесін.

30. Дүниеде екі-ақ адам қайғыруға тиіс, олар:

– күнде күнә жасайтын адам;

– ешкімге ешқашан жақсылық ойламайтын адам.

Өйткені қуаныш пен рақат бұл өмірде шолақ, ал істеген қылығы үшін жазалануға кіріптар, болғанда, оның өкініші өлшеуге келмейтін ұшан-теңіз.

31. Екі-ақ адам қайғырмауға тиіс, олар:

– үнемі ел болып есіркейтін сүйкімді жан;

– еш уақытта күнәға батпайтын адам.

32. Еш уақытта көрмейтін жан да екеу-ақ:

– соқыр мен есуас. Соқыр аспанды да, жұлдызды да жерді де көрмейді, ол алыс пен жақынды да, алдындағысы мен артындағысын да ажырата алмайды; сондай-ақ есуас адам да ақылдыны ақымақпен, сұлуды сұмпайыдан, жауызды игі жақсыдан ажырата алмайды, ол көре де білмейді.

33. Тоймайтын екі-ақ адам бар, олар:

– дүниені тырнақтап жиып, баюдан басқаны ойламайтын адам;

– тапқанын түгел жұтып қойып, өзінде жоқты жұрттан тіленетін адам.

34. Құлазып тұл қалатын үш-ақ нәрсе, олар:

– өзеннің сусыз арнасы тұл;

– иесіз ел тұл;

– күйеусіз қатын тұл.

Қолынан не жақсылық, не жаманшылық келмейтін ез адам да осы қатарға кіру керек.

35. Ақымаққа саналатын үш-ақ адам, олар:

– бүкіл бала-шағасымен тар үйде тұратын ағаш шебері;

– ұстарамен қызмет істейтін, бірақ оны ықтияттап ұстай алмай, адамның денесін жаралайтын дәрігер;
– өз үйіне, өз отанына қайтқысы келмей, дұшпандарының арасына барып қонақтаған жолаушы.

36. Қолы жетпейтінді арман ететін үш-ақ адам, олар:
– тақуалықтан жұрдай болған арамза, сөйте тұрып, өлгеннен кейін діндарлардың қатарына кіріп, солар сияқты жарылқануды дәме қылатын жан.

- өзін-өзі ізгі туған бекзат жанға санайтын сараң;
- әділетті аттап халықтың қанын жүктейтін жауыз бұзық, сонда да ақыретте рақатқа батып, жарылқанатын мейірімді, рақымшыл ізгі сопылармен бірге болудан да үмітін үзбейтін адам.

37. Төрт адамда рақым жоқ, олар:
– жазаланып денесіне түгел жара түскен жан;
– өзін үздік бағалайтын сұмырай;
– ұрлыққа үйренген адам;
– жылдам ашуланатын, біреудің өтінішін шабан кабылдайтын жан.

38. Күн мен түн, сопы мен дінсіз, жарық пен қараңғы, жақсылық пен жаманшылық міне, осы төртеуі бірімен бірі достаса амайды.

39. Қарақшыға, өтірікшіге, екі жүзді адамға, пейілі арам зорлықшыға, міне, осы төртеуіне сенбеу мақұл.

40. Мейірімсіз жан бесеу-ақ, олар:
– тілі удай, ызақор патша;
– ақшаға жалданып өлікті арқалаған адам;
– біреуді тонау үшін іңір қараңғысын күткен ұры;
– жұртты жолдан тайдырып, арамдыққа беттететін азғырушы әзәзіл;

– өзінде жоқты алуға үнемі есі кетіп тұратын, міне сол тілегіне, жету үшін не өзін, не біреуді мерт қылмай тынбайтын содырлы сотқар адам.

41. Сегіз адаммен істес (қызметтес) болмау мақұл:

- орынсыз өрескел ақыл беруші;
- ешбір іске тұрағы жоқ адам;
- өзін үнемі жоғары санайтын өр көкірек жан;
- өз пікірін ғана жәуіттейтін өтірікші;
- өзінен ақшаны артық бағалайтын сараң;
- өз әліне қарамай ауыр жұмысқа кірісетін әлсіз жан;
- міні сорайып көрініп тұратын оспадар адам;
- өз туысымен үнемі таласып, кескілесіп өтетін жан;

42. Өзін де өзгені де алдайтын сегіз адам, олар:

– жұртқа көп нәрсені үйреткісі келетін, бірақ өз ақылы шағын адам;

– салмақты да ақылды, бірақ ол ақылын халыққа үйретпейтін тымырсық жан;

– өзі иеленуге тиіс емес, қолы жетпейтінді көкसेген адам;

– шеннен шыққан тәкаппар, пасық, дінсіз, жаны ашитын ақылды достарымен кеңесудің орнына өзі білермендікке салынатын жан;

– өзінде ақыл жоқ, алды-артын бағу бойына бітпеген, сонда да игі жақсылар мен патшаларды шырғалауға тырысатын адам;

– өзінен анағұрлым білімдіні тойтарып бет қаратпайтын, оның бағытын қолдамайтын, сөйте тұрып білімді аңсайтын адам;

– жүрегіндегі махаббаттын сарқа білдіріп, тектеусіз сенетін адал қарым-қатынас жасамай тұрып, патшаларға жалбандап қыбын табуға ұмтылатын жан;

– үнемі өтірік айтатын, пасық мінезді көке мылжың, үйретушы ұстазынан үлгілі тәрбие алуға тырыспайтын,

міне, осындай үй басқарушымен қазынашысы бар патша.

43. Патшалар барлық жағдайды түгел зерттеуі керек, көзіне сеніп, көрінгенге алданып жүрмесін, достарының бірінен бірі ортала құрметтеген кезде де адаспасын, мысалы, ең әуелі түсін, дәтін, иесін анық білмей тұрып, шарап сатып алған кісіге ұқсамасын. Егер ол көзжұмбайға кіріссе, онда алдаудан, зиен тартудан аман құтылмайды.

44. Өз басынан гөрі сенің көркеюінді тілейтін, басын бәйгеге тігіп, үнемі сені аман сақтауға тырысатын, сенің ырзалығың үшін достарыңа жек көрінішті де болатын, орындауға келгенде ол тындырмаған ешбір қызмет қалмайтын, қандай ауыр, қаншама қиын бола тұра ешбір істен бас тартып қашпайтын, өзіңнен ешбір сырын бүкпейтін достарыңның қасиеті болса, оларды тек әкеге, туған балаға, туысқанға ғана бөлеу керек.

45. Кімде-кімнің әділетсіздік атағы шықса, мойнына алған міндетіне жүрдім-бардым қараса, сертті сөзіне опасыз болса, жақсылыққа жамандық істесе, ізгіліктен аулақ тұрса, өзін өмірі ренжітіп көрмеген туыстарымен де, достарымен де түзу қарым-қатынас жасауға жарамаса, міне, осы адамнан суысып айырылған кезде қайыра араласудан тоқыраған жан.

46. Кімде-кім бір келелі іске, зор мақсатқа ұмтылса, алайда болмашы бір кеселді кедергіден сескеніп әлгі бетінен бас тартса, ондай адам күтпеген жерден жолы бола қалмаса, ұлы дәрежеге жете алмайды.

Шынында, бұл жалғанда игі ісімен атағы шыққан жан пайдалы нәрсенің ешқайсысын да өзімен бірге

ақыретке ала кетпейді, оның басына біткен ұлы сәттілік, зор бақыт сол, істеген ісі ғана артында мәңгі қалады.

47. Кімде-кім бір нәрсеге талаптанса, оның іздеген мақсаты, көздеген нысанасы болсын, соған жеткенше тырыссын да, жеткеннен кейін қанағат тұтып, әрі аспай тоқтай да білсін!

48. Ақылды адам саналы әрекет жасасын, өзі нені қаласа, басқаларға да соны тілесін, өз басына пайдасы үшін біреуге зиян шектірмесін. Кімде-кім осылай істесе, ол татымды адам болады.

49. Ақылды жанның ой-санасы еш уақытта сарқылмайды, тапқыр тәжірибесі ыдырамайды, өйткені саналы адамның ақыл-ойы түпсіз терең теңізбен тең.

IV тарау

РУХАНИ МҰРА

(кемеңгер Дінмұхаммед Ахметұлы
Қонаевтің ұлағатты сөздері)

ҰЛЫДАН ҚАЛҒАН ҰЛЫ СӨЗДЕР

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, халқымыздың біртуар ұлы перзенті Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтің есімі алты алашқа белгілі.

Дара даналар өмірден өткенімен, олардың тұлғалары тарихқа айналып, тау тұрғылас асқақтай береді. Бар ғұмырын өз ұлтының дамуы мен өсіп-өркендеуіне ғана арнаған. Димекен де халқының мәңгі есінде қалатын кемеңгер.

Дінмұхаммед Ахметұлы халқы көзі тірісінде-ақ алғаусыз жақсы көріп, ардақ тұтты. Бір емес, бірнеше толқын ұрпақтардың құрметіне бөленген ел перзенті туралы жазылып та, айтылып та келеді. Ол туралы әлі көп жазылатынына сенемін.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтің еңбегін, рухани мұрасын, өзі айтқан тағылым олар сөздерін бүгінгі және кейінгі ұрпақ та көңілдеріне тоқи жүрсін деген ниетпен «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты мемуарлық кітаптарынан алынған сөз маржандарын көпшілік оқырманға пайдасы тиер деген оймен жинақтап ұсынып отырмын.

Димекеннің жарқын бейнесі ұрпақтар сабақтастығында да заманалар заңғары болып биіктей түсетіні анық.

Автор

Өмір де ай сияқты ғой, бірде толық, бірде тұтқадай ғана болатын.

* * *

Үлкен – кіші де, жақсы – жаман да әділеттің құлы.

* * *

Күйе күйдірмесе де, күйелейді, жалпы, жолада шындық болмасын біле тұрсаң да, аркана аяздай батады.

* * *

Жақсы адам – ел ырысы, халқының жоғын жоқтап, мұнын шаққан арыстардан кенде емеспіз.

* * *

Бұрын көрмеген жердің ой-шұқыры да таңсық.

* * *

Адамның жақсы атынан гөрі жаман атына қаңқу сөз үйір келеді.

* * *

Өмір-теңіз. Ол үнемі құлаққа ұрған танадай тыптыныш қалыпта тұрмайды. Дауыл тұрған кезіне тап болсаң, асау толқындар түпсіз тұңғиыққа да батырады, жағалауға да лақтырып тастайды. Онда саған шыдас бергендер ғана ғұмыр кешеді.

* * *

Жақсының сөзі де – жақсы, ісі де – жақсы. Орнын тауып сөйлеу де – өнер, айтқанын аяқсыз қалдырмай, тірлігімен тиянақтап отыру да – тағылым.

* * *

Жар таңдау, үй болу – есі дұрыс адамға бір-ақ рет берілетін бақыт. Өмірге сергек қарау осы отбасынан, оның түгін түтетері – сүйген жарыңды сыйлаудан басталады.

* * *

Көргені жақсы ғана көңілдегідей іс тындырады.

* * *

Өз үйің – өлең төсегің дегендей, алдыңнан жадырап жарың шықса, тапшылыққа қарамастан жоқтан бар жасалып, дастарқаның жаюлы тұрса, дос-жараның бергеніңе ғана емес, ықылас-пейіліңе тойып аттанса, ер жігіттің бір мұраты осы емес пе.

* * *

Адамға өзі сүйген ісінің сүйіншін сезінуден асқан бақыт бар ма!

* * *

Қайрақсыз пышақ өткір болмайды. Ел іші болған соң жүрегіне түк бойлаған ерде табылады, жауын жаумай су-су боп жүретін ез де табылады.

* * *

Көптің мінезі – сәуірдің бұлтындай. Сенің міндетің тамыршыдай тап басып, уақытында арнаға салып, дұрыс бағыт-бағдар беріп отыру.

* * *

Әркім өзі шыққан тауым биік болсын деген үміт дүниесінің желкен қайығымен жүреді. Тәуекелдің төресі – сол. Тауға да шығарады, дауылдан да алып өтеді.

* * *

Әр кәсіптің өз қиындығы мен қызығы бар, әңгіме соның игілігін көруде.

* * *

Ескісіз жаңа болмайды, оның тәлімінсіз, ащы сабағынсыз ертеңгі күннің ерекше қасиеті танылмайды. Демек, бүгінгі күн кешегі күннің шәкірті.

* * *

Әр кездің өз әні бар ғой, оған орындаушы кінәлі болмаса керек.

* * *

Жақсының жақсылығын көре білу бар да, оны айта жүру, үлгі ете білу бар.

* * *

Түтіні қисық шыққан үйде береке қайдан болсын.
Ол шаңырақтың отағасының да ішкені ірің, жегені
желім ғой.

* * *

Кісінің беті қайтып, тауы шағылғаннан артық
қасірет жоқ. Соны елей бермейміз, ескере жүрмейміз.
Адамдық қалыпты биік ұстау кімге де болса үлкен сын.
Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасак
екен. Өмір өзегі де осы, азаматтық жол да осы.

* * *

Өз басым мұрат тұтқан мынадай бес сипатқа тоқтала
кеткім келеді;

Біріншісі: - біреуге тіл тигізуден сақтану. Ақыл –дос,
ашу – дұшпан дегеннің мәні осы.

Екіншісі: - Әдептілік. Қазақ әдептен аспай, кішілік
көрсету арқылы кісілік танытқан.

Үшіншісі: - өзің өзгеге күдіктенбе, өзге өзіңе
күдіктенбесін. Иман жиям десең, пиғылыңды таза ұста.

Төртіншісі: - не істесең де зеректікпен тындыра біл,
аяғына жеткізе біл. Ырысың осы.

Бесіншісі: - өз басыңа тілемейтін істі, біреуге істеме.
Қиянаттан асқан қылмыс болмайды. Сақтансақ, осыдан
сақтанайық.

* * *

Қуана білу, қуанта білу де бақыт.

* * *

Қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, адалдық пен арамдық ...

* * *

Тұрмыстың сәні келіспей істің мәні болмайды. Оған жүрдім-бардым қарауға ешкімнің хақысы жоқ.

* * *

Өмір – өзен. Асып та, тасып та жатады. Сабасына түсіп, бір қалыппен де ағады, бірақ онда тоқтау жоқ.

* * *

Басшы үшін таптырмас бір қасиет бар. Ол – қарамағындағылардың көңіл-күйін, тұрмыс-жайын, тіршілік-қамын тамыршыдай топ басып, біліп отыру. Онсыз ісің ілгері баспайды.

* * *

Біз ізгілік үшін күрессек те өмір кіл жақсылықтан тұрмайды. Өмір – ақ пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен күйініштің текетіресуімен қызық, қақтығысуымен мәнді.

* * *

Жасыратыны жоқ, биік мансапты жігіттің жігіті көтереді. Баққа да бап керек, тәубе керек.

* * *

Кіл жақсыны жинау жоқ, көп ішінде, күріш арқасында су ішіп жүрген күрмек болмай тұрмас.

* * *

Жан дос, адал іні, ер азамат сен құрдымға батып бара жатқан тұста танылады. Жан азабын, оның ащы айғайын сол ғана есітеді, сол ғана түсінеді.

* * *

Бірдің емес, бүкіл елдің сөзін сөйлер артық туған ақындары бар елден бақытты ел жоқ. Олар арына ғана жүгінеді, ақындық жүрегіне ғана сенеді.

* * *

Жұмыстың үлкен-кішісі болмайды. Ине сабақтаған ісмерден үй салып жатқан құрылысшыға дейін қойылатын бір-ақ талап бар, ол – жауапкершілік. Ал, оған бас-көз боп жүрген адамдарға екі есе артық жауапкершілік жүктеледі.

* * *

Семіз айтып, арық шығудан асқан ұят жоқ.

* * *

Әрбір істің өзіне лайық мезгілі болады, ол мезгілсіз іс көңілдегідей болып шықпайды.

* * *

Ат баспаймын деген жерін екі рет басады, бір қалыпты өмір жоқ. Дүниенің түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болуы әп-сәтте.

* * *

Айтушысы келіссе, тіл шіркінде сүйек жоқ, түйедейді түймедей етем десе де, тегенедейді тебінгідей етем десе де ықтияры.

* * *

Қатыгездікте шек болмайды. Оны бастан кешкендер жақсы сезінеді. Зардабы ұрпақтан-ұрпаққа кетеді.

* * *

Кісі тағдыры немқұрайдылықты көтермейді. Ол барынша қырағылықты, барынша сергектікті, қажет десеңіз қайырымдылық пен сезімталдықты қажет етеді.

* * *

Жақсымызды қадір тұтпай жаманнан арыла алмаймыз.

* * *

Адам – жылқы мінезді. Мінсізбін, кіршіксізбін деуден аулақпыз, бірақ құдай сүймес қырсықтан, қыңырлықтан сақтасын.

* * *

Қонақты әулиедей күтетін қазақтың маңдайындағы несібесі ғой. Оны одан бөле алмайсыз.

* * *

“Көргені жақсы – көш бастар” дейді халық. Үлкен мән бар. Өнерге, білімге, ізгілікке ұмтылсақ қана көсеге көгеріп, көрпе ұлғаймақ. Сонда ғана жұртпен тең сөйлесіп, терезе теңестіреміз. Құр мақтан, босқа мал шашпақтан құтыламыз.

* * *

Сүрлеуі салынбаған жолдың ойлы-қырлы келетіні, бұлтарысы мен бұралаңының аз болмайтыны айдан анық.

* * *

Жердің үстімен келіп, астымен қайтқаннан асқан азап болмайды. Жақсылығыңды адамға жаса, сол үшін жаса, сол үшін елдің сенген тізгінін ұстап отырсың.

* * *

Алыпқашпа сөзде ауыздық болмайды.

* * *

Даналық халықта. Олардың ортасында жиі болып, айтар тілегіне, қоятын талабына құлақ ассаң. өзіңді өмір мектебінен дәріс алып қайтқандай сезінесің.

* * *

Өзіндегі барды өзгемен бөлісудің, өзгеден өзіңнің үйрене жүргенің қандай ғанибет. Білсем деген талап қай жастағы, қандай дәрежедегі адамға таптырмас қасиет.

* * *

Оңтүстік Қазақстан – көркіне көз тоймас сұлу өңір, қайнауы құт – берекелі жер, елі қонақжай. Сондықтан оларды мақтаудан гөрі, барып қонақ болып, сый-құрметен көру – қазақ деген ұғымның сырын ұқтырады.

V тарау

ОЙМАҚТАЙ ОЙЛАР

(төрттағандар)

* * *

Болар бала, бозбала жеткіншекті,
Қажыр мен таудай талап жетелейді.
Ұлықтың ұланға айтқан ізгі ілімі
Жадында сақталумен көнермейді.

* * *

Жастық өтер бір күні алаулаған,
Бойыңда асау сезім лапылдаған,
Тауқыметі тіршіліктің озса да,
Махаббатың – сүйенерің тозбаған.

* * *

Мансап пен беделімді алға тұтып,
Еркімді еріктіге таңа алмаймын.
Ізгілікті қадамды белден басып,
Парасатқа үстемдік құра алмаймын.

* * *

Адал досың Алланың сыйы болар,
Сыйластық, шынайылық мәңгі қалар.
Дос көңіл бір-біріне демеу болса,
Адамда адамшылық сондай болар.

* * *

Ақыл жетпес шындық пен ақиқатқа,
Өмір көші ұқсайды аққан суға.
Бәріне де, бәрімізге төреші,
Бас иелік өлшем болар уақытқа.

* * *

Азамат бол – ердің білгін бағасын,
Елдің жайы санаңнан тыс қалмасын,

Ойды түзеп, иманды бол, жігерлен,
Ішкі әлемің жадырасын, жайнасын.

* * *

Сенімді ақтау азаматқа абырой,
Қанында бар ер едік қой намысқой.
Адам етіп жаратқан соң тәңірім,
Мөлдір таза түйсігінде тұрсын ой.

* * *

Іштегі ойың қалмасыншы мұз қатып,
Әңгіме айтшы, шерінді бір тарқатып.
Уайым мен баз тірлікті ұмытып,
Жүрейікші, көңіл тасып, бой жазып.

* * *

Адамзаттың көркем мінез асылы,
Бағдаршамы, болашағы қазығы.
Айтшы, достым, қандай жақсы керемет,
Сүйе білу, тани білу, жақсыны.

* * *

Ақылы асса ешкіммен таласпаймын,
Именіп әділ істен жасқанбаймын,
«Ақ» пен «қара» астарын алмастырып,
Жарамсақтық қамытын кие алмаймын.

* * *

Өмір қатал – сынбасыншы сағымыз,
Мейірімге толы болсын жанымыз,
Адаспайық мына өмірдің көшінен
Адамбыз ғой ақылы бар санамыз.

* * *

Шіркін көңіл қырандай боп самғайды,
Өткен күндер ұзақтан қол бұлғайды,
Балаң күндер, алаң күндер кешегі,
Сары күздей сағыныш боп сарғайды.

* * *

Ол рас! өмір қымбат, күлкі қымбат,
Өмірдің мәні қымбат, сәні сымбат,
Бәрі де, бәрі өткінші болғанменен,
Адамға бәрінен де көңіл қымбат.

* * *

Тағы бір жыл судай ағып өттің бе?
Тірі жанға – ой тоқытып көңілге.
Бір жас қосып есейдік біз бәріміз,
Ұпай қосып, ақыл менен сезімге.

* * *

Махаббат екен адамның ұлы тірегі,
Сол махаббат өмірімнің өзегі.
Өмірге ғашық, сұлуға ғашық болмасам,
Керегі бар ма? Қу тірліктің мендегі.

* * *

Жалған мақтау, арзан мадақ не керек,
Ар-ұят, абыройың болсын тірек.
Тұлғаға тән – даралық ең абзалы,
Мұратқа азаматты сол жеткізбек.

* * *

Жақсы болып ғұмыр кешу, ең қиыны адамға,
Кешірімді болған жақсы шалыс басқан қадамға,

Жаман атқа хақымыз жоқ, адамбыз ғой затымыз,
Теңесе алмас ешбір амал, адам болып қалуға.

* * *

Уақытты емші дейді, бар жараны жазатын,
Байқамаймыз сондадағы, көмескі із қаларын,
Мүмкін емес өткенінді, сызып тастау санадан,
Болжау қиын келер күнді, қандай, қалай боларын.

* * *

Жақсының бір ісіне жарамасам,
Ұлықтай көпке пана бола алмасам,
Шен менен шекпен алып неге керек
Обал мен сауабына қарамасам.

* * *

Естігеннен көзіңмен көрген жақсы,
Келер күнге үмітпен сенген жақсы.
Ақылы, парасаты жетіп жатса,
Жігітке лауазымы өскен жақсы.

* * *

Тума дарын – Алланың өзі қалаған,
Өмірге ғашық, құштарлық жақсы, талпынған,
Тасты да жарып шығатын жауқазындай,
Мұратқа жету жас ұланға басты арман.

* * *

Оу, жақсы адам, сен менің қонағым бол,
Көңілім, дастарқаным сен үшін мол.
Сыр етейік өткен мен келер күнді,
Саған салар бар болғаны қолқам сол.

* * *

Жақсы жар азаматтың бағы екен ғой,
Жаман жар маңдайдағы соры екен ғой,
Туысың, дос-жараның арылмаса,
Жігіттің бақ-дәулеті сол екен ғой.

* * *

Жасымнан жақсыларды жағаладым,
Санасыз жаман іске бара алмадым,
Туған ел намысы үшін тура істен,
Шарқымның келгенінше аянбадым.

* * *

Үмітің бар жібінен үзілмеген,
Ертеңің бар думанды бүгініңнен.
Келер күнге сеніммен қара інім,
Ермек емес, бұл саған өмір деген.

* * *

Дүние ылғи думан болмайды екен,
Табиғат берген мінез қалмайды екен.
18 мың ғаламды шарласаң да,
Туған жер топырағына жетпейді екен.

* * *

Өмірде көп екен-ау жақсы адамдар,
Жақсылармен жалғасар ой-армандар.
Бар мезгіл жаздағыдай болмайды екен,
Қадамды аңдап барып баспасандар.

* * *

Әлсіздерді өмірде басынбандар,
Жөнсіздікке бармайды асыл жандар.

Бұл адам пенде емес пе жаратылған,
Қолдан келсе көмек бер, не шамаң бар?

* * *

Анамнан артық жанды таба алмаймын,
Көсіліп елден бөлек шаба алмаймын,
Қырықтың қырқасына шықсамдағы,
Анама сәби күнгі баладаймын.

* * *

Байлық, мансап бұл күнде орын алған,
Арылатын келер күн – қоғам одан,
Адал еңбек, жан байлық ең биігі,
Тіршілікте сол болар нағыз адам.

* * *

Имандылық адамның ақылдығы,
Жақсыларға әрдайым жақындығы,
Ойсыз-ессіз жасаған әрбір ісі,
Дүниеде ол пенденің надандығы.

* * *

Адам болып ой болмау мүмкін емес,
Қымбат күлкі адамға күнде келмес,
Ағайын мен достардың ортасында,
Ынтымақпен жақсы екен құрған кеңес.

* * *

Бір күнің, бір күңіңе ұқсамайды,
Қоса алмас ешбір адам күн мен айды.
Өмір- кеме, тіршілік керуені,
Көсіліп желмаядай тоқтамайды.

* * *

Күндерім өтіп жатыр жазған хаттай,
Жастық шақ алаулаған жанған оттай,
Достарым бала күнгі бірге ойнаған,
Бүгінде менен алыс ұзағандай.

* * *

Жарасар асқар тауға биіктігі,
Ар-намыс ержігіттің болсын көркі,
Халқыңа, елге арнаған әрбір ісің,
Өзіңнен кейінгіге болсын үлгі.

* * *

Жаным үйір адамдық, адалдыққа,
Төзім жоқ екі жүзді арамдыққа,
Пендесі жаратқанның ей адамзат,
Малданба құдай берген атақ-даңққа.

* * *

Кісі бар мансаптыққа алданатын,
Бір күнгі тойғанына малданатын,
Жалғанды жалпағынан баса көктеп,
Арқалап жүргендер бар адам атын.

* * *

Өмірдің күрмеуі көп адастырар,
Ізгілік адамзатты жарастырар,
Қайсарлы, ер мінезді жігіттер бар,
Ертеңін туған елдің алға бастар.

* * *

Атың озар атқосшың жақсы болса,
Сол жаман сенген үміт жолда қалса,

Асқаны абыройдың сол емес пе?
Заясыз кеткен іске көңілің толса.

* * *

Асыл арман, жүйрік менің қиялым,
Даналардың ой-маржанын жинадым,
Бірде биік, бірде ойда жүрсем де,
Әдепсіздік ауылына бармадым.

* * *

Адам бол! Болмашыға ұсақталма,
Жаманға барды-жоқты сыр ақтарма,
Айналаң, көпшілікпен кеңесе біл,
Өз жөніңді дұрыстап, сен ақталма.

* * *

Жанымды ұғар, ұқпайтын да жандар бар,
Тіршілікте - болады екен кереғар,
Бұл өмірдің мәні мен сәні екен ғой,
Кішіпейіл жақсы менен жайсаңдар.

* * *

Елге арналған ісіңді міндет қылма,
Өреннің талпынарлық жолын қима,
Биіктің тұғырына шықсаңдағы,
Күніңді беткейдегі жат санама.

* * *

Кегім жоқ ешбір жанға артып қойған,
Жайсаң мен жақсыларға көңілім толған,
Көңіл ақ, арым таза, жолым тура,
Болмысым әуел бастан солай болған.

* * *

Серік еттім жаныма қылқаламды,
Жазамын өлең сөзбен жан-жарамды,
Сыр мінез, кішіпейіл, жаны таза,
Дос тұттым сыйласарлық абзал жанды.

* * *

Бастаған бір ісінің аяғы жоқ,
Сөзі мен тірлігінің баяны жоқ,
Жуыссаң пітіріңді қашыратын,
Жандарға ақыл айтар шатағым жоқ.

* * *

Сезімім жақсы жанды алдамайды,
От жүрек бостан-босқа толқымайды,
Өмір бар да сүю бар, ұнату бар,
Оны да білген жандар бағамдайды.

* * *

Ынтымақ адамзатты жарастырар,
Бүгінді, ертеңгі күн алмастырар,
Дүбірлеген дөңгелек дүниеде,
Қуаныш та, қасірет те, мұң да бар.

* * *

Шыда достым, бұл дүние керуен,
Жақсы ат емес, азаматқа ез деген,
Тіршіліктің, азабы ма? қажытқан,
Еңсе көтер, атымыз бар ер деген.

* * *

Бастаңыз, ақ ниетпен сөздің басын,
Тілегің сөз бен істе сұйылмасын,

Ізетің, адамдығың, сыйың болар,
Шақырып көпшілікке берген асың.

* * *

Барша халық биік тұтар жандар бар,
Ол, әрине асыл жанды ұстаздар,
Зиялылық тарайтұғын бойынан,
Ұстаздарға құрметпенен қараңдар.

* * *

Адамшылық, азаматқа қасиет,
Бейәдептік ғаламаттық қасірет.
Қиын-қыстау кезеңдерің болса да,
Сап-сап көңіл, төзімменен сабыр ет.

* * *

Аллаға шүкіршілік, сана берген,
Өмірдің өзі екен ғой сабақ деген,
Халқыңа, өз өлкеңе қызмет ету,
Жігітке аса биік борыш екен.

* * *

Бейәдеп, бейпіл ауыз не демейді,
Жан-ділім ондай жанға үндемейді.
Оқыған-тоқығаны бар кісілер,
Ешқашан бірін-бірі күндемейді.

* * *

Алладан жасыру жоқ тірлігімді,
Жақсы-жаман өмірден түйгенімді,
Даналардың ой-маржанын жинадым,
Кейінгіге жарар деп тергенімді.

* * *

Көре білу жақсы ғой ізгілікті,
Бағалай біл, адал еңбек тірлікті,
«Көппен көрген ұлы той» – деген сөз бар.
Тағылым ал, қолдан келсе азды-көпті.

* * *

Алдамшы өмір қамшының сабындай,
Өмір – дария толқиды асау ағындай,
Қайран жастық, гүл дәуренім бір белес,
Көк аспаннан ағып өткен жасындай.

* * *

Келші дос, жайың бар ма ой бөлісер,
Ашылмаса жан сарай кім түсінер?
Адамдықтың ақ туын көтермесен,
Ісің де, тірлігің де бәрі бекер.

* * *

Бар дүниенің бастауы сұлулықтан басталған,
Махаббаттың алауы жан-дүниені жаулаған,
Ақыл-естен айырған күнәдан пәк сезімді,
Қайранда-қайран махаббат мені өзіңе баураған.

* * *

Тәкаппарлық шендіге жараспайды,
Ұлық жан кішік болса адаспайды,
Күні үшін шыр айналып жүргендерің,
Басыңнан бақ тайғанда жылыстайды.

* * *

Жазғандарым жүрегімнің қалауы,
Жан дүниемнің жарып шыққан алауы.

Ар – ожданым, мендегі бар парасат,
Өмірімнің алға бастар жалауы.

* * *

Дүние – мүлік кісіге серік болмас,
Жақсы екен адал досың болса айнымас.
Адамды – адам деп біл тірлігінде,
Бұл дүние екі айналып, қайта оралмас.

* * *

Датымды шаршы топта айта алмасам,
Көргенімді көңілге тоқымасам.
Ағайын туыс-жегжат неге керек,
Тонның ішкі бауындай бола алмасам.

* * *

Үй болған соң болмай қоймас ыдыс-аяқ сыңғыры,
Әр нәрсенің өзіне тән болады екен қыр-сыры,
Адамзатқа ең асылы Алла берген қасиет,
Баға жетпес, терең байлық ішкі дүние жан-сыры.

* * *

Бұйырған несібеден тартынбаңыз,
Ізгілік іс көп болсын, тарылмаңыз,
Еліңнің ынтымағы, бірлігі үшін
Жалтарып ақиқаттан аттамаңыз.

* * *

Иланып адал досың сенім артса,
Қиын-ау «бір атымнан» көңіл қалса,
Көп алдында мерейің биік болар,
Шәкіртің терең ойлы алғыр болса.

* * *

Келелі іске маслихат құрған жақсы,
Ақылдасып ойласып пішкен жақсы,
Ертеңгі тұтқа болар талаптыға,
Өткен күннен ғибрат алған жақсы.

* * *

Досыңа дос қосқаның артық болмас,
Кезігер өкініш те орны толмас,
Кісінің ақыл-ойы асса дағы,
Бойында пендешілік болмай қоймас.

* * *

Бұл дүние өзгеріссіз тұра алмайды,
Қадірсіз, қадірліні біле алмайды,
Алланың берген бағын шүкір етіп,
Кей жігіт көтеріп те тұра алмайды.

* * *

Ішкі дүние тазалығы,
Адамның жан сарайы.
Махаббаттың адалдығы,
Отбасының қамалы.

* * *

Өзің айтар сөздің білгін жетесін,
Сөздің парқы танытады иесін,
Айтар сөздің мәнін ұқпай килігіп,
Біреулер бар көрсететін өресін.

* * *

От сезіммен ойнамаңыз, жан дүниеге дерт беріп,
Адаспаңыз! махаббатты басқа әлеммен теңгеріп,
Ей достарым! қараңдаршы, ықыласпен ден қойып,
Мына дүние тұрған жоқ па махаббатпен тербеліп.

* * *

Жақсы ой ғана адамды адам етер,
Ойың ізгі болмаса сөзің бекер,
Шәкіртің алдындағы алғыр болса,
Күні ертең көк туынды желбіретер.

* * *

Жайды күйттеп, кісі ақысын жемеймін,
Кішілікті – кісілікке теңеймін.
Қасиетіңнен айналайын, туған жер,
Қолдан келсе жыр шашумен тербейін.

* * *

Пендеміз ғой, мінсіз едім демеймін,
Жеткенінше парызымды өтеймін.
Жеке бастың қамын жеумен жүргем жоқ,
Шаршы ортада көптің сөзін сөйлеймін.

* * *

Қанымда жоқ қасиетке бой алдыру менде жоқ,
Елде жоқты талап ету, өн бойымда ол да жоқ.

Жан-дүниеңе ықпал етер досың болса, қанеки,
Кейде маған шер тарқатып, сыр бөлісер жан да жоқ.

* * *

Еңбектеген баланың
Шалынғаны білінбес.
Ісі мен өзі жақсының
Еңбегі кейде еленбес.

* * *

Тірлікке енжар қараған
Жетегіңе жүре алмас.
Оқу-тоқу көп көрген
Өмірде әсте ұтылмас.

* * *

Өзі жалқау кісінің
Қадамы басқан өнбейді.
Өзі көпшіл кісінің
Ошақтан оты сөнбейді.

* * *

Өзіңмен туыс ағайын
Жаныңнан ұзап кете алмас.
Сыралғы асыл жан досың
Сертінен берген айнымас.

* * *

Кіндік кескен мекенге,
Сағынышың басылмас,
Сезімтал асау жүрекке,
Уақыт емші бола алмас.

* * *

Пендеміз ғой, ол рас бәрімізде,
Өмір соқпақ қайтейік көнеміз де,
Бар болғаным болмысым осы ғана,
Өтінемін сен менен мін іздеме.

* * *

Жылдар да жылжып өтеді,
Уақыт жүйрік күтпейді.
Кешегі күнім көнерді,
Бүгінім алға сүйрейді.

* * *

Жаныма жақын тартып, өзіңе сенім арттым,
Айнымас дос таптым деп, өзімді бір қуанттым.
Ісінен опа болмай сөзінен нәр кеткенде,
Көңіл-күй маза таппай жанымды жабырқаттым.

* * *

Ақ жолынан адаспасын, зиялысы адамның,
Алшысы түссін, сақасы ат жалын тартқан баланың.
Айыра білген жөн екен, жақсы менен жаманды,
Адалдық асыл қасиет, қандай да болса заманның.

* * *

Шаршы ортада кеуде қағу, азаматтық іс емес,
Жүгінелік ең дұрысы, бар емес пе? – ақыл-ес,
Жеке бастың қамы үшін елден бөлек саяқ жүру,
Менмін деген ақыл-ойлы, ер жігіттің жолы емес.

VI тарау

ЖАН СЫРЫМ

(өлеңдер)

ӘКЕМЕ

Кешіпсіз, әке, өмірдің ауыр жолдарын,
Білемін мен де ұстазда игі ой барын.
Қиялға шомып, ұйқысыз өткен түндерге,
Таңдадым әке, өзіңе ұқсас жол барын.

Ұзақты түндер, отырам теріп, әр сөздің маржанын,
Іздеймін арнар өзіңе, өлеңнің сазды жолдарын.
Жолыңды қуып келемін, ұстаздық жүгін арқалап,
Бұл ғалам көрсін жан әке, өзіңе ұқсас ұл барын.

Қияға биік самғады, ұшырған қарлығаштарың,
Оралар бір кез олар да, жасырмай сағыныштарың.
Уақыт аққан жұлдыздай, зымырап өтіп барады,
Сен білші іні-қарындас, алдыңда асқар тау барын.

желтоқсан, 1989ж

АНАШЫМ

Әлдилеп мені баптадың
Анашым менің ардағым.
Саянда ыстық өсірдің,
Аяулы менің анашым.
Жүректен шыққан сазды әнді,
Анашым, Сізге арнадым.

Қадірлеймін, сағынамын өзінді,
Жарығым деп еркелеткен сөзінді,
Анашым – менің анам
Ана – жаным данасың бір өзіме,
Сәби болып көрінемін көзіңе,
Анашым – менің анам.

Мен үшін көзді ілмедің,
Анашым менің есімде,
Елестейді бала кезім,
Елжіреп мені сүйгенің,
Сағынамын, еске аламын,
Парызым Сізге көп менің.

АНА ТІЛІМ

Ана тілім тарихпен бірге жеткен,
Саған арнап үн қоссам жетер ме екен.
Қалыпсың-ау қара күз ағашындай,
Жапырағы барынша селдіреген.
Қайран тілім, тағдырға бой алдырған,
Мен өзіңсіз жалғанда жетім екем.

Ана тілім – ана сүтін емізген.
Әлдиімен бесік жырын тербеген.
Қанатыңды қомданып жая түсші,
Басталды енді міне, ел-егемен.
Өлеңнің оюымен өрнектейін,
Құттықтап мемлекеттік мәртебеңмен.

14 тамыз, 1990ж

ЖАН СЫРЫМ

О, адамзат!
Тағдырымыз бір біздің
Тіршіліктің бар белесін
Өзіңе бас игіздің.
Сенен асқан даралықты,
Ұлылықты көргем жоқ
Бара берші, бола берші
Жалғаушысы жақсы істің.

Кейде мына шөлікпеймін,
Қанып ішер судан мен.
Жан сырымды жайып салар,
Достарым көп болғанмен.
Атам қазақ айтқан еді –
“Адам күні адаммен”,
Жақсылармен сұхбаттасам,
Бір жасарып қалам мен.

Біреу шыңға өрлемес,
Демеп-демеп жібергін,
Ұмытпағын сондай күннің,
Саған да бір келерін.
Салып жібер өз арнама,
Шектен шығып кетсем тым.

О, адамзат, айтшы қане,
Сенен асқан дана кім?
Тұңғиықтың тереңіне
Ынтызар боп бойлар ем,
Парасаттық – біреуге дерт болғанмен,
Көпшілікке болар ем.

Жырдың дәні қолда болса,
Жер қалдырмай себер-ем.
Жырды сүйер елім менің,
Кімді саған теңгерем?!

4 шілде, 1990ж

ТІРЛІГІҢ БОЛСЫН ӘДІЛ-АҚ

Шындықтың бетін төңкеріп, түбіне жеткен кімдер бар,
Әділдік сөзді айтам деп, талайлар әлі опынар.
Қаламның мініп тұлпарын, соңына қаттап жинаған,
Ұрпаққа тастап қалдырған, даналық талай хаттар бар.

Қанатыңнан қайрылсаң – ақыл айтар ағалар,
Заманың, құрбы – достарың сені кімге бағалар.
Жылдар өтер, әйтеуір, көмескі тартып іздерді,
Ұзаққа тартып сарғайған, әділдік бір кез оралар.

Жүректен шыққан сөздерің, жүрекке жету қиын-ақ,
Айналаң толы достарың, білуің қиын кімі – ақ.
Тасыма көңіл, жасыма, үмітің алда болашақ,
Халқың үшін, ел үшін, тірлігің болсын әділ-ақ.

1989 жыл

АБАЙ АТА РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Адамдықтың кеніші – дария,
Тұнығы сізде кемеңгер ата.
Сүрлеуі әлі солқылдап жатқан,
Жолменен келем сүреңсіз ата.

Ақылдықтың асқары биік,
Бұлақтың кәусар пірісің – ата,
Ұрпақтарың нәр алар дәйым,
Сом тұлғанды сағындым ата.

Өлеңмен соққан кестелі сөзді,
Тал бойыма тоқыдым ата.

Ақиқат жолдың даналығы,
Қара сөзге ден қойдым ата.

Ақшулан ойлар жетелеп кетсе,
Өзіңмен сол сәт сырласам ата,
Рухың бар жебейтін мені,
Тура жолдан адассам ата.

1995 жыл

СҮЙЕМ МЕН

Күндей күліп төгілген,
Бейхабар мына дүниеден.
Алыстап кеткен ұзаққа,
Балалықты сүйем мен.
Құлыным аман болсын деп.
Мен үшін талай күрсінген.
Ізгілік үшін жан салған,
Аналықты сүйем мен.
Кешегі өткен Баукеңдей,
Даралықты сүйем мен.
Ешнәрсеге теңдессіз,
Даналықты сүйем мен.

1991 жыл

ДОСҚА СЫР

Дүниеде қиын екен ақын жанды,
Түртпектеп түн ұйқымды, мазамды алды.
Қайтейін көңілімнің базарлығын,
Достым-ау, кейде сенен көңілім қалды.

Селқостықпен өмірге қарамайық,
Өткен күнге өкіну кімге айып.
Күйбең тірлік байқаусыз өте берер,
Одан да келер күнді ойланайық.

наурыз, 1991 жыл

ҰСТАЗҒА

Қанатым қатайып, өзіңнен ұшсам да,
Есімің ұстазым, мен үшін шыңдарда.
Ұстазым ... , ақ сөзің көңілді серпілткен,
Жабыққан шақтарда ...

Ақ қырау түсіпті, білдірмей самайға,
Біліммен сусынту, ұстазға оңай ма.
Қиналам өзіңе, бір теңеу таба алмай,
Шабытты шақтарда ...

қыркүйек, 1988 жыл

АРЫСЫМ ЖАСЫЛ БАҒЫМ

Өмірімнің бар мәні – сен деп білем,
Келер күнді атырып сеніп келем.
Көкте, гүлде Арысым қанат жайып,
Мен өзіңе тілеулес болып келем.

Куәсісің бал дәурен күндерімнің,
Ой – құшаққа еліктеп түндерімнің.
Алыстап топ жұлдыздай жарқырайды,
Ынтымағы жарасқан шамдарыңның.

Кіндік қаным тамған жер – Арысымсың,
Байлығым да, бағым да ырысымсың.
Атамекен бас иіп табынамын,
Өйткені, сен мен үшін биік шыңсың.

Қасиетті мекенім, ардағымсың,
Сен мен үшін киелі Ақ Ордамсың.
Көкке самғап қанатты қақсамдағы,
Арысым – жасыл бағым, жұмағымсың.

1993 жыл

ҚАЗАҚСТАН

Туған елім,
Кең, бай жерім.
Халқың бар дархан,
Дәулетті Қазақстан.
Асқар тауым,
Шалқар көлім.

Сымбаты көз тартқан,
Айналдым Қазақстан.

Әнім менің, жырым менің,
Анамдай асыл туған жер.
Мақтанышым, өскен елім,
Айналдым әсем ыстық жер.

Неткен көркем,
Туған өлкем.
Бірлігі жарасқан,
Сәулетті – Қазақстан.
Қымбат маған,
Туған Отан.
Айшықты көк аспан,
Еркін ел – Қазақстан.

желтоқсан, 2002 жыл

САҒЫНДЫМ АҚЫН АҒАНЫ

Ақиық қазақ ақыны,
Тербеткен мынау даланы.
Дауылпаз өшпес жыр әні,
Сағындым ақын ағаны.

Токтатпай күндер ағыны,
Сағымдай ұзап барады.
Жұлдыздай аққан көктегі,
Халқының асыл сұңқары.

Ғашықтар әнмен нәр алды,
Алмасып ұрпақ жаңарды.

Өзіңіз еккен жас қайың,
Бой түзеп бүгін шыңдалды.

Жылдарда жылжып барады,
Сағынтып ақын ағаны.
Биікте сонау мұнартқан,
Өлеңмен соқты қамалды.

Мұң шалған кезде сананы,
Еске алам ақын ағаны.
Теңізде ұшқан шағала,
Аңсайды кейде жағаны.

Жер менен көктей бар екен,
Тау менен қырдың арасы.
Шаң басқан қалың архивтен,
Оянды ақын мұрасы.

Алыстап өзен ағыны,
Толқынмен ұзап барады.
Тұғырдан ұшқан қырандай,
Баурадың шексіз даланы.

Өмірдің қатал толқыны,
Шындады зерек баланы.
Сырымен көпті жаулаған,
Сағындым ақын ағаны.

9 ақпан, 2001 жыл

ҚОС ҚАНАТ СЫНДЫ ҚАРЛЫҒАШ

Жарасар ару қарындас,
Аққудай әсем жан десем.
Қос қанат сынды қарлығаш,
Табиғат сыйы бір көркем.

Жүзіңіз әсем, қиғаш қас,
Не деген сонша көркем ең.
Көңілім менің күнде мас,
Айықпас бір сәт көрмесем.

Көңілің бұлақ суындай,
Тояттап ішсе қана алмас.
Санама мені – құр жандай,
Адалмын сертке айнымас.

Түсінем нәзік жаныңды,
Жанға жай, шуақ беретін.
Жауладың барлық сананы,
Ешкімге ырық бермейтін.

Беймәлім сенде бір күш бар,
Өзіңе құштар ететін.
Менде де асқақ арман бар,
Аялар жанды тербейтін.

1997 жыл

ЕРКЕ ҚЫЗ

Әй, ерке қыз, қарайсың неге назданып,
Мендегі отты барасың күнде маздатып.
Түнгі ақ жаңбыр тереземді сабалап,
Оятады ұзақты түнмен мұң қатып.

Тал шыбықтай тұрасың ылғи майысып,
Ақ тамаққа қара менің жарасып.
Өзің жайлы жылы самал леп соқса,
Ұшар жан бар қанатымен қыр асып.

Қара күз де келді міне мұңайып,
Тал – қайыңның жапырағы сарғайып.
Ажарыңнан айналдым, беу қарындас,
Ұнағаның үшін мені – көрме айып.

Өтіп жатыр күн де, түн де алмасып,
Жүрген жақсы адал жүріп, жер басып.
Тілейтінім, аман жүрші қалқатай,
Ақыл мен көркің өзіңе ғана жарасып.

2000 жыл

ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЛҚА

Қиялдан кетпейді, бір болған күндерім,
Сол бір сәт есімде, ай жарық түндерім.
Қалқатай, қайдасың, елесің кетпейді,
Өзіңсіз көңілім, жабырқап жүр менің.

Ұзақта қалдың ба, бозбала күндерім,
Есімде, жадымда, сырласқан кездерім.
Махаббат мәңгілік, көктем боп қалдың ба,
Біздерге қол бұлғап, сәт-сапар тіледің.

Арманды қанатпен ұшып мен барамын,
Өзіңмен бір болған күндерді қаладым.
Бейнеңді сағындым, қалқатай, қайдасың,
Сазды әуен әнімді, бір саған арнадым.

қараша, 2002 жыл

АҚ ГҮЛІМ

Ақ гүлім, аяулым келші,
Мәңгілік құшақта жүрші.
Ақ қанат айдында жүзген,
Сыңарым, аққуым болшы.

Гүл – даланың сәні,
Гүл – махаббат әні.
Гүлдерді үзбеңіздерші,
Гүлменен өмір де мәңгі.

Ақ гүлім, құшаққа енші,
Аңсатып, сағынтып келші.
Жұп болып ұшайық бірге,
Ақ қанат қолыңды берші.

Тербелсін даланың гүлі,
Сайрасын бұлбұлдың үні.
Гүлдерді әнімен тербеп,
Жайнасын көктемнің нұры.

мамыр, 2003 жыл

МАХАББАТ САЗЫ

Өткен күндер, жалын жылдар көктемім,
Сағынышым, сырға толы көп менің.
Махаббаттың бесігінде тербелген,
Қайран күндер, білмеппін-ау өткенін.

Еске алсам, сағынамын сол күндерді,
Ертегідей жұлдызды ай-түндерді.
О, махаббат – мәңгілік жырым менің,
Толкытқан ғашық жүрек сезімдерді.

Сол бір кез, сыр атқарған шуақ күнім,
Не деген көркем күлкі, назды үнің.
Еркімді жаулап алып, із қалдырған,
Сол күндер алаулаған қайда бүгін?

Ғашық болған жандарда өмір мәнді,
Баурап алар еріксіз жан мен тәнді.
О, махаббат – құпия сырға толы,
Арнадым сарқылмайтын жыр-әнімді.

қазан, 2008 жыл

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Кешегі өткен күндерім,
Қол бұлғап ұзап барасың.
Қозғама достым, қозғама,
Көңілдің қатқан жарасын.

Бағаламас көп надан,
Өмірдің ақ пен қарасың.

Ирелең жолмен ей, адам,
Асығып қайда барасың.

Көктемде бөрткен жапырақ,
Сарғайып күзде қаласың.
Дауылмен тұрған бұрқасын,
Дамылдап үнсіз қаласың.

Болдым деп жүрме ей, адам,
Кісінің алып наласын.
Жақсы мен жайсаң жандардың,
Асыра жүргін бағасын.

Аспандап ұшқан тырналар,
Топталып қайда барасың.
Көктемде соққан ұяңды,
Кімдерге тастап барасың.

Алдыңғы толқын ағалар,
Биіктеп күнде барасың.
Қадірле – қалың өрендер,
Өмірдің мынау бағасын.

қаңтар 2004 жыл

САҒЫНЫШ

Сағындым ...
Көшені күнде шаңдатқан,
Сабалақ бала күнімді.
Сағындым – арман қуған,
Достарды бала күнгі
Сағындым – бала күнді.

Сағынам ...
Қияға еліктеген,
Алаңсыз бала күнді.
Анама еркелеген,
Қаперсіз балаң күнді
Сағынам – бала күнді.

Сағыныш ...
Қырларда күндер ұзақ,
Қозы-лақ баққан күндер,
Кеткендей үйден жырақ,
Сағынып жүрген күндер,
Сағыныш ... бала күндер.

2006 жыл

ӨМІР ИПІМІ

Асықпаймын, уақыт, күндер өткенге,
Жүрген жанмын, өмір-өзен өткелде.
Ертелі-кеш жақсылармен жанасқан,
Өкінбеймін, тағдыр жазған күндерге.

Таң азаннан асығамын тірлікке,
Уақыт қымбат – өткізбеймін бос текке,
Жүйрік жылдар ағып жатқан судай-ды,
Бір жалт етіп, қас сәт мезетте.

Күн батады, таң атады тағы да,
Кешегі күн айналғандай сағымға.
Ағаттығым, қателігім бар шығар,
Қиянатқа барғаным жоқ, бірақ та.

Ергенім жоқ, ермеймін де жел сөзге,
Кінәм да жоқ, артатұғын өзгеге.
Мойымайтын бір мінез бар – ол рас,
Бас имейтін тұрлауы жоқ жат сөзге.

Өкпем де жоқ, өзім түгіл өзгеге,
Керегі не, артық ауыз сөз неге.
Жапа шеккен, жазықсызға мен үшін,
Қарсы түгіл, қалыс қалу немене.

Сенімім мол, тағы да атар ақ таңға,
Адам – пенде, жетпес мұрат арманға.
Күйкі тірлік, өз күйімен жалғасып,
Шықпасыншы қайығымен қайраңға.

2007 жыл

ҰЛЫҚТАЙЫҚ ҰСТАЗДЫ

Кел, достар, ұстаздарды ұлықтайық,
Ұстазға құрметіміз болсын лайық.
Оқытты ..., мейлі бүгін кім болайық,
Ұстаздың алдын көрдік, ұмытпайық.

Ұстазды ұмытпайық, ұлықтайық,
Ұлықтау ұстаздарды – елге лайық.
Мектеп – ұстаз, қоңырау, сыңғыры бар,
Пәк көңіл балалықты сағынайық.

Мақтансақ, ұстаздармен мақтанайық,
Еңбегін әзіз жанның кел айтайық.
Өмірде мызғымайтын із қалдырған,
Ұстаз жайлы тереңнен толғанайық.

Ұстаз жайлы кел, достар, сырласайық,
Балалық балғын күннен сыр ашайық.
Арманның биігіне шықсаң дағы,
Ұстаз бен шәкірт болып сыйласайық.

2 қазан, 2007 жыл

ТОЛҚИДЫ КӨҢІЛ

Айдынды көлден су тасып,
Арнадан асып жатқанда.
Көкорай шалғын жаз кетіп,
Сары күз шашу шашқанда,
Толқиды, көңіл толқиды.

Қыраулы өрнек қыс келіп,
Даланы ақ қар басқанда,
Көк аспаннан бұлт кетіп,
Шуақ күн нұрын төккенде,
Толқиды, көңіл толқиды.

Алмасып күн мен түн өтіп,
Ай – жылдар жылжып жатқанда,
Көкжиектен күн шығып,
Кешқұрым жәймен батқанда,
Толқиды, көңіл толқиды.

Заманың күнде өзгеріп,
Бірде өшіп, бірде жанғанда,
Қуанып бірде жұбанып,
Арайлап таңың атқанда,
Толқиды, көңіл толқиды.

маусым, 2008 жыл

АРЫСЫМ - ӘСЕМ ЖАС ҚАЛАМ

Еркін боп өстім мен балаң,
Арысым әсем, сенде өскен.
Жусанды жұпар, кең далам,
Саялы самал, желі ескен.

О, туған жер,
Тал бесігім тербейтін.
Сағынышым
Басылмай бір кетпейтін.
О, кең далам,
Алтын ұя мекенім.
Дастарқаның
Той-думансыз өтпейтін.

Туған ел саған табынам,
Жырақта алыс жүрсем де.
Төсіңнен әр кез табылам,
Қыс пен жаз, көктем өтсе де.

Әнімен сазды тербеткен,
Осында менің – Шәмші ағам.
Көкорайлы жасыл бақ,
Арысым – әсем жас қалам.

ОҢАША ОЙ

Тіршілікте не болмайды,
Болар істі, қол байлайды.
Бір күнгі еткен тірлігінде,
Баз біреулер жол байлайды.

Өмір-дария сарқылмайды,
Уақыт өткен, байқалмайды.
Кей жағдайда қырандар да,
Тұғырына сай болмайды.

Көпшіл кісі жат болмайды,
Көктемгі күн, жаз болмайды.
Пәк көңілге кірген кірбің,
Оңайлықпен жазылмайды.

Адал жандар алдамайды,
Ар – ожданнан аттамайды.
Елге еткен ерен ісін,
Өздігінен айта алмайды.

Үзеңгі – ерсіз ат болмайды,
Ақ батасыз – жол болмайды.
Отсыз кеуде, намыссыздар,
Елге қорған бола алмайды.

қазан, 2008 жыл

ЕЛУ ЖАС

Елуге келдік құрбылар, елуге келдік,
Албырттықтан да арылдық, егделік келіп,
Сан тараптанған жолдардың соқпағын көрдік.
Алдыңғы арбаның дөңгелеп артынан еріп.

Елуге келдік замандас, елуге келдік
Есейдік біздер, кешегі еркелік кетіп
Өмір айдынның бірталай ескегін естік
Біріміз жолда, біріміз мәреге жетіп.

Елуге келдік құрбыжан, елуге келдік
Қиыры жоқ тірлікті алданыш етіп.
Шыр етіп келген бір жылдың түлегі едік
Келеміз әлі-ақ, аңдамай алпысқа жетіп.

Елуге келдік құрбы дос, елуге келдік
Біріміз мадақ, біріміз теперіш көріп
Пешенедегі жазғанның бәріне көндік
Бір жасарып қаламын, сендерді көріп.

желтоқсан 2009 жыл

ҚЫРАУЛЫ ҚЫС

Бозғылт тұманға оранған,
Сары ала күзім қош-енді.
Үскірік аяз асқынып,
Қыраулы қыста түрге енді.

Басталды, әне, желтоқсан,
Үстемдік әлін көрсетіп.
Соғады әлсін ақ боран,
Бұрқасын қарды желпінтіп.

Аулада түзде тоң қатқан,
Ақ қарлы, көк мұз, бұл қаңтар.
Қаһары қатты соншалық,
Ақ қары құмша сусаған.

Өзіндік сәнін келтіріп,
Жалғасып жатыр ақ ақпан.
Әлсін-әлсін мұзда еріп,
Сулары ағар жырақтан.

Тіршілік біткен жасарып,
Оянар ұзақ ұйқыдан.
Даланы нұрмен ширатып,
Оралшы көктем қайтадан.

қаңтар 2010 жыл

КӨК АСПАН

Бар әлемнің шаңырағы ұйысқан,
Жер-ананың уығысың табысқан.
Қиырыңа ой мен қиял жетпейтін,
Шексіздіктің тұнығысың – көк аспан.

Табиғаттың тылсымымен ұғысқан,
Ай-жұлдызды моншақ етіп тағысқан.
Түрлі-түсті сиқырымен баураған,
Әдемісің, әсерлісің түнгі аспан.

О, тәңірім, қалай көкті жаратқан,
Өзгермейсің тізбектеліп ғасырдан.
Талай-талай түнектерді арылтып,
Адамзатқа пана болған бұл аспан.

Көк күмбездей көрінесің алыстан,
Бәрі-бәрі ғаламшармен жарасқан.
Ынтымақ пен тіршілікке жердегі,
Мәңгілікке куәсі бол көк аспан.

ақпан 2010 жыл

АРСЕНАЛШЫЛАР МАРШЫ

Туған елім – Қазақстан,
Ұландары ел қорғаған.
Айбыны зор – Арсеналға,
Сарбаздармыз ән арнаған.

Алға Арсенал, алға Арсенал,
Қазағымның сарбазы, әнге сал.
Сапта тұрған – антқа адал,
Ел ертені - біз генерал.

Командирлер сап басқарған,
Жауынгерміз біз – қаһарман.
Бейбіт өмір күзетінде,
Отан үшін жасқанбаған.

Ардагерлер жол бастаған
Ерліктері бір дастан ән
Жерім байтақ, халқым дархан
Даңқымыз бар асқақтаған

23 қазан 2010 жыл

ҚЫЗЫМА ТІЛЕК

Көктегі жарық жұлдызым,
Дара боп өскен құндызым.
Бой жетіп сен де қалдың ба?
Еліктей ерке – жан қызым.

Босағадан аттағын,
Жаңа өмірді бастағын.
Өзің барған әулеттің,
Ұрпағын әрі жалғағын.

Дәстүрімен қазақтың.
Ұзату еді арманым.
Қасиетті Арысты,
Қазығұртпен жалғадың.

Қосағыңмен қоса ағар,
Тәрбие көрген затың бар.
Еліңе барған адал бол,
Бақытың сонда ашылар.

Ұшырдым сені қияға,
Аманат етіп құдама.
Қыздың жолы сол екен,
Бақ болып барғын ұяңа.

3 қазан 2011 жыл

СҮЙЕМ СЕНІ ОТАНЫМ!

Жаса, жаса қазағым,
Жарық болсын ажарың.
Тарқамасын мәңгіге,
Қазыналы базарың.
Бүкіл ғалам тамсанған,
Ашық та болсын аспаның.

Ару әсем Астанам!
Асқаралы бас қалам.
Биік болсын Ақ Ордам,
Барша қазақ аңсаған.

Бейбіт өмір көгінде,
Шарықталсын асқақ ән.

Сүйем сені – Отаным,
Арта берсін шаттығың.
Желбіресін көгімде,
Көк байрақты жалауың.

Алға алты алашым,
Отан елім-анашым.
Аман болсын от-анам,
Оттай маздап алауың.

Асқар таулы, кең далам
Қыран құсы самғаған
Алтын бесік босағам
Туған жерім табынам
Жүрсем алыс шалғайда
Аңсап сені сағынам!

қараша 2011жыл

СЫНАРЫМА

Құдай қосқан қосағым, жарым,
Бақтағы гүлім, бауым мен бағым!
30 жыл болды қол ұстасқалы,
Келесің жағып отымның шамын!

Достарым келсе, мәртебем асық,
Қашан да болса көңілім шаттық.
Ағайын менен туыстарға да,
Дастарханың мен есігің ашық.

Сабырлысың, кетпейсің тасып,
Қиын күндерде қалмадың жасып.

Сабама салып қоясың мені,
Кеткенде кейде белдерден асып.

Отбасымның берекесі болдың,
Келін түсіріп ене де болдың.
Келген еліңнің қамымен жүріп,
Гүлнара сен де 50-ге келдің.

Жүремін саған көңілім толып,
Жанымда жүрсің бәрін де ұғып.
Өмір айдында аққудай жүзгін,
Өзіме лайық, сыңарым болып.

Құтты болсын туылған күнің!
Ақ дастархан жайылды бүгін.
Ағайын-туыс, көп достар келді,
Сен үшін бәрі, Гүлеке - гүлім!

15 мамыр 2010 жыл

ҚАРИЯЛАРЫМ

Қарияларым – көзіндейсіздер көненің,
Сіздерді көріп бабалар ізін көремін.
Ақ сақалды, ақ шапанды абызым,
Ақырын басып соңыңнан еріп келемін.

Аталарым, ақ шашты ағаларым,
Тынысы бар іні үшін жағаларым.
Күн шуағын сағынып, сарғайғанда,
Жақын келіп, Сіздері жағаладым.

Қарияларым ақылдың кенішіндей,
Мейір мен шапағаттың белгісіндей.

Батагөйлік, парасат, пейіл кеңдік,
Қазақтың қариясының еншісіндей.

Қарияларым еңселі даналарым,
Сарқылмайтын толқыны дарияларым.
Ұрпағына қариялық жөн көрсету,
Аманаты еді ғой – бабалардың.

Алатаудай өр биік қарияларым,
Кеңдігі бар Сіздерде иен даланың.
Сіздер барда қуанып шаттанамын,
Беу менің қазыналы қарияларым.

Аман бол асылдарым, қарияларым,
Ел- жұрттың бағын тілеп, ынтымағын.
Көпті көрген, тоқыған зиялысы,
Қазақтың қариясымен мақтанамын.

Қарияларым ...!
Кешегі Қорқыт ата көзісіздер.
Сүйінбай мен Жамбылдың ізісіздер,
Кенен мен Майлықожа үнісіздер,
Сіздер де біздер үшін ірісіздер.

ақпан 2012 жыл

ӘКЕ ТІЛЕГІ

Жақсылармен жағыс балам,
Ақыл қосар санаға.
Астамшылық, тәкәппарлық,
Жеткізбейді мұратқа.
Азаматтық – парыз деп біл,
Қолыңды сөз мұқтажға.

Кеңдеу болсаң, кем болмайсың,
Жомарттау бол, тарынба.

Көппен жүрсең көп көресің,
Жалғыз шауып адаспа.
Жігерлі бол, намысты бол,
Өмір-көштен қалыспа.
Жан жылуын іздегенге,
Салқын қабақ танытпа.
Адам деген пендеміз ғой,
Кек сақтама, ар сақта.

Басқа қонған бақытыңның,
Қадіріне жете біл.
Шегі бітпес қу тірлікте,
Әрбір істің көзін біл.
Өз күшінді, өзге емес,
Ең әуелі – өзің біл.
Таза болсын өн бойыңда,
Қасиетің – тіл мен діл.

Адам жанын шын түсіну,
Адамдығың – келбетің.
Арлы болып, адал жүрсең,
Зая кетпес еңбегің.
Ізгілікке қадам басу
Дұрыс балам ниетің
Туған елге қызмет ету
Перзенттік борышың.

ақпан 2012 жыл

ЖАНЫМНАН АЛЫС КЕТПЕШІ

Жанымнан алыс кетпеші,
Өмір ғой ағыс-білесің.
Өтінем- мені сөкпеші,
Сағыныш маған елесің.

Қасымда өзің, жанымда өзің болғанда,
Сырымды саған, мұнымды саған ақтардым.
Болмасақ та көк обатты бақтарда,
Ой-белес қуып, кештерді таңмен атырдым.
Өмірдің асау ығына көніп қалғам ба?
Ағысымен өмірдің мен де өзгердім,
Түсінші мені, сырымды жайып салғанға,
Жанымды ұғар өзіңнен басқа өзге кім?

Кетпеші шалғай, кетпеші,
Сен мені біліп келесің.
Өмірдің бәлкім белесі,
Кезінде мүмкін сезерсің.

Жанымнан менің кетпеші,
Басылсын көңіл тасыған.
Байланған жіпті үзбеші,
Арманым болған, аңсаған.

тамыз, 2012 жыл

АРЫСТАҒЫ БӘЙТЕРЕК

Туған жер қазақ елі-төл бесігім,
Бірлік пен ынтымаққа ашты есігін.
Татулық пен достықтың белгісіндей,
Тұғырың мықты болсын бәйтерегім.

Бабаларым қадаған ел тірегін,
Ғасырлардан ғасырға бүгілмедің.
Елордалық бәйтерек бұтағындай,
Құтты болсын, Арыстық бәйтерегім.

Кең байтақ қазыналы қазақ елім,
Аңызға бай тарихта қасиетің.
Көк байрағың аспанмен таласқандай,
Бой көтерді тағы бір бәйтерегім.

Мектеп кеме – Момышұлы есімің,
Жас ұрпаққа өнер кілтін көктедің.
Бәйтерек боп, Момышұлы тұрғандай,
Жарасып тұр алтын ұя келбетің.

Құтты болсын, бүгінгі мерей күнің,
Тілеулес Арыстағы қалың елің.
О, Бәйтерек жыр болып өрілдің сен,
Үстем болсын болашағың, ертеңің.

13 қараша, 2012 жыл

МЕНИҢ АСАУ КӨҢІЛІМ

Нені іздейсің, ей менің асау көңілім,
Бірде ашылып тұнжырап бірде өзгердің.
Су орнына тас ағып жатса жылғадан,
Жазылмаған заңы шығар ол да өмірдің.

Өтіп-ақ жатыр қайран да менің өмірім,
Өкінішім жоқ, баяғыдай сол көңілім.
Күйбеңді тірлік илеуінен шыға алмай,
Ағысына бір көніп, бірде көнбедім.

Жанға азық алдым,өзіме ғана керегін,
Өзгелердей мен де кішік пендемін.
Орынсыз іске, өресіз сөзге килігіп,
Ардақтыларға! Мұныңыз қалай демедім.

Тасып та кетпе, ей менің асау көңілім,
Менің де бар, көргенім менен түйгенім.
Елден бөлек ерекшеленіп өзгеден,
Жалғыздан-жалғыз көптен саяқ жүрмедім.

Ізгілік үшін тілеулес болып жүремін
Бәріне ортақ, бәріне ашық жүрегім
Сәлемі түзу, сыйласқан барша жандардың
Бәріне бірдей, менің саф, таза көңілім.

желтоқсан, 2012 жыл

СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Сүйген жүрек сезімді алдамаса,
Жастықтың алау оты маздамаса.
Бәрі де бекер, бәрі де бекер, жан еркем,
Сенген жүрек арманды ақтамаса.

Сүйген жүрек ғашығын сағынбаса,
Махаббаттың отына шарпылмаса.
Бәрі де бекер, бәрі де бекер жан еркем,
Сағынышың жаныңнан табылмаса.

Сүйген жүрек шын адал бола алмаса,
Қос аққудай айдында жүзе алмаса.
Бәрі де бекер, бәрі де бекер жан еркем,
Жан мен тән іңкәрлікті қаламаса.

Сүйген жүрек сүйікті бола алмаса,
Жастықтың қызығына қана алмаса.
Бәрі де бекер, бәрі де бекер жан еркем,
Сүйіп тұрып сүйкімді бола алмаса.

Сүйген жүрек теңіздей шалқымаса,
Көктемгі қызғалдақтай ашылмаса.
Бәрі де бекер, бәрі де бекер, жан еркем,
Барына махаббаттың иланбаса.

Сүйген жүрек еркінді жауламаса,
Қозы-Көрпеш, Баяндай бола алмаса.
Бәрі де бекер, бәрі де бекер жан еркем,
Махабатың мәңгіге тұра алмаса.

қаңтар, 2013 жыл

АБЫРОЙ ӨЗІ КЕЛМЕЙДІ

Ісіңнің сәті келмесе,
Көңілдің хошы кетеді.
Кісіні ақыл жеңбесе,
Әйтеуір күні өтеді.

Қалауын, ішің сезбесе,
Дегенің әр кез жүрмейді.
Тәлімің берген сіңбесе,
Ұлыңа сөзің өтпейді.

Шәкіртің дәріс білмесе,
Қадірің көпке жетпейді.
Бастаған ісің өнбесе,
Өзіңді-өзің сөк мейлі.

Санасы сай келмесе,
Ұлыққа көңіл толмайды.
Ұстазға шәкірт ермесе,
Ілімі оңды қонбайды.
Үйіңе қонақ келмесе,
Көңілің шат болмайды.
Көпті көріп білгенге,
Жақсыда жаттық болмайды.

Келер күннен түңілме,
Сулар да түзу ақпайды.
Үлде мен бүлде бәрі де,
Мәңгілік бола алмайды.

Тұнығы лайсаң көлге де,
Аққу-қаз келіп қонбайды.
Ақылы кемел кісінде,
Парасат шегі болмайды.

Шынайы, адал сезімге,
Пәлсапа айтқым келмейді.
Жаратқан мына тәңірге,
Төрелік еткім келмейді.

Бас болып өрең жетпесе,
Қожырап тірлік бітпейді.
Тер төкпей босқа жүргенге,
Абырой өзі келмейді.

ҰСТАЗ ҮНІ

Мен ұстазбын, көшбасшымын, жаңалыққа үйірмін,
Көзқарасым, мақсатым – менің де бар өз үнім,
35 жыл еңбек еттім, мектеп атты кемеде,
Мектеп үшін сарқылмайды, күш қайратым, білімім.

Курста алған білімімді, мектебімде жалғаймын,
Білгенімді, көргенімді өлең сөзбен жолдаймын.
Жаңалыққа жаны құмар, ұстаздардың бірімін,
Өзгеріске қадам басқан идеяны қолдаймын.

Жетекшіміз – Нұрманқызы, біздер оның тыңдаушысы,
Топқа бөліп оқытқанның, нәтижесі тыңғылықты.
Бетпе-беттер кезеңінде, теорияға қанық болдық,
Басшылыққа алып біздер курс алды нұсқаулықты.

«Постер» қорғап тобымызбен пайдаландық флипчартты,
«Айналмалы постер» деген тобымызды таң қалдырды.
«Онтарио» табысының тарихымен таныс болып,
Мектептегі тәжірибеміз жаңалыққа толып жатты.

«Коуч» өтіп «коучингті», баға бердім рефлексивті,
Тәжірибеден өтіп келіп, есеп бердім рефлективті.

Бүгінгі күн не үйрендім? Ертеңгі күн не болар деп,
Күнде жаздым білгенімді, рефлексивті күнделікті.

«Lesson Study» үдерісі – сабақтарын сараладық,
БІнталы топ құрып алып, әрбір топты бақыладық.
Беріп кері байланысты, қолдап жаңа үдерісті,
«Екі жұлдыз, бір тілекпен» формативті бағаладық.

Қоғамдастық құрып алып, жұмыстарды жоспарладық,
«Сәтті» және «сәтсіз» тұсты, ұжым болып айқындадық,
Бағдарлама идеясын басшылыққа ала отырып,
Сауалнама нәтижесін, өңдеп әрі сараптадық.

Оқушымен, мұғаліммен бейресми сұқбаттастық,
Ықшам сабақ өту жолын, «постер» қорғап біліп алдық.
Үздік әдіс-тәсілдерді, «аукционнан» сатып алып,
Болашаққа болжам жасап, санамызбен ой толғадық.

«Жеті модуль» жетелейді, жетуге білім шыңына,
«Смарт» мақсат қою керек, жету үшін мақсатқа.
Мақсатымыз – әр балаға, білім беру сапалы,
Ұлы міндет жүктеледі, жаңашыл жаршы ұстазға.

Құндылық пен идеалды, назарымда ұстаймын,
Адал еңбек ақталса егер, жақсылыққа балаймын.
БІнтымақты, кәсіби орта құру мақсатым,
Өз ісіме берікпен, әділдікті қалаймын.

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Сағынып көптен күткен көктем келді,
Нұрын шашып жаныма көктің лебі.
Сірескен мұзды көлдің сеңін сөгіп,
Көктем келді, жамылып көк көрпені.

Ән көктем де өзгеше күй іздейді,
Тасыса да арнадан су да, мейлі.
Маңайда бүршік жарып ағаш біткен,
Ырғалып қаз-қатармен сән түзейді.

Көктем келді, шуағын алып келді,
Тіршілікке өң кіріп, түрге енді.
Тамшылар ақша бұлтпен қош айтысып,
Самал желмен жарысып, себелейді.

Таңғы шық гүлге қонып кестелейді,
Күн нұры арайланып еркелейді.
Құстардың сыбызғы үні үндескендей,
Даланы – әр алуан, ән кернейді.

Оңтүстікке күн көктем ерте келді
Наурыз – думан шашуын ала келді
Keң далама – құшағын айқара ашып
Көктем келді, тағы да көктем келді!

Наурыз 2016ж

VII тарау

**ӘКЕ
ЕСТЕЛІГІНЕН**

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ҮНІ



Әкем - ЖҮНІС
Сағат Әбдісадықұлы



(1929-2011)

Байырғы ұстаз, КСРО және Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің үздігі, Арыс қаласының құрметті азаматы менің әкем Жүнісов Сағат (Сағадат) Әбдісадықұлы 1950-1992 жылдар аралығында 42 жыл өмірін мектепке арнаған. Қатардағы мұғалімнен бастап мектеп директорына дейінгі қызметтерды абырой мен атқарып білім саласының дамуына қомақты үлес қосты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қаламыздың қоғамдық жұмыстарының бел ортасында жүрді. Енбегінің зейнетін көріп ел құрметіне бөленді. «Құрмет» орденімен бірге бірнеше медальдармен марапатталған.

ҰСТАЗ БЕДЕЛІ

Дүниеде бәрі де бірдей ешнәрсе болмаған. Сондай-ақ, ұстаздардың бәрі де бірдей деп ешкім де айта алмайды. Шәкірттер мен ата-аналардың алдында жастардың жан дүниесін терең сезінетін, өзінің іскерлігімен, білім-парасатымен көпшілікті баурап алатын абыройлы да, беделді ұстаздар бар. Өкінішке орай, кейде олардың ерекше еңбегі мемлекет тарапынан да сала, мектеп басшылары тарапынан да өзінің лайықты бағасын ала бермейді. «Анау мектепте бетке тұтар беделді қандай ұстаз бар?» дегенді талай естідік. Біз еңбек еткен №13 мектеп-интернат (қазіргі Абай атындағы) түлектері оқу орнын бітіргендерінің 10, 20, 30 жылдықтарын атап өтті. Ұстаздар мен шәкірттер арасындағы шын мәніндегі бұл қимастық кездесулерде ұстаздардың да, шәкірттердің де бір-біріне берген мінездемелері шынайылығымен ерекшеленді.

Мәселен, кезінде қалалық маслихаттың депутаттары болған белгілі кәсіпкерлер Әбілқасым Жарымбеттің, Тұйғынбек Әлжігіттің, журналист Әбдімәлік Ағыбайдың, кәсіпкер Құлман Сатыбалдының естеліктерінде ұстаздары туралы ой-толғамдары аз емес. Олар директор Бекзат Қуатбековтың өздері үшін нағыз үлкен жүректі қамқор әкедей болғаның, осы жолдардың авторының білім-парасатының кеңдігін, тарихшы Мінуар Махановтың талапшылдығын, оның қоғам мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятындығын,

тәрбиеші Әбілхан Айдаровтың өз-өзіне сене білудің өнегесі екендігін, тілші Төлебай Ысқабаевтың оқушыларды өзімен тең дәрежеде ұстайтынын, физик Әбухан Тоғызбаевтың терең білімділігін, математика мұғалімі Мәрия Исаеваның сабақты қатал тәртіппен жүргізетіндігін сүйсіне жазады. Ұстаз еңбегі шәкірт, ата-ана, халық тарапынан күнделікті бағаланатыны еске алынады.

Ұстаз беделі – мектептің беделін қалыптастырады. Ұстаз беделі – өзі оқытып отырған оқушыларының білім сапасымен артатынын әрбір мұғалім естен шығармағаны жөн. Өйткені, мектепті алға сүйрейтін – беделді ұстаз.

ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМДЫ БОЛСА

Тәрбие туралы аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Алдымен тәрбие, одан соң білім дейміз. Жаны бар сөз. Жалпы, жастар тәрбиесі нашар деуден аулақпыз. Халықмызда “Асыл тастан, ақыл жастан” деген қанатты сөз бар. Қоғамымыздың дамуына үлкен бетбұрыс жасаған 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіндегі жастардың ерлік істерін ешқашан да ұмытуға болмайды. Рас, қазіргі таңда жастар арасында қылмыс жасау, ішімдікке салыну, нашақорлық және басқа да жағымсыз құбылыстар аз кездеспейді. Бұған шетелге қоныс аудару, басқа дінге кіру, бала сату, т.б оқиғаларды қосыңыз. Біздің ойымызша жастарға ұлттық тәрбие беруде бірізділік, бірауыздық қажет. Мәселен, мектеп бітірушілердің 30 жылдық тойында ұстаздар бірінен

кейін бірі сөйлеп, жақсы насихат сөздер айтты. Өкінішке орай бір ұстаздың “Мы пили, пьем и будем пить” дегені есімнен кетпейді. Бір көпшілік жиында бір ақсақалымыз “Өткенді айтудың қажеті жоқ, оны тыңдайтын жастар да жоқ” деді. Біз, аға ұрпақ, жастарды халқымыздың еңбек және ерлік дәстүрлері рухында тәрбиелеуге тиіспіз. Сондай-ақ, балаларымызды рухани жағынан тәрбиелеу, яғни, имандылыққа баулу, бір сәт те естен шықпағалы жөн. Мектептерде имандылық сабақтарын өткізуді мемлекеттік деңгейде шешудің мезгілі жеткен сияқты.

Сөз соңында, білімнің де, тәрбиенің де сапалы болуы ұстаз бен ата-анаға тікелей байланысты екенін айтқымыз келеді. Сонымен бірге, атақты педагог Сухомлинскийдің “Ұлым, мейлі сені жүз ұстаз оқытсын, өзінде ықылас болмаса олардың бәрі де әлсіз” деген сөздерін ұмытпаған жөн. Әлемдегі ғұлама адамдардың біразы өз бетінше білім алғаны өткен тарихымыздан белгілі.

Мұғалімдердің тамыз маслихатында жастарға білім беру мен тәрбие мәселесі терең талқыланып, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру үшін нақты шаралар белгіленіп, жүзеге асырылатынына кәміл сенеміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, “Жастар тәуелсіздігіміздің тірегі” деген сөз өміршең. Олай болса бұл істен бір де бір азамат шет қалмауға тиіс.

АЛҒАШҚЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Шымкент қаласындағы екі жылдық мұғалімдер институтын 1950 жылы бітіріп, Ташкент іргесіндегі Шыршыққа жолдама алдым. Менімен бірге тағы үш жас маман келген болатынбыз. Кейінірек, 1958 жылы сол Ташкенттегі Низами атындағы педагогикалық институтты тарих мамандығы бойынша тағы да оқып, толыққанды жоғары білім алдым. Бұл бүкіл елде жоғары білімді мұғалімдердің әлі де аздығы байқалатын кез.

Естуімше, мектеп директорынан басқа жоғарғы оқу орнын бітіргендер жоқ екен. Мұғалімдердің көпшілігі соғыстан қайтқан орден, медаль таққан ағаларымыз. Олар бес-алты айлық қысқа мерзімді курстарды бітіріп, ұстаздық етіп жүр екен. Шыршыққа барғанда, менің жасым 20-да еді. Мектеп мұғалімдерінің алғашқы педагогикалық кеңесіне имене кірдім. Мұнда, ең бірінші мәселе ұстаздардың апталық жүктемесі талқыланды. Директорымыз елулердегі, жоғары білімді, өткір кісі көрінді. Ол кімнің қанша сабақ жүктемесі бар екенін мәлімдеген соң, сөз аяқталмай жатып бір орденді ағамыз «Әй, директор, сен не істеп отырсың? Су ағады, тас қалады». Көп сағатты жас балаларға бердің. Олар ертең кетіп қалады ғой деді. Әрине, біздер – жас мұғалімдер ағалар тарапынан «Қадамдарың құтты болсын!» - деген жылы сөзді күткен едік. Мектеп директоры орденді ағаның сөзін ортадан бөліп жіберді. «Сіздердің соғыстағы ерліктеріңізді құрметтейміз, сыйлаймыз» деді ол – бірақ сіздердің білімдеріңіз төмен. Кімнің білімі жоғары болса, халықтың ұл-қызың солар оқытады - деп, сөзін қорытты. Алғашқы қатысқан мұғалімдер кеңесің еске түсіргендегі айтайын дегенім,

мұғалімдер толық сабақ жүктемесімен қамтылғаны жөн. Жарым-жарты сабақ жүктемесімен балаға сапалы білім беріп жарытпайды. Ойы алаң, көңілі күпті болады. Мұғалімдерді толық апталық жүктемемен қамтамасыз ету, күн тәртібінде бүгін де, ертең де барынша өткір тұруы тиіс. Маған айтқаны: жылағанды жұбату, мұғалімнің отбасылық әлеуметтік жағдайынан хабардар болу мектеп басшысы ретінде сенің міндетің әрі парызың деді.

ДІЛІҢ ТАЗА БОЛСЫН!

1963-1964 жылдары мен №13 мектеп-интернатында тарих пәнінің мұғалімі әрі бастауыш партия ұйымының хатшысымын. Бір күні қалалық партия ұйымының ұйғарымымен атейстік тақырыпта қаланың үлкен мәжілісінде баяндама жасауға тапсырма алдым. Ол кезде Кеңес өкіметінің дінге қарсы саясаты барынша күшіне мініп тұрған кезі еді. Менің ата-бабаларымның бәрі де діндар, тақуа адамдар болатын, олар үнемі кеңес өкіметінің құдалауында жүрді. Соған қарамастан, әкемнің інісі Әбдіғаппар, көкем Арыста мешіт ашып, имамдық жасады. Өлгі тапсырманы алып үйге келген соң көкеме айттым; «Сіз елге танымал имамсыз, мен болсам коммунистпін. Дінге қарсы баяндама жасауға тапсырма алдым, - Сіздің пікіріңізді білгім келеді» - дедім. Сонда көкемнің маған айтқаны; «Патшаның айтқаны уәжіп болады, оны орындауың керек, айтар сөзіңді тіліңмен айта бер, бірақ бір Аллаға деген ділің таза болсын» - деді. Діл – дегеннің не екенің ол кезде жете түсінбеймін. Коммунистік идеологияның ықпалы

санамызға әбден орныққан жас екенбіз ғой. Көкемнің жоғары да айтқан сөзінің астарын түсінген жанға одан артық қандай жауап керек.

Сонымен, мен баяндама жасадым. Сөзімді коммунистік партияның көсемдерінің айтқан сөздеріне сілтеме жасап, баяндап шықтым. Қалалық партия ұйымының хатшысы маған мадақ айтты. Жиналыстан шыға бере, жасы елулердегі алып денелі ел ағасы қолтығымнан ұстап «Бала үйде қария бар ма?» - деді. Меннен не сұрағалы тұрғанын емеурінінен байқадым. Тағы да «Баяндаманда әңгіме жоқ, бірақ өзіңнің ішкі түйсігің не дейді», - деді. Аға! тілімнің жеткенінше айттым, бірақ ділім таза дедім. Ол, айналайын деп арқамнан қақты. Кейінірек кім екенін білсем, ол Көлтоған ауылындағы мектептің директоры Сейітқұлов Шүкір деген кісі екен. Түрлі жиындарда ол кісімен кездесіп пікір алысып тұрдым. Өте білімді, дегдар кісі екен. Қорыта айтарым, адамның ішкі жан дүниесінің тазалығына ешнәрсе жетпейді. Осы есте болсын. Діл – ішкі дүниенің тазалығы екен.

АУАМ АДАМ

1970 жылдың көктемі болатын. Мешіттің имамы Әбдіғаппар көкемнің үйімен біздің үйдің арасы ашық болатын. Бірде, сабақтан соң түсті үзіліске үйге келсем, аулада бір бейтаныс ақсақал дәрет алып, қолына су құйып отыр екен. Мен екі қолымды беріп әдеттегідей сәлем бергенде, әлгі ақсақал өз-өзінен; “бұл дүние поқ” деп екі-үш рет қайталады. Жасы үлкен қарияның

осылай айтуын жақтырмай, әжептеуір көңіліме алып қалдым.

Осы болған жайтты сол күні кешқұрым намаздан келген көкеме айтуға тура келді, айттым да. Сонда Әбдіғаппар көкем; “Ол ауам адам. Ауам адам – оқымаған, оқыса да, тоқымаған адам. Ондай кісінің сөзін көңілге, жүрекке жақын қабылдауға болмайды, оның құдай берген бар болмыс-бітімі сол” – деді.

Шыңдығында да, оқығанымен тоқығаны аз адамдар көп екен ғой. Әсіресе, басшылық қызметте білімімен бірге өмірде көпті көрген азаматтардың болғаны, қарамағындағы адамдардың олда бір бақыты екен. Ондайды да көрдік. Өмір мен тіршілік бар жерде бәрі де болады. Құдай ауам адамдардан сақтасын.

МАУСЫМЖАН

Әлі есімде, екінші сыныпта деймін-ау, өмір бойы ерекше есімде қалған бұл оқиғаны ұмыта алмаймын. Бұл 1940 жылы болса керек. Ең бір сүйікті апайымыз бастап, мамыр айының ішінде көк майсаға шығып қыдырғанымыз. Балағымызды таңғы шыққа малып қызғалдақ тұнған қырда жалаң аяқ жүгіргеніміз көз алдымда. Не деген бақытты едік, өзімізді балалықтың балғын шағында мәңгілік жүретіндей сезіндік. Неткен балалық, пәк көңіл десеңізші:

Біз осынау жарық дүниенің қызығына өмірбақи тоймайтындай едік,

Біз осынау жарық дүниенің қызығын мәңгілік таусылмайтындай көрдік,

Біз осынау жарық дүниенің мамыражай тыныштығын мәңгілік бұзылмайтындай сезіндік,

Біз осынау жарық дүниеде мәңгілік бала болып, тұлымшағымыз желбірей, сол аяулы ұстаз апайымыздың соңында еріп жүре беретіндей болдық,

Біз осынау жарық дүниеде әкелеріміздің шаужайына оралып, шаттық шапағатына бөленіп өтетіндей көріндік.

Сөйтсек, бізді алда үлкен аяқталмастай көрінетін соғыстың қайғы-қасіреті, ауыр да азапты кезеңдер күтіп тұр екен. Ия, сол күні біз қазақша киінген жап-жас, сүп-сүйкімді апайымыздың шырқаған «Маусымжан» әніне елітіп, ерекше күй кешіп жүрдік. Біз үшін мына жарық дүние шуақты сәуледен ғана тұратын. Міне, эстетикалық тәрбие деген қандай. Кең де көк майсалы дала, тұнған қызыл-сары қызғалдақтар, оның арасында өзі де сол қызғалдақтай құлпырған ұстаз - ана ән шырқап тұр. Сол ұстазымыздың;

Маусымжан, маусымжан

Танимын қалқам даусыңнан, - деп салған әні күні бүгінге дейін құлағымнан кетпейді. Сол бір балалықтың балғын кезеңінен кейін, менің өмірімде ұзақ уақыт шуақты кезеңдер аз болды.

ШҮКІРШІЛІК

Басқа халықтарды қайдам, біздің қазақта «Шүкіршілік» - деген жақсы сөз бар. Әр дайым Я Алла көрсеткеніңе шүкір дейміз. Бұл деген сөз барына қанағат, алдағы күнге деген үміт пен сенім болса керек. Шүкір – жақсылық істерге жақсылығы үшін қарыздар екенінді сезіну, оған бас иіп алғыс сезімінді білдіру. Өкінішке

орай көп адам бұл қасиеттен мақұрым екен. Құран кәрімде: «Кұлдарымның арасында шүкір етушілер өте аз» - деп ескертеді. Шындығы да солай. Өткенде мынадай жағдай болды; Бұл еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары еді. Дәлірегі 1993-1994 жылдары болса керек. Алматыдағы үлкен қызымның үйінде болып, немере қызымыздың ұзату тойымен құдалығын атқарып Алматы – Ақтөбе пойызымен қайтатын болып, Алматы II вокзалынан вагонымызға кіре бастадық. Ішімнен, құдайға шүкір өз пойызымызға өзіміз ие болдық, пойыздың келу уақытын қазақша хабарлады, жолсеріктер де өзіміздің қара көздер екен ғой - деп ойладым.

Менің ізімше сонымнан мінген қызыл шашты, аузы-ернің баттастыра бояған, етектегі көйлектің орнына тырыстыра шалбар киген қазақтың орта жасар келіншегі дауыс көтере «Грязно, что за бардак» т.б сөздерді айтып бажылдай кірді. Мен шыдай алмай, қарағым осыған да шүкіршілік, бәрі де кезегімен оңалар дегенім сол; әлгі әйел; «Чукирчилик, чукирчилик» - деп сіздер құртасыздар «Дедушка» - деді.

Әңгімені ұғар жан емес екенін білдім. Онымен сөз салғыластырып, сөзімді қор еткім келмеді. Сөзді де тыңдайтын жанға, ұғатын жанға айтқанға не жетсін. Арысқа келгеннен кейін үйде отырып маған айтқаны;

Балам, білген жанға;

Тәуелсіз мемлекет болғанымыз шүкіршілік емес пе?

Өз жерімізге өзіміз ие болдық, сол шүкіршілік емес пе?

Өз пойызымызға өзіміз ие болдық, ол да шүкіршілік емес пе?

Өз тілімізге, дінімізге оралдық, ол шүкіршілік емес пе?

Елімізде басқалар сияқты алауыздық, соғыс жоқ, бейбіт татулықта өмір сүрудеміз, шүкіршіліктің үлкені

сол емес пе? – деп термешелеп ішкі ойын ағытып тастады. Әрине, аздаған кемшіліктер болған шығар, ол да түзелер. Бар нәрсеге, болған жәйттерге шүкіршілік етіп, қанағат ете білейік қарағым. Көш те жүре түзеледі – деді, қайран әке.

АРЫС ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Арыс өңірі үшін 1922 жылды елеулі тарихи кезең деуге болады. Арыстағы білім ұяларының тарихын зерделеп қарар болсақ, оның бастауы Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында, 1922 жылы мемлекет қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы алғашқы басқыш бастауыш мектеп болып құрылып, кейіннен оқушылардың саны артуына байланысты 1935 жылы 7-жылдық мектепке айналды. Мектептің алғашқы оқушылары сол жылы ұйымдастырылған балалар үйінің тәрбиеленушілері мен теміржолшылардың, жергілікті тұрғындардың балалары болды. Мектепте алғашқы оқу жылында 259 бала оқыды. Оларға Арыс өңірінің тұңғыш ұстаздары Әліп Мәдалиев, Қуат Дәулетбаев, Құдайберген Сәлменов, Ергеш Сұлтанов, Зайыр Ақжановтай көзі ашық зиялылар сабақ берді.

Мектептің ашылуына алаштың ардақты азаматы мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың 1919-1924 жылдары Арыс ревкомының төрағасы, Арыстағы партия ұйымына басшылық жасаған Иса Ақынбековтың ықпалы болғаны айқын. Өйткені, тарихқа көз жіберіп

қарасақ, ашаршылыққа, аштыққа ұшыраған балаларға ыстық тамақ ұйымдастырып, панасыз қамқорлықсыз қалған балаларды 1919 жылы құрылған балалар колониясына (қазіргі Т.Тәжібаев атындағы балалар үйі) тапсырып ,оқу жасындағыларын сол кезде-ақ «Қожанов мектебі» аталып кеткен мектепте оқыту ұйымдастырылды. Мектеп С.Қожановтың есімімен 1924-1934 жылы аталды.

Кеңес өкіметінің аумақтық әкімшілік бөліністерді жиі-жиі өзгертуіне орай, білім беру саласы да әр жылдары түрлі аумақтық өкілеттіктердің қарамағында болғанын тарихи деректер растайды.

1934 жылы Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан Ленинград ВКП(б)-ның 1-хатшысы С.М.Кировтың қастандықпен өлтірілуіне байланысты, оның аты мектепке берілді. Содан 1992 жылы ғана ел тәуелсіздігінің салтанат құруымен мектеп С.Қожанов есімімен қайта қауышты.

Сондай-ақ халқымыздың тамаша перзенті жетісу теміржолының Арыс бекетінен Бішкекке дейінгі бөлімшесінің бастығы, қазақ жастарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөлген мемлекет қайраткері Мұқаметжан Тынышбековтің де жан-қиярлық еңбегі халықтың жадында. Тарихи деректер мен зерттеулердің нәтижесінде қаламыз бен оның төңірегіндегі алғашқы білім ұялары әр жылдары С.Қожанов мектебінен бөлініп шыққандығын көрсетеді. Мысалы, 1936 жылы №8 Комаров (бұрынғы А.Андреев),1938 жылы қазіргі Ә.Жангелдин, №4-ші бастауыш (бұрынғы Куйбишев) сондай-ақ С. Қожанов, Ә.Жангелдин, мектептерінен Б.Момышұлы, №1 Молдабаев, М.Әуезов, С.Сейфулин т.б бірнеше негізгі және бастауыш мектептер жеке отау болып өз алдарына бөлініп шыққан.

Алғашқы мектептердің орналасқан жайларына тоқтар болсақ, олар қазіргі жасөспірімдер және спорт

мектебі, мұражай орналасқан үй, және №17 кәсіптік мектептің ескі ғимараты және т.б кішігірім ескі үйлер болатын.

Сол жылдары, яғни 1922-1935 жылдары облыстық, поселкелік кейінірек аудандық білім бөлімін Жақсыбек Айнабеков басқарса, мектептің тұнғыш директоры Қанәлі Әміралиев деген азаматтар болды. Ал қаламыздағы тұнғыш мектеп түлектері мемлекет қайраткері Төлеген Тәжібаев пен белгілі ғалым, академик Сақтаған Бәйішевтен басталады.

Өйткен ғасырдың 30-шы жылдары жергілікті тұрғындардың артуына орай, кеңес өкіметінің Қазақ ССР-де білім беру ісін жақсартуға арналған шараларына сәйкес типті мектептер құрылыстарын салу қолға алына бастады. Соның бір дәлелі 1936 жылы мектеп салуға рұқсат алу мәселесімен 6 адамнан құрылған топтың велосипедпен Мәскеуге барып келуі ерекше оқиға болды. Мәскеуге сапар шеккендердің ішінде белгілі ұстаздар Үсен Тоғызбаев пен Досберген Жолдыбаев болды. Олардың пәрменімен құрылысы басталған мектептер жоғарыда айтқан 1936–1938 жылдары ашылған. Қазіргі В.Комаровпен Ә.Жангелдин мектебінің ескі ғимараттары болатын.

Түркісіб теміржолының салынуы ел тарихында елеулі экономикалық, саяси және тарихи оқиға болды. 1930 жылға қарай Арыс поселкісінің тұрғындарының саны 11170-ке жетті. Сол жылы 1-ші қыркүйекте қазақ – орыс мектебінің жанынан интернат, сонымен бірге жұмысшы жастар мектебі ашылды. Арыстағы барлық оқушы саны 850-ге жетті.

1931 жылы қаңтарда Қазақстанда әкімшілік жүйесінде округтік бөліну қайта қаралып, аудандардың бір-біріне қосылуы мен ірілендірілді. Ірілендіру арқылы Арыс ауданына 25 ауыл кеңесі кірді. Соның

нәтижесінде ауданда 1937 жылы 75 бастауыш, 6 жеті жылдық мектепте барлығы 6800-ден астам бала оқиды. Балалар бақшасында 75 бала тәрбиеленді. Бұлар бүкіл аудан көлеміндегі деректер болып табылады. Ересек жұмысшылар арасында сауатсыздықты жою мақсатында кешкі жұмысшы жастар мектебі де жұмысын жалғастырды. Осы жылы бүкіл елімізде міндетті 7 жылдық білім алу енгізілді.

Арыс қаласындағы алғашқы ұстаздар мен мектеп басшыларының 1920 – 1940 жылдардағы білім саласын ұйымдастыру мен сауат ашу, мектеп ашу кезеңдеріндегі ерен ісі мен есімдерін атап өту бүгінгі ұрпақтың парызы. Мектеп басшылары мен ұстаздар Бағияров., Абенов., Арынов Қанат, Мергенбаев Құдайберген, Абдрахманов Сапар, Бейтемірова Мариям, Р.Алшынбаев, А. Сухаленко, Әлішер Әбдіхайыр, Маханбетовтер, Б.Асилов, А. Жұмағалиев, Ә.Қабылов т.б есімдері қаламыздың білім беру сапасының тарихында биік орын алады.

1941 – 1945 жылдардағы ұлы Отан соғысы майдандарында Арыс өңірінен шыққан ұстаздар ерліктің үлгісі көрсете білді. Майдангер ұстаздар, кеңес одағының батыры Б.Онтаев, М.Қарабаев, Ә.Байжанов, Ә.Маханбетов, Қ.Әліпаев, Ә.Байжанысов, Ш.Садықов, Жұпарбеков Әбіл т.б. Бейбіт өмірде де ұзақ жылдар ұстаздық қызметін абыроймен атқарып ел құрметіне бөленді.

Батыс Қазақстанның Орал өңірінің тумасы, Арыста ұстаздық еткен жалынды ақын Абдолла Жұмағалиевтің ерлігі ел есінде. Ол Қайсар ақын Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының басты қаһарманына айналды. Арыстан шыққан тұңғыш казак ССР-і жоғарғы кеңесінің депутаты Нұрмет Мырзашев та біздің қала мектебінің түлегі болып табылады.

Соғыстың қайнап тұрған 1942 – 1944 жылдары қаладағы мектеп ғимаратының бір бөлігі әскери госпиталға беріліп, жаралы жауынгерді емдеу орнына айналды. Соғыстың ауыр күндеріне қарамастан, мектептер балаларды оқытуды тоқтатқан жоқ.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмір кезеңінде балаларға білім беру саласында айтулы өзгерістер болды. Қоғам мен өмірдің талаптарына орай, мектептер іріленіп 10 жылдық орта мектепке айналды. Қалада заманауи жаңа типті, мектептер салына бастады. 1954 жылы қазіргі Әуезов мектебінің 1968 жылы С.Қожанов мектебінің жаңа ғимараттары пайдалануға берілсе, Жданов (қазіргі Көктем) мөлтек ауданында 1965 жылы бастауыш Жданов (қазіргі И.Журба) мектебі пайдалануға берілді.

1950–1960 жылдары мектептер жаңа толқын жоғары білімді ұстаздармен толыға түсті. Олардың көпшілігі, кейіннен білім саласының майталманына айналды, елге қадірлі ұстаздар болды. Атап айтар болсақ, КСРО және Қазақ ССР-і білім беру ісінің үздіктері П.Үсенбаев, С.Юсупов, С.Жүнісов, Т.Қабылбеков, И.Фольф, К.Алтынбекова, Н.М.Рахштейн, А.Б.Кудрин, Е.Орманов, А.Молдашова, М.Маханов, Б.Қуатбеков, С.Пакентаев, Б.Дауленбаева, Т.Ысқабаев т.б.

Арыста «Қазақ ССР - і білім беру ісінің үздігі» атағын тұңғыш рет 1954 жылы Мылтықбай Қарабаев алды. Мемлекеттік марапаттар алған ұстаздар: Ж.Қасымбекова - еңбек «Қызыл ту орденімен», С.Жүнісов, А.Аденова – «Құрмет белгісі» орденімен Н.Зауірбекова – «Құрмет» орденімен, Л.Орынбасаров – «Шапағат» медалімен марапатталды, Қазақстанға еңбегі сінген мұғалім белгісімен Бекзат Қуатбеков, Майшараф Ахметов марапатталды. 1954 жылдан бастап Қазіргі кезге дейін 100 – ден астам мұғалім «Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған екен. Бұл ұстаз еңбегіне деген құрметті білдіреді.

Түрлі салаларда еліне қызмет етіп, ел құрметіне бөленіп жүрген шәкірттер Төлеген Тәжібаевтан бастап, бүгінгі Жазира Жаппарқұлға дейінгі аралықта қаншама айтулы тұлғалардың біздің Арыстың түлегі екені мақтаныш сезімін ұялатады. Ұстаздары, мектептері сондай шәкірттерімен мақтана алады. Олардың ішінде батырларда, еңбек ері де, мемлекет қайраткеріде бар.

Арыс поселкесі 1956 жылы 31 шілдеде ауданға қарасты қала мәртебесіне ие болса, 1965 жылдың 10 қарашасында Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының қаулысымен Арыс қаласы Шымкент облысы, Бөген ауданындағы облыстық бағыныстағы қала әкімшілік мәртебесіне ие болды. Осыған дейін түрлі әкімшілік территориялық бөліністерге сай білім бөлімі Бөген (қазіргі Ордабасы) ауданының құрамында болды. 1966 жылы Қалалық партия комитеті құрылып, оның бірінші хатшысы Всеволод Фадеевич Троян, атқару комитетінің төрағасы болып Ештай Шерімов сайланды. Ал білім бөлімінің дербес басшысы болып, белгілі майдангер ұстаз Тұрсынбек Бейсенов тағайындалды. Арыстағы білім бөлімі өзінше жеке оқу-ағарту жұмысын жүргізуі, осы кезден басталады деуге болады. 1966 жылдан 1988 жылға дейінгі аралықта білім бөлімінің қарауында тек қана қала мектептері ғана болды. Ал 1988 жылдан қазіргі кезге дейін қаланың ауылдық округіндегі мектептер білім бөлімін ірілендіре түсті.

1966 жылдан қазіргі кезге дейінгі қалалық білім бөлімін басқарған азаматтарды ретімен атап өткен ләзім Олар: Бейсенов Тұрсынбек, Колюпанова Жанетта Иосифовна, Орманов Елтай, Тасқынбаев Қондыбай, Бочарова Ольга Дмитриевна, Сейткулов Өскен, Қуатбеков Қанат, Башенов Ұлықпан, Зұлпыхарова Рахима, Тұрсынова Ақжарқын, Ағыбаев Талғат және Байтанов Амантай. Айтылған әрбір басшының қаланың білім саласын дамытудағы өзіндік ізі мен өрнегі бар.

1991 жылы еліміз Тәуелсіздік алып, қаланың білім саласында да айтарлықтай өзгерістер болды. Мемлекет білім саласын дамытуға барынша қолдау көрсетіп, ауқымды шараларды қолға алды. Мектептер халықаралық стандарттарға, заман талабына сай оқу – материалдық базамен қамтамасыз етіле бастады. Тәуелсіздік жылдарында бірнеше жаңа мектептер бой көтерді. Атап айтар болсақ, №1 С.Молдабаев, И.Журба атындағы т.б мектептер салынды, бірнеше бастауыш мектептер мен балабақшалар ашылды, барлық мектептер түгелдей күрделі жөндеуден өткізілді.

«Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 1 қаңтар 2016 жылғы мәліметі бойынша қазіргі кезде қала мен оның аумағындағы жалпы орта мектептер саны 39 болса, барлық оқушылар саны 16248-ді құраған. Мектептен тыс « жас туристер, натуралистер, техниктер станциясына 216 бала қатысады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру мекемелерінің саны 39-ға жетіп оларда 1411 сәби тәрбиеленуде. Педагог мамандардың жалпы саны 2115 болса, оның 400-і жоғары санатты, 591-і бірінші санатты ұстаздар. Материалдық-техникалық жағынан жабдықталған кобинеттер саны 123 болса, оның 65 – не интерактивті тақта орнатылған, барлық жалпы білім беретін 39 мектептің барлығы да интернет жүйесіне қосылған. Кітап қоры 382123 болса оның 271239–ы оқулықтар. Сонымен бірге, жыл сайын жазғы сауықтыру мерзімінде 2000-ға жуық бала демалады.

«Білім бөлімі» мекемесіне қарасты мектептердің барлығын қоса алған 50% оқушы түрлі спорттық секциялар мен үйірмелерге тартылған.

Білім бөлімінің басшылығы мен әдіскерлері қажырлы еңбек етуде. Мемлекетімізде білім саласында 12-жылдық білім алуға көшу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Келешекте еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу үшін 12-жылдық білім

беру қоғамның талабына айналды. Жақын жылдары жаңарған білім бағдарламасының іске асатынына сеніміміз мол.

«Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қазіргі мекен жайы Арыс қаласы, Ә.Салықбаев көшесі № 22 ғимаратта орналасқан.

БАСЫМ БАҒЫТТАР – БАСТЫ НАЗАРДА

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан -2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына да жылдар өтті. Еліміз өз дамуының жаңа сатысына көтерілді. Жақында ғана «Нұр Отан» партиясын кезектен тыс XV-съезі қабылдаған доктринасында – Елбасымыздың стратегиялық бастамаларын қолдауға, оның орындалуын қамтамасыз етуге арналған кешенді даму жоспары қабылданғаны барлығымызға белгілі. Партия съезінде сөйлеген сөзінде Елбасымыз, «Біз өзімізді ұдайы қамшылап, алға ұмтыла білсек қана Қазақстан – 2050 стратегиясындағы биік мақсаттарға жете аламыз» - деген болатын.

«Қазақстан –2050» стратегиясы ұзақ жылдарға арналған даму бағдарламасына орай, оның негізгі ережелерін насихаттау мен түсіндіру ұдайы жүргізіліп келеді. Сонымен: Жолдаудың I-тарауы Қалыптасқан Қазақстан 1997 жылы қабылданған Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиялық міндеттері 2012 жылға

қарай орындалды. Демек, біз 15 жылда мемлекетті қалыптастыруда қандай межелерге жеттік. Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалап, нені қалыптастырдық, соны нақтылап алайық. Олар:

1. Тәуелсіз Қазақстанды құрып, тәуелсіздігіміздің алынуы;

2. өз шекарамыздың заңды тұрғыдан рәсімделуі;

3. экономикалық кеңістік құрылып, өндірістік байланыстардың нығайтылуы;

4. өз Астанамыздың салынуы;

5. өз Ата Заңымыздың қабылдануы;

6. өз ана тіліміз – мемлекеттік тіл болып, дініміздің қайта оралуы;

7. ішкі және сыртқы саяси тұрақтылықтың сақталуы;

8. өз әскеріміздің жасақталуы;

9. әлемдік қауымдастықтарға мүше болып, бізді әлемнің тануы;

10. халқымыздың саны 17 миллион адамға өсуі.

Жоғарыда келтірілген дәйектемелерге сүйене отырып, біз саяси тұрақты экономикасы дамыған, жан-жақты қалыптасқан мемлекет болуы.

Жолдаудың II-тарауында; XXI – ғасырдың 10 жаһандық сын қатері туралы: Стратегияға Елбасымыз еліміз бен өніріміз үшін 10 негізгі сын қатерді көрсетіп берді. Олар:

1. тарихи уақыттың жеделдеуі

2. жаһандық демографиялық теңгерімсіздік

3. жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі

4. судың тапшылығы

5. жаһандық энергетикалық қауіпсіздік

6. табиғи ресурстардың сарқылуы

7. үшінші индустриялық революция

8. әлеуметтік тұрақсыздық

9. өркениет құндылықтарының дағдарысы

10. әлемдік жаңа тұрақсыздық қауіпі

Елбасымыз жоғарыдағы жаһандық 10 сын қатердің кез-келген көрінісіне жан-жақсы дайын болу үшін ойластырылған, жан-жақты үйлестірілген тұжырымын ұсынып отыр.

III - тарауда: «Қазақстан - 2050» стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты айқындалады – делінген.

Басты мақсат етіп, әлемнің ең дамыған 30 елімін қатарында болу, жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру. Сонымен, негізгі де басты бағыттар мыналар:

- мемлекеттілікті одан әрі нығайту;
- экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу;
- экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау;
- жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру;
- мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін арттыру.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев негізгі бағыттар туралы өзінің төмендегідей пайымдарын алға тартты. Олар: Негізінен жаңа экономикалық саясат, салық саясаты, ақша және кредит саясаты, мемлекеттік және сыртқы қарызді басқару саясаты т.б болып табылады. Ірі алып кәсіпорындардан гөрі, шағын және орта бизнесті дамытуға, стратегиялық емес сипаттағы кәсіпорындарды, қызметтерді жеке меншікке беру, Отандық кәсіпкерлікті дамыту, аса маңызды қадам болып отыр. Ал, әлеуметтік саясатта басты қағидат кедейшіліктің өсуіне жол бермеу, ең төменгі әлеуметтік кепілдіктер белгілеуді ұсынды. Экономиканың өсіміне қарай өмір сапасының стандарттарын кезең-кезеңімен сапалы арттыру – негізгі мақсатымыз екенін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы өмірлік даму саласындағы

жұмыстарды үйлестіруді күшейту қажеттілін де алға тартты. Соның айғағы: Моноқалаларды дамыту бағдарламасын іске асыруды бастады. Жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, кәсіпорындар жұмысын жетілдіруге едәуір ресурстар бағытталды.

Жолдауда: балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретіндігімізге байланысты екендігі айтылған. Соны ескере отырып, әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде, ана мен баланы қорғау бірінші кезекке қойылды. Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Бұл мәселеге мән беріп, балаларымызға болашақ қоғамға лайықты білім беруге үлкен мән беретіндігі айтылды. Елбасымыз болашақ ұрпақтың заманауи білім алуына ерекше назар аударып отыр. Соның айғағы, «Балапан» бағдарламасы жүзеге асуда, зияткерлік мектептер, Назарбаев университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасауда.

Сонымен бірге, Жолдауда Ұлт деңсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі екендігіне аса мән берілген. Онда елдің барлық аумағында медициналық қызметтер саласының бірыңғай стандарттарын еңгізуге, медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын бірыңғайландыруға тиісті – делінген.

Оның басты басылымдықтары:

- сапалы және қолжетімдік медициналық қызмет;
- ауру түрлері бойынша, диагностикалық және емдеумен қамтамасыз ету;
- профилактикалық медицина (аурудың алдын-алу).

Денешынықтыру мен спорт мемлекеттің ерекше назарында екені айтыла келіп «Салауатты өмір салты» - ұлт денсаулығының кілті делінген, Жолдауда.

Өз Жолдауында Елбасымыз мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыруды міндеттеді. Оның ішінде жергілікті басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекітті.

Маслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізіп, ол іске аса бастады. Кадр саясаты жөнінде ұлттық комиссия құрылып, кәсіпқой басқарушылардың жаңа санаты «А» корпусы жасақталды. Сонымен бірге құқық қорғау саласында бірқатар маңызды реформалар жүргізілетіндігіне мән берілді.

Сыртқы саясат саласында біздің басымдықтарымыздың өзгермейтіндігі, ең алдымен көршілеріміз Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, Америкамен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту. Таяудағы мақсат Еуразиялық экономикалық одақ құру. Сыртқы саясатта ұлттық мүдделерді қорғауға айрықша назар аударылып отыр.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Жаңа Қазақстандық патриотизм – біздің көп ұлтты және көп конфессиялық қоғамымыз табыстын негізі деп атап көрсетті. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез-келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құру, балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі өз Отанында өмір сүргенді қалайтындай, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болып, еліміздің әрбір азаматы өз жерінің қожасы ретінде сезінуі тиіс – делінген. Ұлттардың этносаралық келісіміне сына қағуға тырысатындардың барлығы да заң аясында жауапты екендігі де ескерілді.

Жолдауда, тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс телінген. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Ана тіліміз – 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналатын болады. 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қаріпіне көшіруге қадам жасалады. Қазақ тілі елімізде жаппай қолданыс тіліне айналғанда – біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз. Елбасы Жолдауында осылай атап көрсетті. Әрине үштұғырлы тіл мемлекеттік деңгейде

ынталандырылатын болады (қазақ, орыс, ағылшын) тілдері.

Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады. Қазақтың бірлігі – елдігіміздің кілті. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ ең алдымен қазақтарға керек. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы – бірліктің арқасында екенін әрбір қазақстандық бүгін де сезініп отыр.

Елбасымыз, бүгінде халқымыз үшін дәстүрлі емес және жалған діни ағымдар мәселесінің өткір тұрғанына назар аударды. Бүгінгі ұрпақтың әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып ата дәстүрін ардақтауға шақырды. Үкіметтің діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы жасалынды. Жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуге көңіл бөлінді.

Өз сөзінің қорытындысында Н.Ә. Назарбаев 2050 жылғы Қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді еркін адамдардың қоғамы болатынына сенім білдірді. Елбасы белгілеп берген стратегиялық мақсаттармен алға қарай дамып бара жатқан түзу жолымыздан ешкім де, ешнәрсе де бізді тоқтата алмайды. Стратегиялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету – Қазақстанның әрбір азаматының, мемлекеттік қызметкерінің парызы деп білемін.

БІЗДІҢ ДИРЕКТОР НЕМЕСЕ ҰШҚАН ҰЯ

Әрбір адам баласы үшін мектеп – қасиетті орын, алтын ұя. Мектеп – білім ордасы, ол барша мәдениеттің ошағы іспетті. Мектеп директоры – жалпы қоғамдағы белгілі тұлға. Ол ұстаздардың ұстазы, ол қоғамның зиялы өкілі. Ол жалпақ тілмен айтқанда, мектептегі мыңдаған шәкірттер мен жүздеген жоғары білімді ұстаздардың, қызметкерлердің қамқор әкесі (анасы) болғаны абзал.

«Басшылық жасау – бұл да басқару, бірақ адамның адамды басқаруы» - деген екен Э. И. Монозон. Әрине, басшылық жасаудың да түрлі бағыт –бағдары, жолы бар. Бірақ та артында ізі бар, бірнеше жылдар бойы есте қаларлықтай іс-әрекеттерімен аңызға айналған мектеп директорының орны басқаша болары хақ.

Белгілі «Ұстазым» әнінде:

Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын

Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын,

– деп жырланғандай, өзінің үлгісін менің көңіліме қыстатқан оқушы кездегі директорым – менің идеалым.

Менің айтпағым «Ұстаздардың - ұстазы» Қуатбеков Бекзат ағай туралы. Ол бүкіл саналы ғұмырын білім саласына, оның ішінде шалғайдан келген шопандардың балаларына интернатта әкесіндей болған тұлға болатын. Менің өмірімнің мектеп-интернатқа қатыстылығының өзіндік мәні бар. Онда менің әкем Сағат (Сағадат)

Әбдісадықұлы Жүнісов 30 жылға жуық ұстаздық еткен, тарих және қоғамтану пәндерінен бізге сабақ берген болатын. Өзімде сол Арыстағы интернаттың 1976 жылғы түлегімін. Биыл бітіргенімізге 40 жыл толыпты. Мектеп бітіргеннен кейін бірнеше жылдардан кейін, осы интернатқа директор боламын деп кім ойлаған. Мен 2004-2008 жылдары нақ өзім оқыған интернатта директорлық қызметті атқардым. Өзіме ұстаздық еткен ардақты ағайларым отырған орындықта отырып, басшылық ету мен үшін үлкен жауапкершілік, абырой, әрі бақыт деп ойладым. Ұстаздарымның сөйлеген сөздері, ақыл-парасаттылығы, бекзаттылығы, іс-әрекеттері, қарапайымдылығы мен кәсіби біліктілігінің биік деңгейін басшылық жұмыс барысында өзіме үлгі-өнеге тұттым. Ұстаздарымыздың адами-рухани қасиеттері шәкірті ретінде біздің есімізде жатталып қалғандай.

1974 жылдың қыркүйек айы күні бүгінгідей әлі есімде. Әкем Бекзат ағаймен бірге аталмыш интернатта бірнеше жыл бірге қызмет атқарды. Оның орынбасары болды. Жалпы, интернаттар білім саласындағы өндірістегідей «ыстық цех» - деген атқа ие. Себебі, интернатта оқу-тәрбие жұмыстары тәулік бойы толастамайды. Оған өзім басшылық жұмыс істеген жылдары менің де көзім жетті. Мен, сол 1974 жылы бұрынғы С.М.Киров (қазіргі С.Қожанов) мектебінің 8-ші сыныбын бітіргенмін. Жазғы демалыс біткеннен кейін шамамен 4-5-ші қыркүйек күндерінің бірінде сабақтан үйге келген күні әкем мені және үш қарындасымды келесі күннен бастап, өзі жұмыс істейтін интернатқа ауысатынымызды бірден кесіп айтты. Қарындастарым Забира, Роза, Раушан үшеуі де сол күні интернатқа барды. Ал мен бұрынғы мектебімді, ұстаздарым мен сыныптас достарымды қимай 2-3 күн кешігіңкіреп бардым. Біздің отбасымыздың көп балалы екендігін

ескеріп, бізді интернатқа ауыстыру туралы ұсынысты әкеме Бекзат ағай айтқан екен. Бекзат ағайдың мектеп басшысы ретінде қарамағындағы мұғалімдеріне деген қамқорлығының бір белгісі екенің әкем үнемі есіне алып айтып отыратын. Дегенмен, интернатта оқу маған үлкен жауапкершілікті бұрынғыдан да арттырғанын бала болсам да түсіндім. Жаңа сыныбымдағы оқушылармен тез арада тіл табыстым. Барлығы да оқуда да, қоғамдық шараларда да белсенді екен. Мен де солардың қатарына қосылып, сiнісiп кеттiм. Барлығы да Арыстың төнірегіндегі ауылдардың (совхоздардың) балалары, көпшілігі облысқа, ауданға белгілі орденді шопандардың ұл-қыздары болып шықты. Сынып жетекшіміз де математика пәнінің мұғалімі Исаева Мария апайымыз өте талапшыл, әрі өз ісінің білгірі екен. Ал тәрбиешіміз Қыздығой апай сабақтан кейінгі кезден бастап ұйқыға кеткенше, бізбен бірге болатын. Мен осы мектепте мұғалімнің баласы атандым. Сондықтан да директордың орынбасары қызметін атқарып жүрген орденді әкемнің атына сөз келтірмеуді бірінші кезекте ойладым. Қысқасы, мен қай жағынан болса да үлгілі оқушы болуға тырыстым. Ол жылдары, әсіресе 1970-1980 жылдары № 13 мектеп-интернаттың білім, өнер, спорт саласындағы шоқтығы облысқа белгілі болды. Осындай жетістіктің барлығы да біздер, шәкірттер үшін бәйтерегіміздей болған Бекзат ағайдың іскер басшылығының арқасында екенін оқушы болсақ та сезінетінбіз. Бекзат ағайдың кадр тандауы мен іріктеудегі көрегенділігі сабақ оқытып жүрген ұстаздарымыздың қажырлы еңбектерінен көрініс тауып жататын. Сол жылдары әрбір мұғалім өз мамандығының терең білгірлігіне қоса өз алдына жеке-жеке тұлғалық орны болатын. Сондайлық қасиетті бүгінгі ұстаздардың бойынан табылғанын қалар едім. Аяулы ұстаздарымыз Т.Ысқабаев, М.Маханов,

Ә.Молдашева, М.Исаева, М.Әдишаева, Ә. Тоғызбаев, А.Төлепов, Б.Шүйіншіғалиев, Г.Жүнісова, Ә.Айдаров, Ә.Омаров, Р.Әбдіқұлов, Д.Кенжеқожаев, Ш.Рахымбаева т.б әрдайым мақтанышпен еске аламын. Кейінірек өзім де мұғалім болып, ұстаздарымның бірқатарымен білім саласында бір сапта ұстаздық жұмысымды жалғастырдым, олардың ақыл-кеңестерін алдым.

Ұстаздарымыз бізді бауырмалдылыққа, инабаттылыққа, кішіпейілділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеген екен. Оған арада көп жылдардан кейін көзіміз жетуде. Интернатты бітіргенімізге биыл 40 жыл болса да сыныптас достар бір-бірімізбен қарым-қатынасымыз бен байланысымыз ажыраған емес. Өмірдің ащысы мен тұшшысын бірге татып келеміз. Сыныптастарымның аты-жөндерін атап өтуді жөн көрдім. Олар: Оразхан, Пернебай, Құрманғали, Рысалы, Серікбай, Қалашбек, Таңатар, Әлсейіт, Бақытжан, Үсіпәлі, Жүнісәлі, Жұпарбек, Батыр, Сапақ, Сапар, Нұрлан, Жұман, Сүлеймен, Бастарбек, Пернебек, Артық және өзім, қыздарымыз Қанат, Жанат, Қатира, Бекайым, Қалдыкүл, Мәрзия, Ақжолтай. Бүгінгі танда барлығы да немере сүйіп отырған ардақты ата-әжелер болды. Одан артық бақыт бар ма? Өмір-өзен деген осы да.

Директорымыздың үйі мектептің қарсы алдында болғандықтан, тәуліктің қай кезінде болса да ол кісі мектептен табылатын. Бекзат ағайдың мектеп ауласынан көрінгенінің өзі бізге демеу, алдымыздағы пана қалқандай көрінетін. Шын мәнісінде солай болды да. Интернатта айтулы істер де, тілге тиек етер тарихи деректер де өте көп. Менің айтып отырғаным солардың ішіндегі мөлдір тамшысы ғана.

Менің де білім саласының қайнаған ортасында жүргеніме 35 жылдан асыпты, оның 25 жылын мектептердің басшылық лауазымдарында атқарып келемін. Әрине, аз уақыт емес. Осы уақыттарда

әрдайым ұстаздарымның биігіне жетуге талпындым. Өйткені, ұстаздарымыз бізді қиыншылыққа төзе білуге, адамдықтың ақ туын биік ұстауға, көпшілікке жақсылықтардың нұрын шашуға баулыды. Бүгінге дейін жеткен биіктеріміз Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім Бекзат Қуатбековтей ұстаздардың шапағаты екен. Сөзімді «Ұстазым» әніндегі; Қалдырған ізің мәңгілік

Жадымда тұрар жаңғырып

Ұстазым, менің ұстазым! - деген ән жолдарымен аяқтағым келді.

ТӘРБИЕ ТӘЛІМДІ БОЛСА...

Жуырда өткен мұғалімдердің дәстүрлі тамыз кеңесінің күн тәртібіне «Сапалы білім мен тәрбие беру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы» тақырыбының таңдап алынуы тектен-тек болмаса керек. «Қазақстан – 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Жолдауында атап көрсетілгендей, қазіргі әлемде жай ғана сауатты болу жеткіліксіз. Ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге әзір болу – бүгінгі уақыттың басты талабы.

Мектептердің материалдық – техникалық базаларын түбегейлі жаңарту арқылы ғана оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің инновациялық білім беру технологияларын игере алары даусыз. 2013-2014 оқу жылынан бастап, бірінші сыныптан ағылшын тілінің, бесінші сыныптан информатиканың енгізілуі жан-жақты дайындықты қажет етеді.

Өткен оқу жылында И.Журба атындағы жалпы орта мектебінде 24 сынып комплектіде 620 оқушы білім алып, оған 58 мұғалім қызмет етті. Тамыз айында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, мектепішілік тұрмысы төмен отбасынан шыққан 21 оқушы киіммен және аудандық демеуші «44859 әскери бөлім» ұжымы 7-сынып оқушысы А.Пашаева мен 3-сынып оқушысы Х.Алдияровты мектеп формасымен, оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілді...

Оқу жылының алғашқы сабағы «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш» тақырыбындағы ашық сабақпен басталды. Алғашқы он күндікте мектепішілік «Назар аударыңыз, бағдаршам!» онкүндігі өткізілді. Оқушыларға сынып жиналыстарында, тәрбие сағаттарында жол қауіпсіздік ережесімен таныстырып, әңгімелер жүргізілді.

«Қазақстан халықтарының тілдері» күніне орай мектепішілік апталық өткізіліп, 5-сынып оқушысы Мереке Асылбай «Көп тілді білу баға жетпес байлық» тақырыбында аудандық байқауға қатысып, ІІІ-орын иеленді.

Қазан айында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» айлығында «Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп, оған «Құралай» мешіті имамы С.Ақшалов, ҰҚ Комитеті қызметкері Е.Қуандықов, әдіскер Ж. Жаңабаева қатысты.

Оқушылар арасында «Алтын күз» айлығында «Алтын күз бояулары» тақырыбында сурет, «Күз мереке, күз береке» тақырыбында қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Үйірме жетекшісі Ұ.Есімханова «Жасыл ел» бағдарлама аясында көгалдандыру жұмыстарының қорытынды есебін берді.

1-4 қазан аралығында «Қарттар күні» мерекесіне орай 9 сынып жетекшісі Г.Наурызова ардагер ұстаз Р.Сайлауовамен кездесу өткізді. «Қолғабыс» тобы Ұлы Отан соғысы ардагері Қ.Қазыбековтың үйіне көмек берді.

Аудандық «Өнерлі ұстаз - 2012» байқауына биология пәні мұғалімі Ұ.Есімханова қатысып, арнайы номинацияға ие болды.

3 «а» сынып жетекшісі Л.Байжанысова өз оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту бағдарламасы бойынша интерактивтік интеллектуалдық

ойын өткізді. Ойында дүниетану, математика, қазақ тілі, ана тілі пәндерін байланыстырып, сұрақ-жауап алды. Сондай-ақ, Г.Наурызова мен Ұ.Есімханова 8-9 сынып оқушыларына биология, химия пәндері бойынша, «Ғалым әлемін ашаңыз» атты интеллектуалдық ойын байқауында оқушылардың химия, биология пәндеріне деген қызығушылықтарын арттырды.

Талантты, жерлес жазушымыз Д.Исабековтың 70 жылдық мерей тойына (Ергөбек мәдениет сарайы) мектеп мұғалімдері қатысып, өмір дерегі мен шығармашылығынан хабардар болды.

«Барлық әлем мен үшін» атты Бүкіләлемдік балалар күні мерекесіне апталық өткізіп, тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Аудандық «Өз тілінді құрметте» байқауында 8- сынып оқушысы Ж.Жарылқасын І-орын алса, «Махамбет оқулары» байқауында 7-сынып оқушысы А.Пашаева, пән олимпиада жеңімпаздары 9-сынып оқушылары Ж.Исахан география пәнінен, А.Полатбек тарих пәнінен, 4-сынып оқушысы Н.Төлеген қазақ тілі пәнінен, Б.Әшен ана тілі пәнінен, «Балауса аруы - 2013» байқауында 7- сынып оқушысы Ә.Мұнайтпасова, тағы басқа оқушылар ІІІ-орын алып, мектеп абыройын асырды.

Оқу-тәрбие жұмысында белсенді қызмет атқарып жүрген ұстаздарымыздың бір парасы әспеттелінген болатын. Атап айтқанда, қазақ тілі пәні мұғалімі Н.Сарсенбекова халықаралық «Бейбітшілік әлемі» қоғамының «Лидер образование» медалымен және «Нұр Отан» ХДП мақтау қағазымен марапатталды. Орыс тілі пәні мұғалімі Н.Сарсенова, бастауыш сынып мұғалімі Ұ.Медетбаева аудандық «Білім беру жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты» тақырыбындағы конференцияда ІІІ-дәрежелі диплом алды. Сондай-ақ, халықаралық «Бейбітшілік

әлемі» қоғамының «Абылай ханның туғанына 300 жыл» медалымен өзімде марапатталып, «Жазушылар Одағы мүшесі» төсбелгісін төсіме тақтым.

Мектеп өмірінде оқушылар мен ұстаздар жөнінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар ұшан-теңіз. Соның тәрбие тәлімін біршама тілге тиек еттік. Сонда да болса тәрбие мәселесі өзекті болып қала бермек. Шәкірттерімізге осы заманғы білім негіздерін сапалы меңгертумен бірге азаматтық, адамгершілік, тұлғалық қасиеттерін дамытуға, ұлттық үлгілі салт-дәстүрлерді жүректеріне сіңіруіне баса назар аударылады.

Қала ұстаздарының тамыз кеңесінен көкейге көп ойлар түйілетіні сөзсіз. Бұл ұстаздар қауымы қызметіне жаңа серпін береді.

ҒҰМЫРДАРИЯ

Жүніс қажының балалары

Сырдария жағасындағы Көксарай ауылында үлкен мешіт болды. Ол мешіттің имамы Жүніс молда жұртқа қадірлі, беделді кісі еді. 1910 жылы Меккеге барып, Қағбаны тәу етіп, қажы болып қайтты. Үлкен ұлы Әбсадықты мешітке имам етіп сайлады. Кіші ұлдары Әбдіғапбар мен Әбдіәмитті де дін жолына тәрбиеледі. Көксарай ауылының тұрғындары оларды сайлап, «қажының балалары» деп құрмет көрсетті.

1937 жылы қазақ халқының қаймағы саналатын, оқыған, білімді азаматтарды қудалау басталды. Әсіресе дін жолында жүрген зиялы азаматтарды «халық жауы» деген сылтаумен түн ішінде үйінен ұстап әкетіп, қамап, соттап, атып жіберу әдетке айналды. Елдің берекесін алған белсенділер нұсқап көрсеткен адамдар осылайша құрбан болды. Жүніс қажының балаларына да осындай қауіп төнгенде олар мешітті тастап, қоныс аударып, Арысқа көшіп келіп, темір жолға жұмысшы болып кірді. Олардың арасында Әбдісадықтың үлкен ұлы 1929 жылғы 1 қаңтарда дүниеге келген Сағадат та бар еді.

Соғыс жылдарында

1941 жылы фашистік Германия басқыншылары біздің елімізге түн ішінде, жұрттың бәрі шырт ұйқыда жатқанда тұтқиылдан шабуыл жасады. Қаптап ұшқан

самолеттері бомбаларын қарша жаудырып, танкілер жердегілерді таптай алға ұмытылды. Соның салдарынан халқымызға орасан зор зиян келді. Ол аз болғандай, Сағадатты Сағат деп атайтын анасы қайтыс болғалы жетім қалған үш балаға ауыр тиді. Әпкесі Мәрзия мен Сағат екеуі інілері Инаят пен Әбдішахымға қамқорлық жасады. соғыс біткенше Мәрзия әпкесі ана орнына ана болды. Мектепті жақсы оқыған Сағат ұстаздарынан үлгі алып келешекте солардай ұстаз болуды армандады.

Білім жолында

1948 жылы Сағат та С.Қожанов атындағы мектепті бітірді. Әкесінің екі інісі талабы таудай жас балаға ақылын айтып, білім жолына түсуді аманаттады. Шымкенттегі мұғалімдер даярлайтын екі жылдық институтқа түсуді ойлаған ол құжаттары мен бір табананды қойнына қыстырып, II- Арыс стансасына жақындай бергенде пойыз жылжып жүре берді. Ол парковый разъезде қарай жүгірді. Ондағы ойы – сол жерге тоқтаған пойызға ілініп кету еді. Қарсы келе жатқан пойызды өткізіп жіберу үшін, тоқтап тұрған пойызға жармасып, Шымкентке келді, оқуға түсті.

Інілеріне қамқорлық

1949 жылы Шымкенттегі оқудың бір жылын тауысып, каникулға шығып, ауылға келген Сағат үй – ішінің тарығып отырғанын көреді. Қаладағы мекемелерді аралап, жұмысқа тұрғысы келеді. Бірақ ол жылдары барлық мекемелерді басқарып отырған көк көзді азаматтар қара көзді жас баланы жұмысқа алмайды. Сөйтіп жүргенде, Талдықұдық темір жол бекетінің

бір қариясы кездесіп қалып, тең ортаққа бидай орып, бастыратын көмекші керек екенін айтады.

Сағат таң бозарып атқанда, қолына орағын алып бидай оруға кіріседі. Орылған бидайларды баулап, қырманға тасып, бидайды есекпен бастырады. Күн қарайып батқанға шейін тыным таппайды. Осындай еңбектің нәтижесінде, үлкен қазақы қаппен 22 қап дән алынды. Егістің иесі жас баланың қажыр-қайраты мен адалдығына риза болып тиесілі 11 қаптың орнына 12 қап бидай берді. Осы бидай оның үйіне 2 жыл азық болды. «Оқымаймын, жұмыс істеймін» - деп жүрген жас бала райынан қайтып, оқуын жалғастыруға кетті. Оқуды бітірген соң жолдамамен Қазақстанның Бостандық ауданына мұғалім болып кетті. Сол жерде 1956 жылға дейін қызмет атқарды.

Алғашқы махаббат

Мұғалім болып жүргенде досы Әбдіраш екеуі мектептегі түрлі мәдени іс-шараларға белсене қатысты. Өзінің білімімен, жақсы мінезімен көпшілік құрметіне бөленді. Көзге түсер көркі бар, жібектей мінезі бар жақсы қыздарға жақын жүрді. Әбдіраш Лена деген қызға, Сағат Әбдіраштың қарындасына ғашық болды. Сөйтіп жүргенде сүйікті қызы мектеп бітіріп, Алматыға жоғарғы оқу орнына кетті. Ол үйінің жағдайын ойлап, әрі талапты қыздың бетінен қақпайын деп «үйленейік» деген сөзді айта алмай қалды. Жарқ етіп көзге түскен сұлу қызды жар таңдаған жігіттер бекер қойсын ба?! Сол кезде Сағатқа хат келді. Сіз маған «жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деп Абайдың өлеңін айта беруші едіңіз, келіп кетіңіз» деп жазыпты қыз. Бұл барамын дегенше, сол институтта ұстаз болып жұмыс істейтін әккі жігіт сұлу қызды қағып кетіпті.

Сағаттың жан-сырын тыңдаған біз тағатсызданып:

«Ол қызбен кейін кездестіңіз бе?»-деп сұрағанымызда: «Кездестім ғой, күйеуі қайтыс болғанда бата оқып барып, көңіл айттым. Сонда ол баяғыны еске түсіріп «Өзіңнен болды ғой, келмедің ғой»-деп күрсінді.

Тәшкендегі оқу

Бостандық ауданының Шыршық қаласында мұғалім болып жүрген кезінде Тәшкент қаласындағы Низами атындағы педагогикалық институтының тарих факультетіне сырттан оқуға түскісі келді. Қабылдау комиссиясының алдындағы кезекте 100-ден астам адам тұр екен. «Бүгін құжаттарымды тапсырып үлгере алмайтын шығармын, кешке қай жерге барып қонсам екен» деп қиналып тұрғанда, қасына еңгезердей сары жігіт келіп «Ағай, сіз мына үш кісіден кейін кіресіз» - деп кезектің алдыңғы жағына әкеп қойды сөйтсе ол жігіт өзінің оқытқан шәкірті екен. Тәшкенттегі институтты бітірген соң Арысқа ауысып, С.Қожанов мектебінде мұғалім және мектеп жанындағы интернатта тәрбиеші болып жұмыс істейді. Интернаттың меңгерушісі Таңатарованың күйеуі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы екен. Сол жылы интернат Байыркұм ауылындағы Гоголь атындағы мектепке беріліп, сонда көшеді. Арыстағы интернат жабылады. Туған жерден басқа жерге кеткісі келмеген Сағат 1961 жылға дейін С.Қожанов мектебінде мұғалім болды. Бастауыш партия ұйымының хатшысы болып қоғамдық жұмысты басқарды.

Мектеп –интернатта

1961 жылы Арыс қаласында екі қабатты оқу корпусы, үш қабатты жатаханасы, асханасы, қоймалары, кір

жуатын корпусы, моншасы, салынды. Шымкенттегі №12 мектеп-интернаттан кейін, №13 мектеп-интернат салынды. Мектеп директоры болып Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер Төлебек Ысмайылұлы Жананов тағайындалды. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып Керімбеков Баймахан, оқу ісінің меңгерушісі болып «Еңбек қызыл ту» орденді ұстаз Айзада Молдашева тағайындалды. Ол кезде мен аудандық оқу бөлімінде қызмет ететінмін. Оқу бөлімінің меңгерушісі А.Әлмұханов, мектеп инспекторы Т.Егізбаев, Н.Омаров, М.Қарабаев қызмет ететін. Жаңадан ашылған мектеп-интернатқа ұстаздар қабылдау басталды. Аудан көлеміндегі мектептерде жұмыс істейтін ең жақсы мұғалімдер іріктеліп алынды. Сол кезде қазақ тілінің мұғалімі Б.Мәдәлиев, тарих мұғалімі М.Маханов, физика пәнінің мұғалімі Н.Қарабаев, математика пәнінің мұғалімі И.Әбдікәримов және басқа мұғалімдер қабылданған еді. Әрі бастауыш сыныпқа 2, ал жоғары сыныптарға бір тәрбиешіден бекітілді. Интернатқа алынатын 300 балаға күні-түні қарап, тәрбие беретін тәрбиешілерге басшылық жасау үшін аға тәрбиеші қызметіне Сағат Жүнісов бекітілді. Содан 21 жыл бойы ол осы мектеп-интернаттың бар ауыртпашылығына төзді, ыстығына күйді, суығына тоңды. Таң бозарғаннан мектепке келіп, ел жатқанда үйіне қайтып жүрді. Кентау қаласынан таңдап әкелген сүйікті жары Нәзипа екеуі 15 баланы тәрбиелеп өсірді. Осы жылдардың ішінде жүздеген балаларға ағалық ақылын айтты, ұстаздық мейірімін танытты.

Ер сүрінбей ел танымас

1963 жылы №13 мектеп интернаттың бастауыш партия хатшысы Сағат Жүнісов үлкен сыннан сүрінбей

өтті. Қызылқұм ауылының орталығы Шәуілдірдегі аудандық партия ұйымының есебінде тұратын 34 жасар коммунист Сағат бюрода жауап беруге мәжбүр болды. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы келіп тексерген кезде, бас есепші А.Тұяқбаев, кассир Т.Алтынбеков, шаруашылық меңгерушісі Т.Әбуов, азық-түлік қоймасының меңгерушісі Ә.Стамқұлов өз жұмыстарына салақ қарап, мемлекет мүлкін талан-таражға салғаны анықталды. Сол үшін олар жұмыстан шығарылып, жауапқа тартылды. Оларға тиісті бақылау жасамағаны үшін мектеп директоры Т.Жанановқа партиялық жаза беріліп, қызметтен босатылды. Сол кезде партия ұйымының басшысы С.Жүнісовке де ескерту берілген болатын. Осы қателік оған өмір бойы сабақ болып, оны сақтыққа үйретті.

Алғашқы награда

1963 жылы жазда №13 мектеп-интернатқа білім басқармасында қызмет істейтін Бекзат Қуатбеков мектеп директоры болып келді. Көргені мен білгені көп тәжірибелі басшы Сағат Жүнісовты тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы директордың орынбасары етіп тағайындады. Интернаттағы тәрбие жұмысы жақсарып сала берді. Әсіресе, әр түрлі үйірмелер ұйымдастырылып, олардың жұмысы мазмұнды жүргізіле бастады. 1964 жылы Қызылқұм ауылынан бөлініп шығып, бұрынғы Арыс ауданы жерінде Бөген ауданы құрылды. Аудандық оқу бөлімінің бастығы Ә.Бейсенбаев, мектеп инспекторы Т.Егізбаев келіп, мектеп ұжымымен танысты. Жақсы жұмысы үшін 1964 жылы Сағат Жүнісовке Қазақстанның халық ағарту ісінің жұлдегері деген құрметті атақ берілді. №13 мектеп-интернат ұжымы аудандық және облыстық

жарыстарда көзге түсіп, облыстық атқару комитетінің ауыспалы қызыл туымен марапатталды.

1970 жылы облыстық оқу бөлімінің 32 адамынан құралған тексеру комиссиясы келіп, бір ай тексерді. Нәтижесінде, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Ф.Троян басқарған бюрода мектеп директорына ескерту, оқу ісінің меңгерушісіне сөгіс беріліп, тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы қызметінен босатылды. Сол жылы мен қалалық партия комитетіне жаңадан жұмысқа ауысып келген едім.

Мектеп директоры Бекзат Қуатбеков 1969 жылы қатты қыста денсаулығын бұзып алып, көп қиналды. 1975 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шығатын болды. Ол кісі қала басшыларына айтып, мені мектеп директоры болуға үгіттеді. Ол кезде мен қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі едім. 1976 жылы директорлық жұмысқа кіріскеннен кейін физик Ә.Тоғызбаевты оқу ісінің меңгерушісі, тарихшы С.Жүнісовты тәрбие жұмысын ұйымдастырушы қызметіне тағайындадым, бұл қызметті атқарып жүрген Р.Әбдіқұлов еліне мектеп директоры болып кетті.

Жақсыдан – шарапат

1976 – 1980 жылдары мектеп тарихында ерекше өзгерістер жылы болды. Мектебіміз облыс бойынша, алдыңғы қатарлы мектептің біріне айналды. Жақсы жұмыстарымызды көрсету үшін 1980 жылы 17 ақпанда мектепте облыстағы барлық мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінің басшылары қатысқан облыстық семинар кеңесі өткізілді. Кеңесте жасалған баяндамалар мен көрсеткен көрмелерміз жоғары бағаланып, мектептің мұғалім тәрбиешілері мен басшылары

наградаға ұсынылды. Маған Қазақстанның «Оқу ісінің үздігі» деген құрметті атақ берілді. Сағат Жүнісов «Құрмет белгісі» орденіне ұсынылды. Маханов Мінуарға «Мұғалім – методис» деген атақ берілді. Мен қызметтес достарыма рақмет айтып, Бөген аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысып кеттім. «Жолдасың жақсы болса, мұратқа жетерсің» деген сөздің растығына көзім жетті.

Мектеп директоры болғанда

1980 жылдан бастап №13 мектеп-интернатта Байқожа Баязитов директор болды. 1987 жылы Сағат Жүнісов қазіргі М.Әуезов атындағы мектеп директоры болып ауысты. Бұрын №13 мектеп-интернатта жұмыс істеп жүргенде, талап пән тәртіпке үйренген, ол жаңа мектепте жаңа тәртіп орнатуға тырысты. Бұл мектеп темір жол мектебі болғандықтан, Арыстағы, Шымкенттегі, Алматыдағы басшыларымен тығыз қарым-қатынаста болып, проблемалық мәселелерді шешу қажеттілігі туындады.

Бір күні кабинетінде отырған кезде мұғалім Сәуле Аманқызы ентіге келіп: - Ағай, қараңызшы, менің сыныбымдағы төбенің сылағы түсіп кетіп, майып бола жаздадым. Мектепті түзету керек»- деп реніш білдірді. Оның күйеуі қалалық атқару комитетінің төрағасы Э.Мұхамедовке бірнеше рет барып, мектепті жөндеу қажеттігін айтқан болатын. Сонда ол «Темір жол мектептерін темір жол басқармасы жөндетеді», - деп шығарып салған еді.

Кейінгі жылдары темір жол мектептері қалалық, облыстық білім басқармаларына қарайтын болды. Мектептерге мүлік беретін облыстық базистік магазиннің директоры болып қызметке кіріскен Кемалхан Рысбаев бұрын мектеп-интернатта оқытқан

шәкірті еді. Ол мектепке керекті барлық заттарды кедергісіз беріп тұрды. Соның нәтижесінде, мектеп адам танымастай өзгерді.

Балаларым – бақытым

Сәкеннің жары Нәзипа – жақсы адам еді. Олардың балалары да ата-анасының жолын қуған зиялы адамдар болып өсті. 15 ұл-қыздың қайсысы болса да, өмірден өз орындарын тапты. Үлкен ұлы Асқар су маманы, Мәлігі – АСУ инженері, Әбдірахманы – салық инспекторы қызметтерін атқаруда. Сағат Жүнісов – педагогтар әулетінің атасы. Оның 50-ге жуық ұл-қыздары, немере – шөберелері білім саласында қызмет етеді. Мысалы, Әбдісағатары – мектеп директоры, Забирасы – мектеп директорының орынбасары және басқа балалары да әр түрлі қызмет атқарады. Балаларының іс-әрекетіне сүйсінген Сағат аға екі сөздің бірінде «Менің байлығым, да бақытым да – балаларым» деп айтып отыратын. Шынында, жастарға тәрбие берген, балаларын жақсы адам етіп өсірген азаматтың арманы бар ма екен?!

Жақсының аты өлмейді

Арыстағы қазіргі Абай атындағы мектеп-интернатта мен 1962 жылдан бастап мұғалім болдым. Ол кезде малшылардың және жетім балаларды толық мемлекет қамқорлығына алып оқытатын мұндай мектептерді жұрт «Коммунизм мектептері», - деп атайтын. Себебі киім-кешек, оқу құралдары тегін берілетін, күніне төрт мезгіл тамақ, басқа да жағдайлар жасалған мектепте оқығысы келетіндер көп болатын. Жазғы демалыс кезінде балалар лагерьге баратын, Түркістан,

Шымкент, Алматы, Москва, Ленинград қалаларына саяхат жасайтын. Көктемде мақта шабуға, күзде мақта жинауға қатысып, еңбек ететін. Осы жұмыстардың басы-қасында аға тәрбиеші, кейін директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сағат Әбдісадықұлы Жүнісов жүретін. Оның мейірімін көрген, жалынды сөздерін тыңдаған шәкірттер ешқашан тәртіп бұзбайтын. Күн сайын сағат 15 пен 17 арасында әр сыныпта тәрбие сағаттары өтетін. Тәрбиенің 18 түрі бойынша кездесулер, кештер, сабақтар өткізіліп, оған оқушылар, ата-аналары белсене қатысатын. Соның бәріне Сәкен басшылық жасайтын. Мен осы мектеп-интернатта 1976 – 1980, 1984 – 1988 және 1992 – 1997 жылдары директор болып қызмет жасап, зейнеткерлікке шықтым. Бірге қызметтес болған Шекербек Садықов, Әбілхан Айдаров, Бекайдар Мәдәлиев, Баймахан Керімбеков, Орынбасар Шалабаев және Сағат Жүнісов ағаларды үнемі еске алып тұрамын. Сондай жақсы азаматтармен қатар жүргеніме, жолдас болғанымға риза болып, Аллаға шүкіршілік жасаймын.

Әсіресе, Сақаңның айтқан әңгімелерін тамсана тыңдап, салған әндерін тебірене тыңдаушы едік. 2011 жылдың 11 қарашасында мен 75 жасқа толғанда алтын той өткізуді мақсат етіп, Сақаңды арнайы барып тойға шақырып едім.

Сонда ол кісі:

– Міндетті түрде барамын. Би билеп, ән саламын, жақсы күндерді еске аламыз, - деп қуанып еді. Алланың әміріне амал бар ма, Сақаң ауырмай-сыздамай жүріп, менің тойымнан екі күн бұрын, айттың екінші күні дүниеден озып кете барды. Төбемізден жай түскендей болды. Қаралы жиынға қатысып, ардагер ағамызды соңғы сапарға аттандырып, мінберде қоштасу сөзін жылап тұрып әрең айттық...

Орнында бар оңалар

Әбдіғапбар имам елге сыйлы, құрметті азамат болды. Осы ағасының ақылын тыңдап өскен Сағат та көпке қадірлі, батагөй қария болды. Өзінің 15 ұл – қызынан тараған немере - шөберелері де ата данқына сай азаматтар болып өсіп келе жатыр. Сақаң: «Алладан ақырымды бер деп тілеңдер»-деуші еді. Алла өзінің де ақырын беріп, үлкен ұрпақ өсіп келеді. Бүкіл ұстаздар әулетінің атасы болған Сағат Әбсадықұлының өмірі жастарға үлгі – өнеге.

*Байырғы ұстаз, ҚР-сы білім беру ісінің үздігі,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Арыс қаласының құрметті азаматы
Төлебай Ысқабаевтың естелігінен.*

АТА-БАБА ДӘСТҮРІ-ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Алғашқы сөзді еншілеген облыстық «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жеңісбек Мауленқұлов басты мәселе – бала тәрбиесі екендігіне тоқталды. Елбасымыз еліміздің болашағы – балалардың тәрбиелі болып өсуіне баса назар аударуда.

«Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» шарасы тұнғыш рет Арыста өтіп, бастауын темір жолшылар қаласынан алды. Қазір облыстағы игі істердің бірі болып отыр.

Жеңісбек аға облыстық ардагерлер кеңесі атқарған ауқымды жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, ұлтымызға жат көріністердің де белең алғандығын өкінішпен айтады. Мәселен, асқар тау-әкесі мен қайнар бұлағы-анасынын қарттар үйіне қаңтарып қойған қалталылар да бар. Мектеп қабырғасында жүргенде темекіге үйреніп, тіпті «ұрттап» қоюға құштарларда табылады.

– ОҚО «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі республика бойынша озық тұр, - деді жазушы – журналист, облыстың Құрметті азаматы, «Алаш» сыйлығының иегері Мархабат Байғұт .

- Бүгінгі таңда дүниеде қауіпті құбылыс орын алып отырғанын естен шығармауымыз керек. Әлемдегі 200-ден астам мемлекет өзін-өзі сақтап қалуға тырысуда.

Оңтүстіктің көрнекті қаламгері көптеген өзекті мәселерді ортаға тастады. Салт-дәстүр айта келіп,

,кемшіліктерді де жасырмайды. Соның бірі – түрлі тойлардың ылғи кешігіп басталуы . Қонақтардың көбі кердең басып, шақырған уақытта келмейді.

Бүгіндері өмірімізде белең алған өрескелдік -некенің тұрақсыздығы. Үш отбасының бірі ажырасатындығын дерек көздері дәлелдеп отыр. Ал, біздің ата-бабаларымыз бұл мәселеге аса жауапкершілікпен қараған .

Арыстық Оразхан Арыстанбаев, Ескендір Кенжеханов, Майлан Дербіз өз пікірлерін ортаға салды. Салт-дәстүрлерді сақтаудағы жетістіктер мен кемшіліктерді сөз қылды.

Жиынды қортындылаған қала әкімі Сейт Ертай ұрпақ тәрбиесі аса жауапкершілік пен қарайтын мәселе екендігін қадап айтты. Оған мектеп, ата-аналармен бірге ардагерлер де ат салысу керек.

- Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, өмір көрген, халқымыздың салт-дәстүрлеріне қанық қариялардың айтарын қалың қауымға жеткізуіміз қажет.

- Жасырмаған жөн, бала тәрбиесіне отбасында жеткілікті мән берілмейді. Оны күнделікті өмірден көріп жүрміз. Баламыз кешіксе жәй барақат отырамыз да, өрістен қайтқан малымыз кешіксе мазамыз кетеді. ҰБТ кезінде баламыз жоғары ұпай жинасын деп қалтамызды ақшаға толтырып зыр жүгіреміз. Неге сол ақшаның аз ғана бөлігіне репетитор жалдамасқа, баланың білімін толықтырмасқа?! –деді қала басшысы.

Арыстық ардагерлермен өткен жиыннан соң сыныптарда ашық сабақтар ұйымдастырылды.

Мектеп директоры Әбсаттар Жүніс өткізген «Ұлт тағдыры – ұрпақ тәрбиесі» тақырыбындағы сабаққа Ж. Мәуленқұлов, Сейіт Ертай, профессор, тарих ғалымдарының докторы Сәбит Жолдас, білікті ұстаз Роза Сұлтанәлиеваның өткізген «Білімді ұрпақ- мемлекет тірегі » сабағына М. Байғұт, еңбек ардагері, Арыс қаласының Құрметті азаматы Шерім Медеуов,

ал Ләйла Ильясова өткізген «Алтын аналардың өсиеті» сабағына ОҚО «Ардагерлер кеңесі» ҚБ төрағасының орынбасары, облыстық «Әжелер алқасының» төрайымы Үрзада Айтөреева қатысып, тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды.

САҒЫНДЫМ АТА, МЕН СІЗДІ

Бірі келіп жатады бірі кетіп,
Мына жалған өмірге шыдап төзіп.
Сағынышым бар менің атам жайлы,
Кеше ғана әкеткен ажал келіп.

Атам менің жүзінен нұр шашылған,
Атам менің жаралған бір асылдан.
Кетті енді, ол кісі оралмасқа,
Ағып өткен жұлдыздай көк аспаннан.

Қимай-қимай көзімнен жас ағады,
Сыздап жүрек кеудемді мазалады.
Айтқан сөзін сағындым, аппақ жүзін,
Кімдер келіп дертімді жаза алады.

Атам кетті сенбеймін шын, расына,
Өткен түні отырған, ол қасымда.
Күнде үйге асығып келгенімде,
Отырма деп қаламын, үй алдында.

Көрінбейді – ол рас кеткен екен,
Қабір іші дәл қазір оған мекен.
Адамзатты жаратқан Алла болса,
Қайтарып алатын да Алла екен.

Бала-шаға қимайды немересі,
Артында бар жалғасы, шөбересі.

Өзі кетіп артына тастап кетті,
Осы екен ғой өмірдің ережесі.

Атамды мен сағындым – ақ батасын,
Бір Алла деп бастайтын сөздің басын.
Мұхаммед – ол Алланың елшісі деп,
Біреу болса атам ол, айта алатын.
Бақилыққа әкетті қараша күз,
Жыламаймыз, өкініп қалайша біз.
15 бала өсіріп тәрбиелеп,
Қуанамыз, қалдырдың артыңда із.

Білім беріп, шәкірттің көзін ашқан,
Атам кетті бұл күнде – мұнлы аспан.
Әрбір басқан қадамың думанды еді,
Білесіз бе? Ата Сіз – жырлы дастан.

Қатты тиді осы сөз ауыр маған,
Қайтыс болды дегенде, сенің атаң.
Тек мен емес, қайғырып мен секілді,
Сіз кетті деп жылады бүкіл қалам.

Адасқанға жол беріп түзететін,
Адалдыққа баршаны үйрететін.
Өзіңсіз үй қаңырап, бос қалғандай,
Қиын екен қу жалған өтетінің.

ӘКЕ

Шалалықпен өмірде жүргенімде,
Ақылыңмен батаңды бердің әке.
Ел басқарар ұлым деп, сенім артып,
Қуандыңыз, өмірге келгенімде.

Көлеңкеңді өзіңнің саяладым,
Кездескен қиындыққа қарамадым.
Үмітінді жан әке ақтай алсам,
Орынсыз елден бөлек мақтамағын.

Өзіңе ұқсап мен бүгін адам болдым,
Жүріп келем, ізімен тура жолдың.
Мен үшін әкетайым орнын бөлек,
Бой түзейтін бәйтерек өзің болдың.

Әркімге де қымбатты әке керек,
Жол табуға біздерге болған себеп.
Мейірімін, иман жүз, жылы қабақ,
Жан екенсіз өмірде орны бөлек.

Әкемізбен шаңырақ шайқалмайды,
Суық күндер жылы боп, байқалмайды.
Әкелерсіз біз бала көңілдердің,
Бақшалары гүл болып жайқалмайды.

МЕН САРБАЗ

Иман толы жүректе, қолда қару,
Отан үшін парызым, отқа бару.
Мен сарбазбын, рухым биік тұрған,
Көк байрағым желбіре, көгімде ту.

Тыныш жатсын деп үйде ата-анам,
Күндіз-түні күзетте қадаламын.
Мен сарбазбын, қорғайтын елін, жерін,
Аманатқа қалдырған аталардың.

Таңда тұрып ертемен жүгіремін,
Шаршамаймын туған жер елім үшін.
Мен сарбазбын, бүгінгі ел қорғаны,
Қару алып бірінші аттанатын.

Қарамадым аязда тоңғаныма,
Елің қорғау сарбаздың ойларында.
Мен сарбазбын, ержүрек, Отаншылмын,
Махаббатын арнаған Отанына!

Сағат Мұрат Әбдіәзизұлы

МАЗМҰНЫ

I тарау АЯУЛЫ МЕКЕН – АРЫСЫМ	3
II тарау ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ	33
III тарау ДАНАЛЫҚ ӘЛІППЕСІ	59
IV тарау РУХАНИ МҰРА	72
V тарау ОЙМАҚТАЙ ОЙЛАР	83
VI тарау ЖАН СЫРЫМ	100
VII тарау ӘКЕ ЕСТЕЛІГІНЕН	137

ӘБДІСАТТАР ЖҮНІС

ҰСТАЗ ҮНІ

Редакторы **Марал ЖЕЛДІБАЙҚЫЗЫ**
Қате түзеуші **Іңкәр ТОҚТАРХАНОВА**
Беттеуші дизайнер **Ерлан БЕРДІБАЕВ**
Тех. редактор **Мереке ЕСЕНФҰЛОВА**



ИБ № 206

Басуға 06.04.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 10,0 шартты баспа табақ.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 206

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

